

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ
(Жаратылыстану факультеті)



АҚТӨБЕ, 2022



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Редакциясын басқарған Л.Ч. Қарабасова

Ақтөбе
2022

ББК 65.263.1

О - 14

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№5 хаттама, 25 ақпан 2022 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2022-2023 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2022. – 225б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Жаратылыстану факультетінің студенттеріне арналған және мамандықтар бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Дузмагамбетов Е. А., Жазымова М.С.

ISBN 9965-9658-5-6

о 4309000000
00(05)-05

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2022.
Ақтөбе қаласы, Ө.Молдағұлова даңғылы, 34

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Мамандықтар бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді қолданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. (23.07.2021 жылғы №362 өзгертулермен және толықтырулармен).
2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі. ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (06.05.2021жылғы №207 өзгертулермен және толықтырулармен).
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген. (29.12.2021 жылғы №614 өзгертулермен және толықтырулармен).
4. ҚР МЖМБС. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесі (ҚР МЖМБС. 5.05.001-2005).
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық Кеңесінің шешімдері.
6. Элективті пәндер каталогының ережесі (Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020ж.).

6B01505-Биология

2 курс

Қабылдау жылы: 2021 ж.

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 4. Қолданбалы биология және бағалау технологиясы, 17 академиялық кредит				
БП ЖОО	ВВМ 2203	Білім берудегі менеджмент	3	5
БП ЖК	ВОТ 2204	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	5
БП ЖОО	КВТН 2205	Қолданбалы биология топырақтану негіздері	4	5
БП		Педагогикалық практика	4	3
Модуль 5.1. Базалық биологиялық білім, 24 академиялық кредит				
БП ТК	OAMS 2206	Өсімдіктер анатомиясы, морфологиясы және систематикасы	3	5
БП ЖК	ВК 2207	Биологияға кіріспе	3	5
БП ТК	CG 2208	Цитология және гистология	3	4
БП ТК	AA 2209	Адам анатомиясы	4	5
БП ТК	Zoo 2210	Зоология	4	5
Модуль 5.2. Биологиялық мамандыққа кіріспе, 24 академиялық кредит				
БП ТК	КВОВ 2206	Құрылымдық ботаника және өсімдіктердің биоалуандылығы	3	5
БП ЖК	ВК 2207	Биологияға кіріспе	3	5
БП ТК	ZhDB 2208	Жеке даму биологиясы	3	4
БП ТК	AAIT 2209	Адам анатомиясының іріктелген тараулары	4	5
БП ТК	SZ 2210	Салыстырмалы зоология	4	5
Модуль 6.1. Адам, жануарлар және өсімдіктер физиологиясы, 15 академиялық кредит				
ЖББП ТК	OFD 2108	Оқушылардың физиологиялық дамуы	3	5
БП ТК	AZhF 2211	Адам және жануарлар физиологиясы	4	5
БП ТК	OF 2212	Өсімдіктер физиологиясы	4	5
Модуль 6.2. Академиялық адалдық, тірі ағзалар физиологиясы, 15 академиялық кредит				
ЖББП ТК	AA 2108	Академиялық адалдық	3	5
БП ТК	TAF 2211	Тірі ағзалардың физиологиясы	4	5
БП ТК	OODFN 2212	Өсімдіктердің өсуі мен дамуының физиологиялық негіздері	4	5

Модуль 5.1. Базалық биологиялық білім

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктер анатомиясы, морфологиясы және систематикасы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Базарғалиева А.А.

Қурсты оқытудың мақсаты: Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы курсының негізгі мақсаты өсімдік ағзасының бір тұтастығы және оның онтогенезі, клетка құрылысының ұлпа мен мүшелерінің құрылуы заңдылықтарын оқып –үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Систематикалық топтарадағы өсімдіктер морфологиясы мен (сыртқы құрылысын) анатомиясымен (ішкі құрылысын) және оның цитологиямен, физиологиямен және экологиямен байланысып, теориялық және қолданбалы мәнісімен, репродуктивтік биология негізімен таныстырады. Төменгі және жоғары сатыдағы әртүрлі систематикалық топтар өсімдіктерінің көбеюімен, өсімдіктердің әлемінің алуан түрлілігімен, анатомиялық және морфологиялық құрылысы ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: жалпы биология (мектеп курсы).

Постреквизиттері: Өсімдіктер физиологиясы, Өсімдіктердің өсуі мен дамуының физиологиялық негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) өсімдіктердің клеткалық және ұлпалық деңгейдегі ішкі құрылысы туралы, өсімдіктердің сыртқы және ішкі формалары туралы білім қалыптастыру;
- В) өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы туралы білімдерін практикада қолдану;
- С) өсімдіктердің құрылысы мен дамуы туралы қорытынды жасай алу қабілеті;
- Д) өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын білу;
- Е) тірі табиғатта болып жатқан процестер мен құбылыстар жөнінде, биологиялық жүйе ретінде өсімдіктер мен жануарлардың біртұтастығы туралы тұтас білім қалыптастыру.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Цитология және гистология

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Адманова Г.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттер клеткаларда жүретін негізгі заңдылықтарды түсінеді, осы білімге сүйене отырып медицина, ауыл-шаруашылығында, биотехнология салаларында қолдана алады. Клеткалар құрылысы мен және қызметтерімен терең танысып, ұлпа, ұлпалар классификациясын терең меңгереді. Өсімдіктер және жануарлар клеткаларының құрылысы мен физиологиясының негізгі заңдылықтары, жануарлардың ұлпалар жүйесінің құрылысы, қызметі, генезисі мен негізгі түрлерінің классификациясы және әртүрлілігі туралы түсініктерді қалыптастыру, ұлпалардың физиологиялық және репаративті регенерацияларының ерекшеліктері туралы теориялық білімді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жасушалар мен ұлпалардың биологиясы туралы заманауи идеяларды молекулалық биология, биохимия және эксперименталды биологиядағы соңғы әдістемелік тәсілдердің дамуының негізі ретінде таныстыру. Жануарлар мен адам ағзаларының жеке дамуының эмбриональды кезеңінің жалпы заңдылықтарын, клеткалардың бөліну түрлерін, клеткалардың химиялық құрамын, жануарлар мен адам тіндерінің дамуы мен қалпына келтіру ерекшеліктерін білу.

Пререквизиттері: жалпы биология (мектеп курсы).

Постреквизиттері: Адам және жануарлар физиологиясы, өсімдіктер физиологиясы, жеке даму биологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) жануарлар мен өсімдіктер клеткаларының қалыптасуының құрылымдық функционалдық принциптерін түсінуі;
- B) өсімдік, жануарлар және адам клеткаларының морфофизиологиясы мен классификациясын, гистогенез заңдылықтары мен регенерациясын оқып біледі;
- C) микроскоппен жұмыс жасау, препараттарды бояу және фиксациялау әдістерінің икем дағдыларын меңгереді;
- D) жарық микроскоппен жұмыс жасап, олардың көмегімен цитологиялық және гистологиялық препараттарын жұмыс жасай алады;
- E) ұлпалар типтерін анықтап, ажырата алу қабілетін меңгереді.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Адам анатомиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ биолог мамандарды адам ағзасының құрылысымен таныстыру мен қатар олардың жалпы биологиялық туралы көқарасын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам денесінің құрылысын, пішінін, қимылдарын, мүшелердің өзара қарым қатынасын зерттейтін жаратылыстану ғылымының бір саласы. Зерттеу бағыттарына сәйкес бірнеше сатылырға бөлінеді: жүйелі анатомия, топографиялық анатомия, салыстырмалы анатомия, түр анатомиясы, тұқым анатомиясы, жас анатомиясы, қалыпты анатомия, сырқаттық анатомиясы, микроскопиялық анатомия.

Пререквизиттері: жалпы биология (мектеп курсы).

Постреквизиттері: Адам және жануарлар физиологиясы, Тірі ағзалардың физиологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) аталған сала бойынша заманауи элементтерді пайдалана отырып игерілген білімді көрсете білу;
- B) алынған білімді кәсіби деңгейде қолдану;
- C) анатомияны меңгеру барысында студент білуі тиіс: адам денесінің құрылысын, жеке мүшелер мен мүшелер жүйесінің құрылысы мен құрамын, гигиенаны сақтау және адам денсаулығын сақтаудағы емдік шаралар;
- D) схемалар, табиғи анатомиялық және гистологиялық препараттар, таблицалар, моделдер, муляждармен жұмыс жасауда практикалық дағдыларды игеру;
- E) адам анатомиясы адам организмінің құрылысы мен оның даму заңдылықтарын қоршаған ортамен байланыстыра отырып зерттейтін ғылым.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Зоология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Жануарлар әлемінің табиғаттағы маңызы, алуантүрлілігі әлемдегі таралу жағдайлары және жануарлар әлеміндегі таксондардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Биологияның негізгі концепцияларын, әдістерін және оның даму болашағын; жануарлардың көптүрлілігін және олардың қалыптасуының негізгі заңдылықтарын; әртүрлі топтардың биологиялық прогресі немесе регресінің себептерін; органдар жүйелерінің құрылысы мен морфологиясын, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың негізгі таксондарының систематикасы мен эволюциясын; жануарлардың экологиялық жүйелердегі орны мен ролін; олардың шаруашылықтық, медициналық және кәсіптік маңызын игереді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Цитология және гистология.

Постреквизиттері: Салыстырмалы зоология, Адам және жануарлар физиологиясы. **Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) жануарлардың көп түрлігін, олардың сыртқы және ішкі құрылысын, тіршілік ету ортасы мен өзара қарым-қатынасын, тану және оны игеру;
- В) таралуын, тарихи даму заңдылықтарын, шығу тегін, дамуынтани алады;
- С) биосферадағы және адам өміріндегі орнын білуі тиіс;
- Д) жануарлардың көптүрлілігін және олардың қалыптасуын білуі тиіс;
- Е) жануарлардың табиғаттағы орнын, маңыздылығын сипаттай алады.

Модуль 5.2. Биологиялық мамандыққа кіріспе

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Құрылымдық ботаника және өсімдіктердің биоалуандығы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Атаева Г.М.

Қурсты оқытудың мақсаты: Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы курсының негізгі мақсаты өсімдік ағзасының бір тұтастығы және оның онтогенезі, клетка құрылысының ұлпа мен мүшелерінің құрылуы заңдылықтарын оқып – үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курста ботаниканың қазіргі ғылыми жетістіктері мен жинақталған білімге жүгіне отырып өсімдіктердің құрылыстық ерекшеліктерімен, өсу және даму заңдылықтарымен, өсімдіктердің биоалуандылығымен танысады. Өсімдік клеткалары мен ұлпаларының, тамыр және өркендер жүйесінің морфологиясы және анатомиясы, өсімдіктердің морфологиялық эволюциясының басты бағыттарын, көбею мен ұрпақ жалғастырудың биологиялық негізін, олардың жастық және маусымдық өзгерістерін біледі.

Пререквизиттері: жалпы биология (мектеп курсы).

Постреквизиттері: Өсімдіктер физиологиясы, Аймақтық флористика, Сәндік көгалдандыру, ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру негіздері, Гүл шаруашылығы ландшафттық дизайн негіздерімен.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) өсімдіктердің клеткалық және ұлпалық деңгейдегі ішкі құрылысы туралы, өсімдіктердің сыртқы және ішкі формалары туралы білім қалыптастыру;
- В) өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы туралы білімдерін практикада қолдану;
- С) өсімдіктердің құрылысы мен дамуы туралы қорытынды жасай алу қабілеті;
- Д) өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын білу;
- Е) Тірі табиғатта болып жатқан процестер мен құбылыстар жөнінде, биологиялық жүйе ретінде өсімдіктер мен жануарлардың біртұтастығы туралы тұтас білім қалыптастыру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Жеке даму биологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Бисалыева Р.Н.

Қурсты оқытудың мақсаты: Жануарлардың ұрықтық дамуындағы морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық өзгерістер туралы түсініктерді қалыптастыру, жануар эмбриогенезіне сыртқы және ішкі факторлардың әсерін талдау, жануарларды клондау, ұлпалар мен мүшелерді бағана клеткалардан өсіру салаларында жеке даму биологиясының жетістіктерін қолдану мүмкіндіктерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жануарлар эмбриогенезінің морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық өзгерістері туралы түсінігін қалыптастырады. Жануарлар эмбриологиясының жетістіктерімен практикада танысу мүмкіндігі, соның ішінде медицина, ауылшаруашылық, жануарларды клондау, бағаналы ұлпалардың тіндерімен мүшелерді өсіруде пайдаланылады. Салыстырмалы жануарлардың эмбриологиясы соматикалық омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың эмбриогенездегі даму ерекшеліктерінің зерттеп оқытумен қатар постнатальдық даму кезеңдерінің заңдылықтарын көрсетеді

Пререквизиттері: жалпы биология (мектеп курсы).

Постреквизиттері: адам анатомиясы, салыстырмалы зоология, орнитология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) әртүрлі топтағы жануарлар гаметогенезінің ерекшеліктері, жеке дамудың негізгі кезеңдерін тнуға біліктілігін көтереді;
- В) жануарлар салыстырмалы эмбриологиясының мәселелері, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың соматикалық эмбриогенезі, постнатальды дамудың негізгі заңдылықтарына дағдыланады;
- С) гаметалардың морфологиясы мен физиологиясы түсінеді;
- Д) омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың соматикалық эмбриогенезі, постнатальды дамудың негізгі заңдылықтары туралы білімді практикада пайдалана білу;
- Е) даму сатыларын тұрақты препараттар арқылы зерттеу, зерттелген нысандарды суреттей алу. эмбриогенез туралы білімді іс жүзінде қолдана алу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Адам анатомиясының іріктелген тараулары

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.

Курсты оқытудың мақсаты: Анатомия тірі организмдердің үлкейткіш аспаптардың көшегінсіз көзге көрінетін құрылысын зерттейтін іргелі биологиялық морфологияның білімі. Зерттеу нысандарына байланысты медицинада қолданылып жүрген әдістерді үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам денесінің құрылысын, пішінін, қимылдарын, мүшелердің өзара қарым қатынасын зерттейтін жаратылыстану ғылымының бір саласы. Зерттеу бағыттарына сәйкес бірнеше сатылырға бөлінеді: жүйелі анатомия, топографиялық анатомия, салыстырмалы анатомия, түр анатомиясы, тұқым анатомиясы, жас анатомиясы, қалыпты анатомия, сырқаттық анатомиясы, микроскопиялық анатомия.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Жалпы биология.

Постреквизиттері: Адам және жануарлар физиологиясы, Тірі ағзалардың физиологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) қызметіне байланысты мүшелер құрылымының өзгеруі, жасқа сай ерекшеліктері, мүшелер жүйелерінің жалпы сипаттамалары, морфологиялық зерттеу әдістері туралы түсініктер беру;

В) қалыпты жағдайда жасушалар, ұлпалар, мүшелер және ағза жүйелерінің қызметімен байланысты құрылысын білу;

С) әртүрлі анатомиялық препараттарда, муляждарда, таблицалар мен атластарды адам ағзасының негізгі құрылымдарын танып тірі адамда олардың орналасу арақатыстығын белгілеуді істеу білу;

Д) әртүрлі мүшелер мен ұлпалардың микропрепараттарын жасап микроскоп арқылы қарастыруды істей білу;

Е) алынған білімді тәжірибелік іс-әрекетінде, келешекте басқа биологиялық пәндерді игеруде, өткен материалды талдау мен синтездеуге, адам ағзасының қалыптасуының себептерін ашу мен бөліп шығаруға дағдылана білуі.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы: Салыстырмалы зоология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Жануарлар әлемінің табиғаттағы маңызы, алуантүрлілігі әлемдегі таралу жағдайлары және жануарлар әлеміндегі таксондардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Салыстырмалы зоология» курсы кәсіби бағытталған курс. Бұл курс заманауи зоологиялық ғылым тұрғысынан, эволюция теориясы тұрғысынан омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың негізгі топтарының құрылымын салыстырмалы түрде қарастырады, сондай-ақ омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың әр түрлі топтарында анатомиялық және морфологиялық құрылымдарды қалыптастырудың негізгі жолдары туралы сұрақтарды түсіндіреді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Цитология және гистология.

Постреквизиттері: Орнитология, Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер биоалуантүрлілігі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) жануарлар систематикасы, олардың түрлерін және туыстық (эволюциялық) байланыстар негізінде табиғи топтар бойынша таралуын (классификация) сипаттай білуі тиіс;

В) жануарлардың топтарға (таксондарға) бөлінуі және бұл топтардың туыстық байланыстарын біледі;

С) морфологиялық белгілер бойынша дараның түрге, тұқымдастыққа, отрядқа қатыстылығын анықтау білуі тиіс;

Д) климаттық ерекшеліктеріне байланысты түрлеріне сипаттама білуі тиіс;

Е) қазақстан территориясында мекендейтін жануарлардың класстарын, негізгі отрядтарын, олардың белгілерін және тән өкілдерін сипаттай алады.

Модуль 6.1. Адам, жануарлар және өсімдіктер физиологиясы

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е).

Пәннің атауы: Адам және жануарлар физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.,

Курсты оқытудың мақсаты: Тірі ағзалардың филогенездік және жеке онтогенездік дамуын, тәршәлек функцияларының негізін түсіндіру арқылы студенттерді тіршілік процестерін дұрыс басқару, бағыттау әдістерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам және жануарлар физиологиясы бүтін организмнің өмір сүруін, физиологиялық жүйені, органдардың, жасушалардың және жеке клеткалық құрылымдарды зерттейді. Физиологиялық міндеті-адамның немесе жануарлардың өмір сүру кезеңіндегі болып жатқан функцияны, фактты орнату ғана емес ең бастысы бұл функция қандай механизмнің көмегімен жүзеге асатынының қандай мақсатта жүргізілетінін анықтау.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология, Адам анатомиясы.

Постреквизиттері: Жеке даму биологиясы, Адам биологиясы, Адам экологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) осы пән мазмұны арқылы биология мамандығының түлегі жалпы биологияның және физиологияның қазіргі проблемаларын шешу жолдарын;

В) постреквизиттерінде аталған ғылым салаларымен байланыстыра отырып болашақ дамуын, оқытудың негізгі әдістерін, педагогикалық ерекшеліктерімен байланыстыруды; С) Муляждар, қаңқалар, таблицалар, схемалар, микроскоптар, тест жұмыстары арқылы практикалық дағдыларды қалыптастыру;
D) ағзаның қалыпты физиологиялық көрсеткіштерімен негізгі физиологиялық процестер сипаттамасын білу;
E) тірі жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету механизмін түсініп, физиологиялық зерттеулер дағдысын меңгеру.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктер физиологиясы

Бағдарлама авторы: к.б.н., доцент Атаева Г.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді өсімдік физиологиясының ғылымдар системасындағы орны, даму кезеңдерімен таныстыру. Өсімдік клеткаларындағы физиологиялық процестерді толық меңгеріп, өсімдіктердің өсу мен дамуына әсер ететін қосымша факторларды сипаттай алу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өсімдіктер физиологиясы - өсімдік ағзаларының функционалдық белсенділігі туралы ғылым. Беріліп отырған ғылым негізгі физиологиялық процестерде синтезделетін метаболиттердің ролін (фотосинтез, тыныс алуда, минералды қоректенуде, аралық зат алмасуда және т.б.) және өсімдік ағзаларында өсуі мен дамуына қатысымын ашады. Өсімдіктердегі әртүрлі деңгейде жүретін процестерді зерттейді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Ботаника, Биохимия.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биогеографиясы, Аймақтық флористика, Салыстырмалы флористика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) курстың алға қойған мақсаты кәсіби биологиялық әрекет аясында білім, білік, дағдыны қалыптастыру;

B) курсты меңгергеннен соң студент келесі ұғымдар жайлы түсінік қалыптастыруы тиіс: өсімдік клеткаларының, ұлпааларының химиялық және биохимиялық құрамы; өсімдік клеткасының құрылысы мен ұлпалық құрылымы туралы (су режимі, фотосинтез, тыныс алу, минералдық қоректену);

C) пәнді оқу барысында өсімдіктердің тіршілігіне қажетті минералдық элементтердің әсерін анықтау машықтарын игеруі;

D) Өсімдіктер тіршілігіндегі заңдылықтардың жалпы жағдайы, негізгі биологиялық процестер арасындағы байланысты және бұл процестердің қоршаған ортамен байланысын анықтау;

E) Жұмыстың практикалық дағдысын, негізгі физиологиялық процестерді зерттеу дағдысын меңгеру. Процестерді көрсету және олар туралы айтуды үйрену.

Модуль 6.2. Академиялық адалдық, тірі ағзалар физиологиясы

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Тірі ағзалардың физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты тірі ағзалар физиологиясын ботаника, зоология және физиология, микробиологиялық ұғымдары, әдістерді, осы ғылымдар саласындағы құбылыстар, заңдылықтарымен үрдістерді оқыту арқылы, оны кәсіби іс-әрекетіндегі кездесетін проблемаларды шешуде пайдалана білуге үйрету. Болашақ биологтарды тірі ағзалардың биосферадағы алатын орнын, атқаратын рөлі, физиологиясын және микробтар әлемінің физиологиялық аспектілерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста тірі ағзаның механикалық, физикалық және биохимиялық функциясы анықталады. Тірі ағза мен физиологиялық жүйелерінің, ағзалардың, тіндердің, жасушалардың қызметін зерттейтін ғылым. Бұл пәннің мәселелері: ағзалардың бір-біріне әсерін, өзара байланысын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын қарастырады. Бұл пән анатомия, циология және гистологиямен байланысты.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология, Адам анатомиясы.

Постреквизиттері: Жеке даму биологиясы, Адам биологиясы, Адам экологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) курсты оқып-үйренудің, нәтижесінде студент төмендегілерді іске асыра білуге тиіс;

B) табиғаттағы микроорганизмдердің орнын және оларда сыртқы орта факторларының әсерінен туындайтын өзгерістерді ажыратып, бағалай білуді айқындау;

C) табиғаттағы жануарлардың құрылысы мен тіршілік ерекшеліктерін және сыртқы орта факторлары мен байланысын бағалай білуді айқындау;

D) табиғаттағы өсімдіктердің түрлері мен клеткалық құрылыс ерекшеліктері және олардың өсу даму процестері білу. Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдердің құрылыстарын және тіршілік ету ерекшеліктерін түсіндіру;

E) табиғи ортада микробтар мен бактериялар және микроорганизмдердің түрлерінің, жануарлардың түрлері мен класстарының табиғи ортадағы байланысын түсіну.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктердің өсуі мен дамуының физиологиялық негіздері

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Атаева Г.М..

Курсты оқытудың мақсаты Өсімдіктер клеткасына судың, тұздың ену механизмі (су потенциалы, тургорлық потенциал және т.б.) мен жолдарын (пассивті және активті қабылдау, мембрана - потенциалының маңызы) түсіндіреді. Фотосинтез жолдарының алуан түрлілігін, пигменттердің қозу деңгейлерін, фотосинтетикалық фосфорилдену процестерін, өсімдіктердің біртұтастығын сипаттайды. Өсімдік организмін дұрыс түсінуге, онтогенез процесінде өсімдік организмнің физиологиялық қасиеттерінің өзгеру принциптеріне үйретеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өсімдіктер клеткасына судың, тұздың ену механизмі (су потенциалы, тургорлық потенциал және т.б.) мен жолдарын (пассивті және активті қабылдау, мембрана - потенциалының маңызы) түсіндіреді. Фотосинтез жолдарының алуан түрлілігін, пигменттердің қозу деңгейлерін, фотосинтетикалық фосфорилдену процестерін, өсімдіктердің біртұтастығын сипаттайды. Өсімдік организмін дұрыс түсінуге, онтогенез процесінде өсімдік организмнің физиологиялық қасиеттерінің өзгеру принциптеріне үйретеді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Ботаника, Биохимия.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биогеографиясы, Аймақтық флористика, Салыстырмалы флористика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) курстың алға қойған мақсаты кәсіби биологиялық әрекет аясында білім, білік, дағдыны қалыптастыру;

В) курсты меңгергеннен соң студент келесі ұғымдар жайлы түсінік қалыптастыруы тиіс: өсімдіктердің өсуі және дамуы, төзімділігінің жалпы принциптерін білу;

С) өсімдік организмнің физиологиясын, организмдегі барлық физиологиялық процестердің өзара байланыстылығын дұрыс түсіну;

Д) өсімдіктердің өсуі мен дамуының физиологиясын өз бетінше анықтау үшін түрлі әдістерді қолдану. Ғылыми зерттеу жүргізудің практикалық дағдысын қалыптастыру;

Е) негізгі физиологиялық процестерді зерттеу дағдысын меңгеру, өсімдіктер клеткасының химиялық заттары және олардың өзгерулері, процестерді көрсету және олар туралы айтуды үйрену.

6B01505-Биология

3 курс

Қабылдау жылы: 2020 ж.

Компонент (МК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 7. Арнайы педагогикалық білім, 18 академиялық кредит				
БП ЖОО	IBB 3213	Инклюзивті білім беру	5	4
БП ЖК	BVM 3214	Білім берудегі менеджмент	5	5
БП ЖК	BOA 3215	Биологияны оқыту әдістемесі	5	6
КП		Педагогикалық практика	6	3
Модуль 8.1. Академиялық жазу, генетика, және эволюциялық ілім 15 академиялық кредит				
БП ТК	Gen 3216	Генетика	6	5
БП ТК	EI 3217	Эволюциялық ілім	6	5
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
Модуль 8.2. Академиялық жазу, эволюция теориясы және генетика негіздері 15 академиялық кредит				
БП ТК	SGN 3216	Селекцияның генетикалық негіздері	6	5
БП ТК	ET 3217	Эволюция теориясы	6	5
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
Модуль 9. Оқыту процесін интернационалдыру, цифрлау және антропология, 9 академиялық кредит				
КП ЖК	BITSR 3302	Биологиядағы IT және цифрлық ресурстар	5	5
КП ЖК	Ant 3303	Антропология	6	4
Модуль 10.1. Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі, топырақ биологиясы және ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру 17 академиялық кредит				
КП ТК	OBVZhMO A 3305	Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі	5	5
БП ТК	TB 3218	Топырақ биологиясы	6	4
КП ТК	SKLZhUN 3306	Сәндік көгалдандыру, ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру негіздері	6	4
КП ТК	MVTZhA 3307	Мектепте биологиялық тәжірибелерді жүргізу әдістемесі	6	4
Модуль 10.2. Критеральді бағалау, топырақтану және ландшафты дизайн негіздері				

17 академиялық кредит				
КП ТК	ZhBBKBA 3305	Жаңартылған білім бағдарламасындағы критеральды бағалаудың әдістемесі	5	5
БП ТК	TGN 3218	Топырақтану және геология негіздері	6	4
КП ТК	GShLDN 3306	Гүл шаруашылығы ландшафттық дизайн негіздерімен	6	4
КП ТК	BSTZhU 3307	Биологиядан сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру	6	4

Модуль 8.1. Академиялық жазу, генетика және эволюциялық ілім

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Генетика

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Кеубасова Г.У.

Курсты оқытудың мақсаты: Селекцияның генетикалық негіздері пәнін оқып білуде бағдарламаға сай студенттер теориялық білімін тәжірибелермен ұштастырып, тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан-жақты зерртеп, өзгергіштік түрлерін анықтау, пайда болу себептерін бақылап, есеп жүргізу, зертханалық жұмыстарды жүргізуді меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам ағзасының тұқым қуалайтын және өзгергіштік механизмдері мен заңдылықтарының биологиялық негіздерін, физикалық және ақыл-ой дамуы бұзылыстарының тұқымқуалау формаларын, оларды уақтылы диагностикалау және түзету әдістерін, селекция негіздерін игереді. Адамда тұқымқуалайтын патологияның негізгі түрлерімен, тұқымқуалаушылыққа бейімді гендік, хромосомалық және геномдық аурулар ерекшеліктерімен таныстыру.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, цитология және гистология, жеке даму биологиясы.

Постреквизиттері: Селекцияның генетикалық негіздері, молекулалық биология, биотехнология негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) тұқым қуалаушылық, сұрыптау заңдылықтарын және жаңа сорттар мен будандарды алу жолдарын үйренеді;
- В) селекцияның әдістері мен принциптерін биология ғылымдарының барлық жүйесінде қолдану тәсілдерін игереді;
- С) курста клетка құрылымы мен органеллалардың қызметіне көп көңіл бөліп, генетикалық процесстердің молекулалық механизмдерін талдай алады;
- Д) ғылыми зерттеулердің ғылыми ізденушілік қабілеттері жаңа сорттар мен будандар алуда көмегін тигізеді;
- Е) гендік инженерия, биотехнология мәселелерін кәсіби деңгейде игеруді үйренеді.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Эволюциялық ілім

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Эволюциялық ілім арқылы студенттерде диалектикалық материалистік көзқарас қалыптастыру биологиялық ойлау қабілетін арттыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Эволюциялық ілім» курсы комплексті пән, негізгі биологиялық пәндердің ақырғы циклі, жаратылыстану және биологиялық ғылымдарының білімін жүйелендіруге бағытталған. «Эволюциялық ілім» курсы палеонтология мен археологияның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, эволюциялық биология аумағындағы классикалық жұмыстарын зерттей отырып, микроэволюция және макроэволюция ұғымдары мен биологиядағы проблемалардың қазіргі жағдайымен таныстырады.

Пререквизиттері: Микробиология және вирусология негіздері, Жеке даму биологиясы, Қазақстан биоресурстары, Генетика.

Постреквизиттері: Антропология, Молекулалық биология, Эволюцияның қазіргі жағдайы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) тірі ағзалардың тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық дамуын оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгереді;
- В) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын тани алады;
- С) эволюциялық даму мен селекция негіздерін қолдана білуі тиіс;
- Д) жануарлар әлемінің эволюциясындағы әртүрлі топтардағы жануарлардың маңыздылығын анықтауға қолдана білуі тиіс;
- Е) интернет жүйесіндегі биологиялық ақпараттарды өз бетімен өндеуге үйренеді.

Модуль 8.2. Академиялық жазу, эволюция теориясы және генетика негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Селекцияның генетикалық негіздері

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Кеубасова Г.У.

Курсты оқытудың мақсаты: Селекцияның генетикалық негіздері пәнін оқып білуде бағдарламаға сай студенттер теориялық білімін тәжірибелермен ұштастырып, тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан-жақты зерртеп, өзгергіштік түрлерін анықтау, пайда болу себептерін бақылап, есеп жүргізу, зертханалық жұмыстарды жүргізуді меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Селекция ғылымының жетістіктері кеңінен сипатталады, себебі адам үшін тұқымқуалаушылық, сұрыптау заңдылықтарын және жаңа сорттар мен будандарды алуға мүмкіндік береді. Генетикалық материалдың өзгергіштігін сипаттап, генетикалық процестердің молекулалық механизмдерін талдайды. Тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан жақты зерттеп, өзгергіштік түрлерін анықтайды, пайда болу себептерін бақылап, есеп жүргізеді, зертханалық жұмыстарды жүргізуді меңгертеді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Цитология және гистология, Генетика.

Постреквизиттері: Молекулалық биология, Биотехнология негіздері, Популяциялық генетика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) тұқым қуалаушылық, сұрыптау заңдылықтарын және жаңа сорттар мен будандарды алу жолдарын үйренеді;
- B) селекцияның әдістері мен принциптерін биология ғылымдарының барлық жүйесінде қолдану тәсілдерін игереді;
- C) курста клетка құрылымы мен органеллалардың қызметіне көп көңіл бөліп, генетикалық процестердің молекулалық механизмдерін талдай алады;
- D) ғылыми зерттеулердің ғылыми ізденушілік қабілеттері жаңа сорттар мен будандар алуда көмегін тигізеді;
- E) гендік инженерия, биотехнология мәселелерін кәсіби деңгейде игеруді үйренеді.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E).

Пәннің атауы: Эволюция теориясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Эволюция теория студенттерде диалектикалық материалистік көзқарас қалыптастыру биологиялық ойлау қабілетін арттыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Барлық деңгейлерде өмірдің үздіксіздігі үдерістері туралы жүйелі білімді, генетиканың әртүрлі бөлімдерінің заманауи жетістіктеріне негізделген тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтарды, эволюциялық процестің негізгі заңдары туралы идеяларды қалыптастыру. Эволюциялық идеялардың биологиялық әлемдегі рөлін, эволюция теориясының негіздері туралы, микро- және макроэволюция туралы қазіргі заманғы идеяларды түсіну;

Пререквизиттері: Микробиология және вирусология негіздері, Жеке даму биологиясы, Генетика.

Постреквизиттері: Антропология, Молекулалық биология, Эволюцияның қазіргі жағдайы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) тірі ағзалардың тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық дамуын оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгереді;
- B) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын тани алады;
- C) эволюциялық даму мен селекция негіздерін қолдана білуі тиіс;
- D) жануарлар әлемінің эволюциясындағы әртүрлі топтардағы жануарлардың маңыздылығын анықтауға қолдана білуі тиіс;
- E) интернет жүйесіндегі биологиялық ақпараттарды өз бетімен өндеуге үйренеді.

Модуль 10.1. Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі, топырақ биологиясы және ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каирова А.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Жаһандану мен білім беруді интернационалдырудың заманауи жағдайларында дидактиканың негізгі принциптері мен ережелерін қарастырудың қажеттілігі білім берудің заманауи стратегиялық міндеттерімен, халықаралық стандарттарды, адам ресурстарын дайындау сапасы тәуелді педагогикалық кадрлердің бәсекеге қабілеттілігі, кәсібилігі мен біліктілігін күшейтуді ескеретін білім берудің деңгейі мен сапасын жоғарылату қажеттілігімен анықталады. Курс барысында жаңартылған білім мазмұнын оқу үдерісіне енгізуге бағытталған әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі өзгерістерді, ақпараттарды, педагогикалық әдіс-тәсілдер негіздемесін өз тәжірибесінде қолдана алатындай педагогикалық шеберлігін жетілдіру, жаңартылған оқу-бағдарламаларының мақсат-міндеттерімен, құрылымы және мазмұнымен таныстыру, жаңартылған оқу мазмұнына сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалын түсіну және қолдана білуін қамтамасыз ету, жаңартылған орта білім беру мазмұнын оқу процесіне енгізудің практикалық іс-әрекетіне бағытталған білік, дағдыларын қалыптастыру, оқу процесін ұйымдастыруда кәсіби біліктілігін жетілдіру қарастырылған.

Пәннің қысқаша мазмұны: Білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу контекстінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Жаңартылған бағдарлама – жаңа тәсілдер,

әдістер, стратегиялар, критериалды бағалау (әзірленген өлшемдер бойынша бағалау), жоспарлаудың жаңа нысандары (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді), бағалаудың жаңа тәсілдері (формативті және жиынтық), акт қолдану, қазіргі үш тілділік бағдарламасының негізі болып табылады.

Пререквизиттері: Педагогика, Оқытудағы жаңартылған тәсілдер, Биологияны оқытудың әдістемесі.

Постреквизиттері: 12 жылдық білім берудің педагогика-психологиялық негіздері, Жаңа білім беру теориясы мен практикасы, Биологиядағы IT және цифрлық ресурстар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) оқыту (білім беру) ғылым ретінде заманауи дидактиканың теориялары мен әдіснамалары;
- B) оқытудың түрлі ұйымдастырушылық формаларының ерекшеліктері;
- C) оқыту қағидалары, оқыту әдістері арасындағы айырмашылықтарды;
- D) инновациялардың жалған жаңалықтардан айырмашылығын;
- E) білім сапасын бағалаудың, білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудың заманауи әдістемелерін пайдалана отырып, білім беру мекемесінің әдістемелік жұмыстарына араласуды, білім беру үдерісінің тиімділігін талдау мен бағалауды, жүйелік негізде басқару мен көшбасшылық, практикалық қызметте түрлі әдіснамалық тәсілдерді меңгеруді игереді.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Топырақ биологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Адманова Г.Б.

Курстың оқытудың мақсаты: Топырақты биологияның мәселелерін зерттеу объектісі қазіргі кездегі мәселелерді шешудегі ролін жүйенің тұрақтылығын зерттейді. Топырақты биологияның даму кезеңіндегі ерекшеліктерін, теориялық концепцияларды, әдістерді өндейді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың негізгі ерекшелігі бұл ғылым саласының күрделілігі. Онда жоғары және төменгі организмдер, өсімдіктер, омыртқалы және омыртқалы жануарлар бар. Тірі әлемнің күрделілігі көпжақты және негізгі элементтер айналасындағы биота ролі туралы, жердің жоғары бөліміндегі органикалық заттардың ыдырауы және түрленуі туралы гумустың түзілуі мен ыдырауы туралы білім алады.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Геоботаника, Ауылшаруашылық негіздері.

Постреквизиттері: Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Ауылшаруашылық фитопатологиясы, Ауылшаруашылық биотехнологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс;
- B) топырақтың адам тіршілігіндегі мағынасы және биосферадағы орны;
- C) биологиялық алуантүрлілікті сақтауда топырақтың мағынасы; жер бетіндегі топырақтың зоналық таралуының заңдылықтары;
- D) топырақ түзілу құбылысы, топырақтың қасиеттері және экологиялық факторлардың әсері; топырақ ресурстарын рационалды пайдалану және қорғау жолдары;
- E) алынған білімді практикада қолдана білу; топырақты – экологиялық зерттеу әдістерімен пайдалану.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Сәндік көгалдандыру, ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру негіздері

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Утарбаева Н.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге сәндік көгалдандыру негіздері, ландшафттық жұмыстарды ұйымдастыру және бақ-саябақ өнерінің негізгі бағыттары бойынша теориялық білім мен дағды беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Эстетикалық ландшафттық ресурстардың тұжырымдамасы. Ландшафттық дизайндағы эстетикалық бағытты сәндік көгалдандыру, ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру негіздерімен байланыстыру. Пейзаждық өнер. Ландшафттық дизайнның пайда болуы және дамуы. Ландшафт сәулетіндегі дизайнның ролі. Ландшафтты жобалаудың негізгі құралдары. Қаланың ландшафттық дизайны міндеттері. Қаланы абаттандыру жүйесі. Ландшафттық сәулет объектілерін көгалдандыру

Пререквизиттері: Ботаника, Өсімдіктер биоалуандылығы, Қазақстан биоресурстары, Аймақтық флористика.

Постреквизиттері: Ауылшаруашылық негіздері, Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Жылыжай шаруашылығы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) көгалдандыруға барынша құнды, сәндік және төзімді ағаш және бұталы өсімдік түрлерін білу;
- B) көгалдандыруға ұсынылатын сәндік өсімдіктеріне сынау жұмыстарын жүргізе білу;
- C) физиологиялық дамуы және биоморфологиялық көрсеткіштері бойынша ерекшеліктерін салыстыра білу;
- D) қаласы жағдайында жақсы интродуценттелетін сәндік-бұталы өсімдік түрлерін іріктей білу;
- E) жергілікті климаттық жағдайға төзімді ағаш, бұталы өсімдіктер мен гүлдер түрлерін таңдай білу.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E).

Пәннің атауы: Мектепте биологиялық тәжірибелерді жүргізу әдістемесі

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каирова А.Т

Курсты оқытудың мақсаттары: Білім алушылардың мектепте биологиялық тәжірибелік жұмыстарды жүргізудің ерекшеліктері мен әдістері туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Мектептегі биологиялық тәжірибелерді жүргізу әдістемесі-биология бойынша қосымша сабақтарды және сабақтан тыс шараларды ұйымдастыруға көмектеседі. Оқу процесінде биологиялық тәжірибелердің маңыздылығы зерттеледі. Мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскелерінде оқушылардың тәжірибе жұмыстары. Мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскесіндегі фенологиялық бақылау. Далалық тәжірибе әдістемесі. Мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскесінде далалық жұмыстарды жүргізу.

Пререквизиттер: Биологияны оқыту әдістемесі, Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Педагогика.

Постреквизиттері: Үздіксіз және педагогикалық практика, Диплом алды іс-тәжірибе, дипломдық жоба, Биологиядан сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) мектептегі биология сабағындағы эксперимент жасаудың ерекшеліктері мен әдістерін біледі;
- B) биологиялық эксперименттер жүргізу және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді;
- C) жануарлар мен өсімдіктерге бақылау жүргізу, ағзалардың тіршілік функцияларын оқып үйрену, фенологиялық бақылау жүргізу, оқу-тәжірибе алаңдарында зертханалық және практикалық сабақтарды өткізудің тиімді әдістерін игереді;
- D) теориялық білімін практикада және экспериментальдық зерттеулерде қолдана алады;
- E) биологиялық экспериментті ұйымдастыру және дайындау және жүргізу, ғылыми баяндама және мақала түрінде қорындыларын көрсете алады.

Модуль 10.2. Критеральді бағалау, топырақтану және ландшафты дизайн негіздері

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Жаңартылған білім бағдарламасындағы критериальды бағалаудың әдістемесі

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Саримбаева Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән бойынша оқу бағдарламасы жаңарту және критериальды бағалау жүйесін енгізу мәнмәтінінде болашақ мұғалімдердің педагог шеберлігін жегіндіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Критериальды бағалау - бұл оқушылардың оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық қалыптасқан, білім беру процесінің барлық қатысушыларына (оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, ата-аналарға, заңды өкілдеріне және т. б.) алдын ала белгілі, оқушылардың оқу – танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру мазмұны мен мақсатына сәйкес өлшемдермен салыстыруға негізделген процесс.

Пререквизиттері: Педагогика және тәрбие теориясы, Психология, Биологияны оқыту әдістемесі.

Постреквизиттері: Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі, Оқытудағы жаңа тәсілдер, Бағалаудың өлшемдік технологиялары.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) білім беруде бағалау іс-әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдану мүмкіндігін қалыптастыру;
- B) бағалау жүйесін оқып танылу барысында туындаған проблемаларды оңтайлы шешуі;
- C) бағалау жүйесіндегі қазіргі бағыттың бірін анықтай білу;
- D) іріктеліп алынған критерийлер мен көрсеткіштерді бағалау арқылы, олардың маңызды сипаттамасын беру;
- E) критериальды бағалау оқушылардың білім сапасын бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдендіру құрамы ретінде пайдалану дағдылары.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Топырақтану және геология негіздері

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Туралин Б.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Табиғатты қорғауда қолданбалы биология және топырақтану негіздері пәнінің маңызын көрсете білуге қажет білім, іскерлік, дағдылармен қаруландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Топырақтың құрылымы, құрамы мен қасиеттері туралы білімді қалыптастыру; Географиялық таралу үлгілері; құнарлылықты бағалау әдістемесі, картаға түсіру. Геология негіздерін, оқу үрдісінің схемасын меңгеру, морфологиялық ерекшеліктерін тануға үйрету; жіктеу қағидаттары, негізгі түрлері, олардың құрылымы, құнарлылығы және ауылшаруашылықты пайдалану туралы білімді алу;

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Геоботаника, Ауылшаруашылық негіздері.

Постреквизиттері: Аймақтық флористика, Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Топырақ биологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) топырақтың морфологиялық, түрлерімен таныстыру;
- B) негізгі биологиялық түсініктерді меңгеру қабілеттілігі, органикалық әлемнің даму заңдылықтары мен заңдарын білу;
- C) адам және жануар, өсімдіктер жүйесі және әртүрлі мүшелердің физиологиялық механизмін жұмысы және биологиялық процестердің химиялық негіздерін түсіндіру қабілеттілігі;

- Д) білімнің жалпы жүйелік негізін демонстрациялау - мүшелер жүйесінің фило-онтогенетикалық дамуының морфологиялық негіздері, жануарлардың әртүрлі азықтық деңгейін анықтау;
- Е) топырақтық организмдерді білу, оларды жүйелеудегі ерекшеліктері және морфологиясы, микробтық зат алмасу ерекшеліктерін білу.

Дублинские дескрипторы А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Гүл шаруашылығы ландшафттық дизайн негіздерімен

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Утарбаева Н.А.

Курсты оқытудың мақсаты: гүл шаруашылығы, ландшафттық дизайн туралы біртұтас түсінікті, білім мен іскерліктерін кәсіби міндеттерді шешуде пайдалана білуді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ашық және қорғалатын топырақтың шөпті, орман және гүл өсімдіктерін, олардың биологиялық және сәндік қасиеттерінің ерекшеліктерін, ландшафты және интерьерлерді жобалауда қолдану және өсіру технологиясы игеру. Егістірілген өсімдіктердің көшеттерін арамшөптерден ажырата білу, топырақтың түрін, өсімдіктердің жарыққа, суаруға, азықтандыруға қажеттілігін анықтау, өсімдіктерге уақытылы күтім жасауды жүзеге асыру.

Пререквизиттері: Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы, Өсімдіктер систематикасы, Аймақтық флора, Қазақстан биоресурстары.

Постреквизиттері: Сәндік көгалдандыру, ландшафт жұмыстарын ұйымдастыру негіздері, Ауылшаруашылық биотехнологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) сәндік өсімдіктердің биологиялық, агротехникалық ерекшеліктері, гүл шаруашылығы мен ландшафттық дизайн туралы негізгі ұғымдарды, терминдерді білу және түсіну;
- В) систематикалық және алыстыра отырып талдау, өздігінен пәнді меңгеруде алынған ғылыми теориялық білімді практикалық міндеттерді шешуде пайдалана білу іскерлігі;
- С) түрлі мақсатта пайдаланылатын (ішкі интерьерді, бөлмені гүлдендіру) білім алушылармен оқу-тәжірибе үлескесінде)гүлзарлық-сәндік өсімдіктерді таңдай білу принциптерін меңгеру;
- Д) әдебиеттер мазмұнынан, интернеттен ақпараттарды іріктеу, жинақтау және қолдана білу іскерліктер мен дағдылары;
- Е) Өндірістік және әуесқой гүл шаруашылығында сәндік өсімдіктердің биоалуантүрлілігінде мақсатты бағыт ала білу іскерлігі.

Дублин дескрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Биологиядан сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каирова А.Т

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі кездегі қоғам дамуының заңдылығы мектеп оқушыларының рухани, интеллектуалды және физикалық жан-жақты дамыған, білімпаз шығармашылығы белсенді, тұрақты өз бетінше білім жетіліруде ынталы және дағдысы қаланған кез келген өмірлік мәселелерді шешу мақсатында тәуелсіз елімізде бірқатар ілгері жұмыстар қарастырылып, олардың жүзеге асудағы нақты шаралары қарастырылған. Биологиядан сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру - оқушылардың биологиялық пәндерінен алған білімдерін дамытуға және тереңдетуге, оқу үрдісінде олардың белсенділіктерін арттыруға, материалды тез меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар белгіленген әдебиеттерді оқуына, қарапайым тәжірибелер жасай білуге, өз өлкесінің экологиялық жағдайын бақылау жүргізуге үйретеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Сабақтан тыс іс-шаралар - мектептегі және кәсіптік-техникалық мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың маңызды нысандарының бірі. Ол студенттердің білімін және болжамын тереңдетеді және кеңейтеді, пәнге қызығушылығын, ешкімге тәуелсіздігін, шығармашылық белсенділігін арттырады. Оқушылар ұжымын қалыптастыруға көмектеседі, ұжым алдындағы жауапкершілік сезімін оятады. Бұл мектептегі оқу-тәрбие процесінің бірыңғай жүйесінде маңызды элемент болып табылады.

Пререквизиттері: Педагогика және тәрбие теориясы, Психология, Биологияны оқыту әдістемесі.

Постреквизиттері: Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі, Оқытудағы жаңа тәсілдер, Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Мектепте биологиялық тәжірибелерді жүргізу әдістемесі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) оқыту (білім беру) ғылым ретінде замануи дидактиканың теориялары мен әдіснамалары;
- В) оқытудың түрлі ұйымдастырушылық формаларының ерекшеліктер;
- С) сыныптан тыс жұмыстардың мазмұнын және оны ұйымдастыру;
- Д) дербес бақылаулар мен тәжірибелер, дене еңбегі анықтамалармен, ғылыми-көпшілік әдебиеттерімен, журналдармен жұмыс жасау ерекшеліктерін;
- Е) білім беру процесінде пәнге танымдық дербестікті дамыту құралы ретінде қызығуды қалыптастыру, білім беру үдерісінің тиімділігін талдау мен бағалауды, жүйелік негізде басқару мен көшбасшылық, практикалық қызметте түрлі әдіснамалық тәсілдерді меңгеруді игереді.

6B01505-Биология
4 курс

Қабылдау жылы: 2019 ж.

Компонент (МК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 13.1. Биологияның фундаментальді негіздері 22 академиялық кредит				
КП ЖК	AB 4307	Адам биологиясы (ағылшын тілінде)	7	5
БП ТК	MB 4227	Молекулалық биология	7	3
КП ТК	Geo 4308	Геоботаника (орыс тілінде)	7	5
БП	PP 4228	Педагогикалық практика	8	9
Модуль 13.2. Биологияның қолданбалы салалары 22 академиялық кредит				
КП ЖК	AB 4307	Адам биологиясы (ағылшын тілінде)	7	5
БП ТК	ZhMB 4227	Жасушаның молекулалық биологиясы	7	3
КП ТК	Fit 4308	Фитоценология (орыс тілінде)	7	5
БП	PP 4228	Педагогикалық практика	8	9
Модуль 14.1. Фитопатология және жаңартылған білім мазмұны 26 академиялық кредит				
КП ТК	ZhF 4309	Жалпы фитопатология	7	5
КП ТК	OBVZhMOA 4310	Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын оқыту әдістемесі	7	5
КП ТК	BioE 4311	Биоэкология (ағылшын тілінде)	7	4
КП	PP 4312	Педагогикалық практика	7	6
БП	DP 4229	Дипломалды практика	8	5
БП	P(T)P 4230	Педагогикалық (тілдік) практика	8	1
Модуль 14.2. Адам экологиясы және критеральді бағалау 26 академиялық кредит				
КП ТК	AF 4309	Ауылшаруашылығы фитопатологиясы	7	5
КП ТК	ZhBVKBA 4310	Жаңартылған білім бағдарламасындағы критеральды бағалаудың әдістемесі	7	5
КП ТК	AE 4311	Адам экологиясы (ағылшын тілінде)	7	4
КП	PP 4312	Педагогикалық практика	7	6
БП	DP 4229	Дипломалды практика	8	5
БП	P(T)P 4230	Педагогикалық (тілдік) практика	8	1

Модуль 13.1. Биологияның фундаментальді негіздері

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Молекулалық биология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Қуанбай Ж.І.

А) әртүрлі топтағы жануарлар гаметогенезінің ерекшеліктері, жеке дамудың негізгі кезеңдерін тнуға біліктілігін көтереді;

В) жануарлар салыстырмалы эмбриологиясының мәселелері, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың соматикалық эмбриогенезі, постнатальды дамудың негізгі заңдылықтарына дағдыланады;

С) гаметалардың морфологиясы мен физиологиясы түсінеді;

Д) омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың соматикалық эмбриогенезі, постнатальды дамудың негізгі заңдылықтары туралы білімді практикада пайдалана білу;

Е) даму сатыларын тұрақты препараттар арқылы зерттеу, зерттелген нысандарды суреттей алу, эмбриогенез туралы білімді іс жүзінде қолдана алу.

Модуль 5.2. Биологияның негізгі тараулары

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Адам анатомиясының іріктелген тараулары

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.

Курсты оқытудың мақсаты: Анатомия тірі организмдердің үлкейткіш аспаптардың көшегіңсіз көзге көрінетін құрылысын зерттейтін іргелі биологиялық морфологияның білімі. Зерттеу нысандарына байланысты медицинада қолданылып жүрген әдістерді үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам денесінің құрылысын, пішінін, қимылдарын, мүшелердің өзара қарым қатынасын зерттейтін жаратылыстану ғылымының бір саласы. Зерттеу бағыттарына сәйкес бірнеше сатылырға

бөлінеді: жүйелі анатомия, топографиялық анатомия, салыстырмалы анатомия, түр анатомиясы, тұқым анатомиясы, жас анатомиясы, қалыпты анатомия, сырқаттық анатомиясы, микроскопиялық анатомия.

Пререквизиттері: Адам анатомиясы, Жасуша биологиясы, Цитология және гистология

Постреквизиттері: Генетика, Адам және жануарлар физиологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) қызметіне байланысты мүшелер құрылымының өзгеруі, жасқа сай ерекшеліктері, мүшелер жүйелерінің жалпы сипаттамалары, морфологиялық зерттеу әдістері туралы түсініктер беру;

B) қалыпты жағдайда жасушалар, ұлпалар, мүшелер және ағза жүйелерінің қызметімен байланысты құрылысын білу;

C) әртүрлі анатомиялық препараттарда, муляждарда, таблицалар мен атластарды адам ағзасының негізгі құрылымдарын танып тірі адамда олардың орналасу арақатыстығын белгілеуді істеу білу;

D) әртүрлі мүшелер мен ұлпалардың микропрепараттарын жасап микроскоп арқылы қарастыруды істей білу;

E) алынған білімді тәжірибелік іс-әрекетінде, келешекте басқа биологиялық пәндерді игеруде, өткен материалды талдау мен синтездеуге, адам ағзасының қалыптасуының себептерін ашу мен бөліп шығаруға дағдылана білуі.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Жасуша биологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Органикалық дүниенің ортақ бірлігі клетканың жеке құрылымдарының бірлігін, олардың өзара тіршілік байланыстарын, күрделі қатынастағы жеке жүйе екендігін студенттердің логикалық жүйемен түсінуіне мүмкіндік жасайды.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты оқуда цитологияның тарихы мен клетка биологиясының жетістіктерін; микроскопия, клеткалар мен ұлпалардың құрылысын, клетка теориясының негізгі қағидаларын, ядроның, органеллалардың құрылысы мен қызметін меңгереді. Жарық микроскоптарымен, цитологиялық және гистологиялық препараттармен жұмыс істейді, микросуреттер мен электроннограммалардағы клеткалар мен олардың құрылымдық элементтерін сипаттайды.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология, Ботаника.

Постреквизиттері: Генетика және селекция негідері, Жеке даму биологиясы, Топырақ биологиясы, Молекулалық биология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) біліктілік: әртүрлі топтағы жануарлар гаметогенезінің ерекшеліктері, жеке дамудың негізгі кезеңдері;

B) жануарлар салыстырмалы эмбриологиясының мәселелері, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың соматикалық эмбриогенезі, постнатальды дамудың негізгі заңдылықтары туралы білім;

C) дағды: анатомия мен амниоттардың ұрықтық дамуы, гаметалардың морфологиясы мен физиологиясы, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың соматикалық эмбриогенезі, постнатальды дамудың негізгі заңдылықтары туралы білімді практикада пайдалана білу;

E) күзiреттiлiк: гаметалардың құрылысын зерттеу, эмбриогенез сатыларына сипаттама беру, даму сатыларын тұрақты препараттар арқылы зерттеу, зерттелген нысандарды суреттей алу, эмбриогенез туралы білімді іс жүзінде қолдана алу.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктердің өсуі мен дамуының физиологиялық негіздері

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Атаева Г.М..

Курсты оқытудың мақсаты Өсімдіктер клеткасына судың, тұздың ену механизмі (су потенциалы, тургорлық потенциал және т.б.) мен жолдарын (пассивті және активті қабылдау, мембрана - потенциалының маңызы) түсіндіреді. Фотосинтез жолдарының алуан түрлілігін, пигменттердің қозу деңгейлерін, фотосинтетикалық фосфорилдену процестерін, өсімдіктердің біртұтастығын сипаттайды. Өсімдік организмін дұрыс түсінуге, онтогенез процесінде өсімдік организмнің физиологиялық қасиеттерінің өзгеру принциптеріне үйретеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өсімдіктер клеткасына судың, тұздың ену механизмі (су потенциалы, тургорлық потенциал және т.б.) мен жолдарын (пассивті және активті қабылдау, мембрана - потенциалының маңызы) түсіндіреді. Фотосинтез жолдарының алуан түрлілігін, пигменттердің қозу деңгейлерін, фотосинтетикалық фосфорилдену процестерін, өсімдіктердің біртұтастығын сипаттайды. Өсімдік организмін дұрыс түсінуге, онтогенез процесінде өсімдік организмнің физиологиялық қасиеттерінің өзгеру принциптеріне үйретеді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Ботаника, Өсімдіктер физиологиясы

Постреквизиттері: Генетика және селекция негідері, Жеке даму биологиясы, Топырақ биологиясы, Өсімдіктер биогеографиясы, Аймақтық флористика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) курстың алға қойған мақсаты кәсіби биологиялық әрекет аясында білім, білік, дағдыны қалыптестіру;

B) курсты меңгергеннен соң студент келесі ұғымдар жайлы түсінік қалыптастыруы тиіс: өсімдіктердің өсуі және дамуы, төзімділігінің жалпы принциптерін білу;

C) өсімдік организмнің физиологиясын, организмдегі барлық физиологиялық процестердің өзара байланыстылығын дұрыс түсіну;

- D) өсімдіктердің өсуі мен дамуының физиологиясын өз бетінше анықтау үшін түрлі әдістерді қолдану. Ғылыми зерттеу жүргізудің практикалық дағдысын қалыптастыру;
- E) негізгі физиологиялық процестерді зерттеу дағдысын меңгеру, өсімдіктер клеткасының химиялық заттары және олардың өзгерулері, процестерді көрсету және олар туралы айтуды үйрену.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Көбею және даму биологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Бисалыева Р.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Онтогенезді, организмдердің эмбрионалдық дамуын жеделдету туралы түсінік беру. Генетиканың негізгі заңдарын білу. Курс тірі ағзаның оның тұқым қуалаушылық және өзгермелілігінің негізгі қасиеттерін зерттеуде заманауи зерттеу әдісі туралы түсінік береді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Көбею және даму биология курсы ағзалардың онтогенетикалық даму заңдылықтарын және олардың дамуын, өсуін зерттейді.

Көбею және даму биологиясының міндеті - дамушы адамда кездесетін макроморфологиялық және микроморфологиялық, молекулалық және генетикалық процестерді зерттеу, жануарлардың, өсімдіктер ағзаларының және бір клеткалық нысандардың онтогенезінің барлық сатыларындағы даму процестерін реттейтін факторлар мен механизмдерді түсіндіре отырып сипаттайды

Пререквизиттері: Жалпы микробиология, Генетика, Цитология және гистология, Зоология, Эмбриология негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) ағзалардың эмбрионалдық дамуын білу және түсіну, сүтқоректілер мен адамның онтогенезі, геномның құрылымы мен ұйымдастырылуы, прокариот және эукариоттардың мобильді генетикалық элементтері, хромосомалардағы ДНҚ орамасы. Сонымен бірге студенттер рекомбинантты ДНҚ технологиясының заманауи жетістіктеріне басшылық жасауы керек, молекулалық биотехнология негіздерін білуі керек;

B) интернеттегі және жатырда организмдердің дамуын зерттеудің инновациялық әдістерін түсіну дағдысы мен білімі мен тәжірибесін қолдану;

C) субъектілерді бағалау, идеяларды бағалау және тұжырымдарды тұжырымдау қабілеті, тұқым қуалаудың молекулалық негізі, құрылымы, белоктардың функциясы және нуклеин қышқылдары, ДНҚ-ның репликациясының молекулалық механизмдері, транскрипция және аударма, ген құрылымы, молекулалық механизмдердің мутагенезі, ДНҚ-ны жөндеу және рекомбинация;

D) ғылыми қызметті ұсынудағы коммуникативтік дағдылар, ғылыми ізденістерді ұйымдастыру мүмкіндігі;

E) біліктілігін арттыру саласындағы мамандар болашақ мамандарды молекулярлық биология негіздері саласындағы теориялық білімі мен практикалық дағдыларымен жабдықтайды, сондай-ақ жалпы және молекулалық генетика курстарын терең түсінуге және түсінуге дайындықты қамтамасыз етеді.

Модуль 6.1. Органикалық және биологиялық ғылымдар

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Адам және жануарлар физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.,

Курсты оқытудың мақсаты: Тірі ағзалардың филогенездік және жеке онтогенездік дамуын, тәршөлөк функцияларының негізін түсіндіру арқылы студенттерді тіршілік процестерін дұрыс басқару, бағыттау әдістерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам және жануарлар физиологиясы бүтін организмнің өмір сүруін, физиологиялық жүйені, органдардың, жасушалардың және жеке клеткалық құрылымдарды зерттейді. Физиологиялық міндеті-адамның немесе жануарлардың өмір сүру кезеңіндегі болып жатқан функцияны, факты орнату ғана емес ең бастысы бұл функция қандай механизмнің көмегімен жүзеге асатынының қандай мақсатта жүргізілетінін анықтау.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология.

Постреквизиттері: Генетика және селекция негіздері, Жеке даму биологиясы, Адам анатомиясының іріктелген тараулары.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) осы пән мазмұны арқылы биология мамандығының түлегі жалпы биологияның және физиологияның қазіргі проблемаларын шешу жолдарын;

B) постреквизиттерінде аталған ғылым салаларымен байланыстыра отырып болашақ дамуын, оқытудың негізгі әдістерін, педагогикалық ерекшеліктерімен байланыстыруды;

C) муляждар, қаңқалар, таблицалар, схемалар, микроскоптар, тест жұмыстары арқылы практикалық дағдыларды қалыптастыру;

D) ағзаның қалыпты физиологиялық көрсеткіштерімен негізгі физиологиялық процестер сипаттамасын білу;

E) тірі жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету механизмін түсініп, физиологиялық зерттеулер дағдысын меңгеру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тіршілік қауіпсіздік негіздері

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсының бағдарламасы жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік оқыту стандартына сәйкес жүргізіледі. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері курсы студенттерді бейбітшілік және соғыс кезіндегі тіршілік қауіпсіздігінің негіздерімен таныстырып, адамның табиғи ортада, өндірістік ортада және қоршаған ортада, төтенше жағдайларда, оның ішінде өртке және радиацияға қарсы апаттық құтқару қызметтерді ұйымдастыру;

Пәннің қысқаша мазмұны: Курста нақты түрде радиациялық апаттардың, ионды сәулеленудің ерекшеліктері, аса қауіпті ауру қоздырғыштарының таралуынан болатын төтенше жағдай, оларда алғашқы көмек көрсету шаралары қарастырылады. Қазіргі заманда халықаралық жағдайлардың ауырлап кетуіне байланысты әлеуметтік қауіпсіздікке аса назар аударылады (ланкестік, діни секталар)

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе.

Постреквизиттері: Адам анатомиясы, Адам және жануарлар физиологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) тіршілік қауіпсіздігінің негіздері курсы студенттерді бейбітшілік және соғыс кезіндегі тіршілік қауіпсіздігінің негіздерімен таныстырып, адамның табиғи ортада, өндірістік ортада және қоршаған ортада, төтенше жағдайларда, оның ішінде өртке және радиацияға қарсы апаттық құтқару қызметтерді ұйымдастыру;

В) курста нақты түрде радиациялық апаттардың, ионды сәулеленудің ерекшеліктері, аса қауіпті ауру қоздырғыштарының таралуынан болатын төтенше жағдай, оларда алғашқы көмек көрсету шаралары қарастырылады;

С) жалпы компетенциялар ЖОО бітірушілердің тіршілік қауіпсіздікке қойылатын жалпы білімділікке жүйеленген;

Д) ЖОО бітірушілер міндетті; жоғары білікті тұлға ретінде тіршілік қауіпсіздігінің қарастыратын негізгі білімдерді игеру; Заманауи техникалық құралдармен, ұжымдық және жеке бас қорғаныс құралдары жұмыс жасауды, Күнделікті және кәсіптік жұмыстарға бейімдейтін қажетті жаңа білімдерді игеру. Кәсіптік компетенция мынадай білімдерді, дағдыларды, іскерлікті қамтиды.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Органикалық және биологиялық химия

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Казкеев Е.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Студентерге органикалық қосылыстардың құрылым ерекшеліктерімен; биологиялық және органикалық химиядағы негізгі түсініктер мен заңдылықтарымен қазіргі заманға сай таныстыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Органикалық қосылыстардың құрылымы мен функцияларын зерттейді. Курста биомолекулалардың негізгі кластары- нәруыздар, майлар, көмірсулар, нуклеин қышқылдары, ферменттер, гормондар және т.б. нақты қаралыды. Тек тірі организмдердің химиялық құрылысына ғана емес, жасушаларды, ұлпаларды, органдарда және тұтас организмде жүретін биохимиялық реакциялардың ерекшеліктеріне де көп көңіл бөледі.

Пререквизиттері: Жалпы биология, Цитология және гистология.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биотехнологиясы, Биотехнология негіздері, Тамақтану физиологиясы, Молекулалық биология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) органикалық және биологиялық химия негізгі түсініктерін және заңдылықтарын; органикалық реакцияларының типтерін және олардың өту механизмдерін; органикалық қосылыстарда электрондық тығыздығының таралуы және молекулаларының реакционды қабілеттілігіне әсер етуші жағдайларын; органикалық қосылыстардың классификациясын және номенклатурасын біледі;

В) органикалық және биологиялық қосылыстың химиялық формуласын аты бойынша құрастыру әдістерін қолданады;

С) органикалық қосылыстың молекуладағы электронды тығыздығының таралуын көрсетуді; молекулаларының кеңістікті құрылымын суреттейді;

Д) студенттер органикалық қосылыстардың табиғаттағы, топырақтағы, ағзадағы айналымы, туралы түсінікті қалыптастырады;

Е) әдебиет көздерінен, интернеттен ақпараттар жинау және талдау мүмкіндігі. Техникалық құрылғыларды пайдалануға, ақпаратты басқаруға және компьютермен жұмыс жасауға байланысты дағдыларға ие болу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Микробиология

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Микроорганизмдердің маңызды қасиеттерімен, олардың физиологиясы мен биохимиясымен таныстыру. Микробиология саласындағы жетістіктердің жалпы биологиялық маңызын; биотехнологияны, тамақ өнеркәсібін және қоршаған ортаны қорғаудағы микроорганизмдердің рөлін түсіндіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты игеруде микробтар әлемі жайында, олардың тірі табиғаттағы орнын, микроорганизмдердің негізгі қасиеттерін, классификация принциптері, микроорганизмдердің табиғаттағы және адам өміріндегі рөлін, олардың практикада қолданылуын біледі, микроорганизмдермен жұмыс істеу әдістерін және жұмыс істеу ережелерін сақтауды үйренеді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология, Ботаника.

Постреквизиттері: Тағам микробиологиясы, Өсімдіктер биотехнологиясы, Биотехнология негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) микробтар әлемі, олардың табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі; микроорганизмдер мен вирустардың негізгі қасиеттері, оларды жіктеу принциптері; прокариотты жасушаның құрылымдық ұйымдастырылуы туралы білім алу;

В) олардың физикалық және химиялық факторларға тәуелділігі; прокариоттардың фенотоптық және генотиптік өзгергіштігі; олардың өмір сүру тәсілдерінің әртүрлілігі;

С) әртүрлі қосылыстар класындағы анаболизм және катаболизм процестерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін көрсету; микроорганизмдердің әртүрлі физиологиялық топтарының метаболизмінің ерекшеліктері;

Д) микроорганизмдерді ғылыми зерттеулер мен биотехнологиялық мақсаттар үшін объектілер ретінде пайдалану;

Е) микробтық дақылдармен жұмыс істеу, микроскопиялық препараттарды дайындау, микроорганизмдерді бөлу және өсіру әдістерімен практикалық дағдыларын меңгеру.

Модуль 6.2. Академиялық адалдық, ағзалар биологиясы мен химиясы

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тірі ағзалардың физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Изимова Р.И.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты тірі ағзалар физиологиясын ботаника, зоология және физиология, микробиологиялық ұғымдары, әдістерді, осы ғылымдар саласындағы құбылыстар, заңдылықтарымен үрдістерді оқыту арқылы, оны кәсіби іс-әрекетіндегі кездесетін проблемаларды шешуде пайдалана білуге үйрету. Болашақ биологтарды тірі ағзалардың биосферадағы алатын орнын, атқаратын рөлі, физиологиясын және микробтар әлемінің физиологиялық аспектілерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста тірі ағзаның механикалық, физикалық және биохимиялық функциясы анықталады. Тірі ағза мен физиологиялық жүйелерінің, ағзалардың, тіндердің, жасушалардың қызметін зерттейтін ғылым. Бұл пәннің мәселелері: ағзалардың бір-біріне әсерін, өзара байланысын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын қарастырады. Бұл пән анатомия, цитология және гистологиямен байланысты.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Цитология және гистология

Постреквизиттері: Генетика және селекция негіздері, Жеке даму биологиясы.

А) курсты оқып-үйренудің, нәтижесінде студент төмендегілерді іске асыра білуге тиіс;

В) табиғаттағы микроорганизмдердің орнын және оларда сыртқы орта факторларының әсерінен туындайтын өзгерістерді ажыратып, бағалай білуді айқындау;

С) табиғаттағы жануарлардың құрылысы мен тіршілік ерекшеліктерін және сыртқы орта факторлары мен байланысын бағалай білуді айқындау;

Д) табиғаттағы өсімдіктердің түрлері мен клеткалық құрылыс ерекшеліктері және олардың өсу даму процестері білу. Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдердің құрылыстарын және тіршілік ету ерекшеліктерін түсіндіру;

Е) табиғи ортада микробтар мен бактериялар және микроорганомизмдердің түрлерінің, жануарлардың түрлері мен класстарының табиғи ортадағы байланысын түсіну.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Академиялық адалдық

Бағдарлама авторы: з.ғ.к. Курманова А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттің оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы туралы, оқытушылармен және басқа студенттермен қарым-қатынаста, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты және сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне төзімсіз қатынасты дамыту туралы жалпыланған білімді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Академиялық адалдық ұғымы, академиялық адалдық қағидаларының тұжырымдамасы және түрлері, академиялық адалдықтың мәні, Жұбанов атындағы АӨУ студенттерінің академиялық адалдық кодексі, сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар ұғымы, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін шаралар.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият және мектеп курсындағы саяси пәндер

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын білу және түсіну В)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалыптасқан құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде болашақ кәсіби қызметті жүзеге асыру. С)Академиялық адалдық қағидаттары туралы қорытынды жасай білу. D)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасай білу. E)Құжаттарды, эсселерді, ғылыми жұмыстарды жобалау кезінде плагиатқа қарсы жүйені қолдану дағдылары.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Биомолекулалардың органикалық химиясы

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Утарбаева Н.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Тірі организмдердің құрамына кіретін биомолекулалардың химиясымен, олардың тірі организмде атқаратын қызметтерімен таныстыру, жасушалық метаболизм және биохимиялық процестердің реттелуі; ферменттердің әсер ету механизмдері және олардың алмасу процестеріндегі рөлі жайлы студенттерге қажетті білімдер беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Негізгі биомолекулалардың химиялық құрылысын зерттейді. Нәруыздың құрылысына, олардың қасиеттеріне және биосинтезіне ерекше көңіл бөледі. Бөлек бөлім олардың катализдік белсенділігі – энзимология мәселелеріне арналған. Тұқымқуалау туралы мәселелер тек РНҚ арқылы ДНҚ транскрипциясын ғана емес, сонымен қатар РНҚ-ның химиялық әртүрлілігін де зерттейді.

Пререквизиттері: мектеп химия курсы,

Постреквизиттері: Молекулалық биология, Молекулалық генетика, Генетика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ақуыздар, нуклеин қышқылдары, көмірсулар, липидтер, минералды заттар мен витаминдер мен гормондар биохимиясын организмде болатын химиялық айнарудың мәні, олардың реттелу механизмдері және олардың ағзаның тіршілік әрекетін қамтамасыз етудегі рөлін, тірі ағзаның химиялық құрамы және тіршіліктің негізгі химиялық процестерін біледі;

В) алған білімдерін кәсіби қызметінде қолданады;

С) теориялық білімдерді нақты міндеттерді суреттейді;

Д) биохимиялық зертханаларда қолданылатын аспаптар мен жабдықтарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;

Е) биологиялық материалдағы нуклеин қышқылдарын, ақуыздарды, майларды, көмірсуларды, витаминдер мен гормондарды сапалық және сандық талдау әдістерін жұмыс жасауға байланысты дағдыларға ие болу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Микроағзалар биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді биотехнологияда қолданылатын микробиологиялық процесстердің принциптерімен және ерекшеліктерімен таныстырып, продуцент – микроорганизмдер және шикізатқа қойылатын талаптармен, микроорганизмдерді өсіру әдістерімен, қажетті өнімдерді бөліп алу және тазалау әдістерімен, микробиологиялық синтез бен трансформацияға негізделген нақты өнеркәсіптік өндірістермен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс микроорганизмдерді культивирлеу, культивирлеудің оптимальді жағдайлары, өсу және көбею, культивирлеу әдістерін қарастырады. Микробиологиялық өндірістің негіздері, шикізат алу технологиялық процестердің сатыларын, микробты биомассаны алу, нан пісіру ашытқыларын алу, мелассадан ашытқы алу, табиғи газды микробты биомассасын, сутекті бактериялардың биомассасын алуды үйретеді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология, Ботаника.

Постреквизиттері: Микробиология және вирусология негіздер, тағам микробиологиясы, Өсімдіктер биотехнологиясы, Биотехнология негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) дақылдар мен препараттардың тазалығы мен активтілігін анықтау;

В) продуценттердің өсуін бақылап, практикада микроорганизмдер биотехнологиясы жөніндегі білімдерін қолдануды үйрену;

С) ұлпалар және өсімдік мүшелері туралы толық мәлімет алу;

Д) өсімдіктерді жинау, кептіру, этикетка жабыстыру; систематикалық сипаттамасын өз бетінше анықтау үшін салыстырмалы-морфологиялық әдістерді қолдану. Флора, систематика бойынша ғылыми зерттеу жүргізудің практикалық дағдысын қалыптастыру;

Е) өсімдіктер тіршілігіндегі заңдылықтардың жалпы жағдайы, негізгі биологиялық процестер арасындағы байланысты және бұл процестердің қоршаған ортамен байланысын анықтау.

6B05101-Биология

3 курс

Қабылдау жылы: 2020 ж.

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 7.1. Биологияның фундаменталды негіздері, 25 академиялық кредит				
БП ТК	Gen 3214	Генетика	5	5
БП ТК	ТВ 3215	Топырақ биологиясы	5	5
БП ТК	BN 3216	Биотехнология негіздері	6	5
БП ТК	EI 3217	Эволюциялық ілім	6	5
БП ТК	KB 3318	Қазақстан биоресурстары	6	5
Модуль 7.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар, 25 академиялық кредит				
БП ТК	SGN 3214	Селекцияның генетикалық негіздері	5	5
БП ТК	TN 3215	Топырақтану негіздері	5	5
БП ТК	OB 3216	Өсімдіктер биотехнологиясы	6	5
БП ТК	EKZh 3217	Эволюцияның қазіргі жағдайы	6	5
БП ТК	ZhMB 3318	Жануарлар және микроорганизмдер биоалуандылығы	6	5
Модуль 8.1. Флора және фауна негіздері және академиялық жазу, 25 академиялық кредит				
КП ТК	AF 3301	Аймақтық флористика	5	5
КП ЖК	AZh 3302	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	OKTDT 3303	Орнитология және құстардың тұлыбын дайындау технологиясы	5	5
КП ТК	OZhK 3304	Өсімдіктер жамылғысының қауымдастығы	6	5
КП ТК	ZhSh 3305	Жылыжай шаруашылығы	6	5
Модуль 8.2 Академиялық жазу, флористика, териология және көшеттер технологиясы 25 академиялық кредит				
КП ТК	SF 3301	Салыстырмалы флористика	5	5
КП ЖК	AZh 3302	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	Ter 3303	Териология	5	5
КП ТК	DKOD 3304	Дала қауымдастық өнімділік динамикасы	6	5
КП ТК	KMOZT 3305	Көшеттік материалдарды өсірудің заманауи технологиясы	6	5
Модуль 9. Кәсіби шетел тілі, 10 академиялық кредит				
БП ЖК	KBSht 3219	Кәсіби бағытталған шетел тілі	5	5
КП		Өндірістік практика	6	5

Модуль 7.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Генетика

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Қуанбай Ж.І.

Қурсты оқытудың мақсаты: Генетиканың негізінде тұқымқуалаушылық өзгергіштікті біле отырып, генетика негіздерін терең түсіну мүмкіндік береді. Селекцияның генетикалық негіздері Селекция шарттарын, селекциядағы тоғысу типтерін меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Генетика - қарқынды дамып келе жатқан ғылымның бірі. Генетика жетістіктері қоғамның назарын өзіне аударады, өйткені олар адамдарға тұқым қуалаушылық және өзгергіштік туралы заңды ашып, қоғамды дамыту үшін пайдаланудың жолдарын шешуге мүмкіндік берді. Даму генетикасы, адам генетикасы, популяциялық генетика және эволюцияның генетикалық негіздері мәселелерін қысқаша талқылайды.

Пререквизиттері: Адам анатомиясы, Өсімдіктер систематикасы, Цитология және гистология негіздері, Өсімдіктер биоалуантүрлілігі.

Постреквизиттері: Молекулалық биология, Молекулалық генетика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) тұқым қуалаушылықтың заңдылықтарымен танысып, будандастыру түрлерін, ажырау сипатын біледі;
- B) гендердің өзара әрекеттесуі, жыныс генетикасы, тұқым қуалаудың хромосомалық теориясын меңгереді;
- C) өзгергіштік, өзгергіштік классификациясын, өзгергіштікке әсер ететін факторларды игереді;
- D) адам генетикасы, медициналық генетика, адам қан топтарының тұқым қуалауын, анықтай алады;

Е) фитогенетика негіздерін, биотехнология, популяциялық генетика, генетикалық инженерия мәселелерін игеруді үйренеді.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Топырақ биологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Адманова Г.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Топырақты биологияның мәселелерін зерттеу объектісі қазіргі кездегі мәселелерді шешудегі ролін жүйенің тұрақтылығын зерттейді. Топырақты биологияның даму кезеңіндегі ерекшеліктерін, теориялық концепцияларды, әдістерді өңдейді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың негізгі ерекшелігі бұл ғылым саласының күрделілігі. Онда жоғары және төменгі организмдер, өсімдіктер, омыртқалы және омыртқалы жануарлар бар. Тірі әлемнің күрделілігі көпжақты және негізгі элементтер айналасындағы биота ролі туралы, жердің жоғары бөліміндегі органикалық заттардың ыдырауы және түрленуі туралы гумустың түзілуі мен ыдырауы туралы білім алады.

Пререквизиты: Жалпы биология, Биологияға кіріспе.

Постреквизиты: Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі, Геоботаника, Биотехнология негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс;

В) топырақтың адам тіршілігіндегі мағынасы және биосферадағы орны;

С) биологиялық алуантүрлілікті сақтауда топырақтың мағынасы; жер бетіндегі топырақтың зоналық таралуының заңдылықтары;

Д) топырақ түзілу құбылыс, топырақтың қасиеттері және экологиялық факторлардың әсері; топырақ ресурстарын рационалды пайдалану және қорғау жолдары;

Е) алынған білімді практикада қолдана білу; топырақты – экологиялық зерттеу әдістерімен пайдалану.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Биотехнология негіздері

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Биологиялық нысандар мен процестерді өндіріс, өнеркәсіп технологиясына енгізу туралы, биотехнологияның қазіргі жетістіктерін және экологиялық, экономикалық проблемаларды шешудегі ролін тереңдетіп оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Биотехнология - бүкіл әлемде жаңартылатын табиғи ресурстарды, соның ішінде сутегі мен сұйық көмірсутегі және сұйық көміртекті отынды өндіру үшін күн энергиясын пайдалануды біртіндеп қамтамасыз етуге тиіс. Биотехнологиялық әдістер кен өндіру, қалдықтарды басқару және тіршілік ету ортасын қорғау сияқты салаларда жаңа мүмкіндіктерді туғызады.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Микробиология және вирусология негіздері, Микроорганизмдер биотехнологиясы.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биотехнологиясы, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы, Молекулалық биология, Молекулалық биотехнология, Популяциялық генетика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) биотехнологиялық әдістер арқылы алынған жаңа қауіпсіз материалдарды пайдалану стратегиясын түсіндіру;

В) алған білімдерін пайдалана отырып технологиялық процестердің тиімділігін және соңғы өнім сапасын арттыру;

С) толықтай өнімді алу үшін қолайлы жағдай тудыруға дағдылану;

Д) құзіретті болуы керек: биотехнология өнімдерін заманауи аналитикалық әдістермен алу арқылы ғылыми негіздеу;

Е) студенттердің педагогикалық қызығушылығы мен ерекшеліктерін тани отырып, болашақ маман, өз ісін жақсы меңгеру үшін ғылыми тұжырымдамаларымен таныс болуын және кәсіби қызметі арқылы түсінуіне.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Эволюциялық ілім

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Эволюциялық ілім арқылы студенттерде диалектикалық материалистік көзқарас қалыптастыру биологиялық ойлау қабілетін арттыру

Пәннің қысқаша мазмұны: «Эволюциялық ілім» курсы комплексті пән, негізгі биологиялық пәндердің ақырғы циклі, жаратылыстану және биологиялық ғылымдарының білімін жүйелендіруге бағытталған. «Эволюциялық ілім» курсы палеонтология мен археологияның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, эволюциялық биология аумағындағы классикалық жұмыстарын зерттей отырып, микроэволюция және макроэволюция ұғымдары мен биологиядағы проблемалардың қазіргі жағдайымен таныстырады.

Пререквизиттері: Антропология, Биологияға кіріспе, Адам экологиясы, Генетика.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) тірі ағзалардың тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық дамуын оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгереді;
- В) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын тани алады;
- С) эволюциялық даму мен селекция негіздерін қолдана білуі тиіс;
- Д) жануарлар әлемінің эволюциясындағы әртүрлі топтардағы жануарлардың маңыздылығын анықтауға қолдана білуі тиіс;
- Е) интернет жүйесіндегі биологиялық ақпараттарды өз бетімен өңдеуге үйренеді.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Қазақстан биоресурстары

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Агадиева М.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақстан өсімдіктері және жануарлары ресурстарының алуан түрлілігімен, пайдалы өсімдіктер және жануарлардың жеке топтарын және түрлерін зерттеу тарихының кезеңдерімен, сонымен қатар шикізат алу тәсілдерімен және оларды қолдану жолдарын қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Биологиялық алуантүрлілік негізінен тірі табиғатты сипаттайды, экологиялық жүйенің құрылымдық-функционалдық құрылуын, табиғаттың тұрақтылығымен өзгергіштігін, антропогендік әсердің жағдайынан өзгерулерін зерттейді. Тірі ағзалардың биоалуантүрлігі негізінен экожүйе мен биосфера құрылымының қорғалу деңгейімен анықталатындығын түсіндіреді.

Пререквизиттері: Ботаника, Құрылымдық ботаника, Өсімдіктер систематикасы, Зоология

Постреквизиттері: Өсімдіктер географиясы, Геоботаника.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) шаруашылықта пайдалы өсімдіктердің және жануарлардың алуан түрлілігін, олардың экологиясын, таралуын, ресурстарын зерттеу тәсілдерін, Қазақстандағы зерттеу жұмыстарының мүмкіншіліктерін тану және оны игеру;
- В) өсімдіктер мен жануарлар биоресурстарының таралуын, тарихи шығу тегін, дамуын тани алады;
- С) өсімдіктер және жануарлар ресурстарын тиімді пайдалануды және қорғауды; жеке түрлерді есепке алу тәсілдерін; негізгі ресурстық түрлердің биомассасын анықтау тәсілдерін білуі тиіс;
- Д) ресми белгілі биоресурстарды және олардан алынған өнімдерді практика жүзінде пайдалануды; биоресурстардың негізгі түрлерінің систематикадағы орнын білуі тиіс;
- Е) қазақстан биоресурстары бойынша алған білімдерін ғылыми, өндірістік және практикалық жұмыстар жүргізуде іс жүзінде қолданып, сипаттай алады.

Модуль 7.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Селекцияның генетикалық негіздері

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Кеубасова Г.У.

Курсты оқытудың мақсаты: Селекцияның генетикалық негіздері пәнін оқып білуде бағдарламаға сай студенттер теориялық білімін тәжірибелермен ұштастырып, тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан-жақты зерттеп, өзгергіштік түрлерін анықтау, пайда болу себептерін бақылап, есеп жүргізу, зертханалық жұмыстарды жүргізуді меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Селекция ғылымының жетістіктері кеңінен сипатталады, себебі адам үшін тұқымқуалаушылық, сұрыптау заңдылықтарын және жаңа сорттар мен будандарды алуға мүмкіндік береді. Генетикалық материалдың өзгергіштігін сипаттап, генетикалық процестердің молекулалық механизмдерін талдайды. Тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан жақты зерттеп, өзгергіштік түрлерін анықтайды, пайда болу себептерін бақылап, есеп жүргізеді, зертханалық жұмыстарды жүргізуді меңгертеді.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Зоология, Ботаника.

Постреквизиттері: Генетика және селекция негіздері, Жеке даму биологиясы, Молекулалық биология, Жасушаның молекулалық биологиясы, Биотехнология негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) тұқым қуалаушылық, сұрыптау заңдылықтарын және жаңа сорттар мен будандарды алу жолдарын үйренеді;
- В) селекцияның әдістері мен принциптерін биология ғылымдарының барлық жүйесінде қолдану тәсілдерін игереді;
- С) курста клетка құрылымы мен органеллалардың қызметіне көп көңіл бөліп, генетикалық процесстердің молекулалық механизмдерін талдай алады;
- Д) ғылыми зерттеулердің ғылыми ізденушілік қабілеттері жаңа сорттар мен будандар алуда көмегін тигізеді;
- Е) гендік инженерия, биотехнология мәселелерін кәсіби деңгейде игеруді үйренеді.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Топырақтану негіздері

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Адманова Г.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Жердің тірі қабаты топырақтың табиғи дене ретінде қарап, оның қасиеттері, түзілуі, эволюциясы туралы, топырақ қорларын тиімді пайдалану жолдарын зерттей білу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жердің тірі қабаты топырақ, табиғаттың денесі, қасиеттері түзілуі, эволюциялық дамуы туралы күрделі білімнің негізін қалыптастырады; топырақтың түзілу процестерін, оның жер бетіне пайда болуын, топырақтың түзілуіне экологиялық факторлардың әсерлері, биосфераның тұрақтылығын сақтауда және адамның шаруашылық іс- әрекеттерінде және табиғаттағы топырақтың маңызын түсіндіреді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Эволюцияның, биосфераның тұтастай өзара байланысы туралы түсінік, антропогенді факторларын халық денсаулығына әсері, сонымен бірге, қоршаған ортаның ластануын қарапайым мониторинг әдістерімен таныстыруды қарастырады, топырақтану түзілуі, құрамы мен қасиеттері, оларды қорғау және тиімді пайдалану жолдарын меңгертеді.

Пререквизиттері: Цитология және гистология, Қазақстанның дәрілік өсімдіктері, Табиғи биоалуантүрлілік.

Постреквизиттері: Ауылшаруашылығы негіздері, Қолданбалы биология, Топырақ биологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) топырақтың адам өміріндегі және биосферадағы маңызы;
- B) биологиялық алуантүрлілікті сақтаудағы топырақтың маңызын анықтау;
- C) жер бетіндегі топырақтың зоналық таралу заңдылықтарын білу;
- D) топырақ түзілу процесін, қасиеттерін, әсер ететін экологиялық факторларды білу;
- E) топырақ қорларын қорғау және тиімді пайдалану жолдарын анықтау.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктер биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Қоршаған ортаның биотикалық және абиотикалық факторларына тұрақты өсімдіктердің жаңа сорттарын шығаруда биотехнологияның әдістері туралы білім қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өсімдік клеткаларын *in vitro* өсіру, клеткаларды өсірудің негіздері және әдістері, қоректік орталар, өсірілетін клеткалардың биологиясы, қаллустың пайда болуы, өсімдіктердің *in vitro* морфогенезі мен регенерациясы, клеткалық технологияны қолданудың кезеңдері, өсімдіктерді клондық микрокөбейту және сауықтыру, гаплоидтық технология, клеткалық селекция, сомоклондық өзгергіштік, гендік инженерияны қарастырады.

Пререквизиттері: Ботаника, Микробиология, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Өсімдіктер жануарлар және микроорганизмдер биоалуантүрлілігі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) білуі керек:өсімдіктердің биотехнологиясының зерттеу әдістерін; биотехнологиялық өндірісті ұйымдастыру әдістерін; негізгі құрал-жабдықтар және олардың жұмыс істеу принциптерін;
- B) жасай білу керек:қоректік ортаның құрамын жасау және дайындау, зерттеу үшін алғашқы эксплантты дұрыс таңдап алу, өсімдік нысандарын стерилдеу әдістерін меңгеру және оқшауланған жасушалар, ұлпалар мен мүшелерді *in vitro* жағдайында дұрыс өсіру;
- C) дедифференциацияланған ұлпалар мен регенерант-өсімдіктерді алу әдістерін меңгеру;
- D) дағдылануы керек:өсімдіктерді *in vitro* жағдайында көбейту;
- E) құзіретті болуы керек: отырғызу материалдарын вирустардан сауықтыру әдісін қолдану және клондық микрокөбейтудің әр түрлі кезеңдерінде ұлпаларды өсіру техникасы.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Эволюцияның қазіргі жағдайы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Дарвинизм бүгінгі таңда Чарльз Дарвиннің теориясының тікелей жалғасы және дамуы болып табылатын синтетикалық эволюция теориясымен ұсынылған. Қазіргі замануи биологиялық ғылымдардың (генетика, цитология, молекулярлық биология, даму биологиясы, экология және т.б.) жетістіктерін негізге ала отырып эволюциялық идеаларды жаңа фактілермен байытады және толықтыруда.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дарвинизм бүгінгі таңда Чарльз Дарвиннің теориясының тікелей жалғасы және дамуы болып табылатын синтетикалық эволюция теориясымен ұсынылған. Қазіргі замануи биологиялық ғылымдардың (генетика, цитология, молекулярлық биология, даму биологиясы, экология және т.б.) жетістіктерін негізге ала отырып эволюциялық идеаларды жаңа фактілермен байытады және толықтыруда.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Антропология.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) тірі ағзалардың тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық дамуын оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгереді;
- B) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын тани алады;
- C) эволюциялық даму мен селекция негіздерін қолдана білуі тиіс;

Д) жануарлар әлемінің эволюциясындағы әртүрлі топтардағы жануарлардың маңыздылығын анықтауға қолдана білуі тиіс;

Е) интернет жүйесіндегі биологиялық ақпараттарды өз бетімен өңдеуге үйренеді;

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Жануарлар және микроорганизмдер биоалуандылығы

Курс авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер биоалуан түрлілігі өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдердің құрылысымен, тіршілік ету ерекшеліктерімен, микроағзалардың түрлік құрамы, маңызы, ерекшеліктері жайлы теориялық білімдерді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жануарлар және микроорганизмдер жүйесінің иерархиялық тізбегінің таксономиялық биоалуантүрлілігін сипаттап, морфофизиологиялық ұйымдастыруды, жүйелеуді және туыстық байланыстарды, географиялық таралуды қамтиды. Жануарлар және микроорганизмдер экологиясына, әртүрлі топтар өкілдерінің тіршілік ерекшелігіне, бірлестік ішіндегі түрлердің қоршаған ортамен және өзара қарым-қатынасына ерекше көңіл бөлінеді. Биосферадағы өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдердің рөлі қарастырылады.

Пререквизиттер: Микробиология, Зоология, Экология, Биологияға кіріспе.

Постреквизиттері: Жануарлар экологиясы, Қазақстанның флорасы мен фаунасы, Әлем флорасы мен фаунасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар негізгі топтарының биоалуантүрлілігі, олардың сирек кездесетін түрлерін, биоалуантүрлілікті сақтаудың негізгі мәселелерін білу;

В) алған білімдерін өзінің практикалық жұмысында, кәсіби қызметінде қолдана білу;

С) табиғатты тиімді пайдалану мақсатында биологиялық білім негіздерін қажетті көлемде игеру;

Д) жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдер экологиясы туралы теориялық білім негіздерін меңгеру;

Е) студент өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар биоалуантүрлілігі негізінде терминдерді меңгеруі.

Модуль 8.1. Флора және фауна негіздері және академиялық жазу

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Аймақтық флористика

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Базарғалиева А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың биологиялық ойлауын, флорогенетикалық сұрақтардың түсінігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Аймақтық флористика курсы әдетте флористика негізі оқу курстарының бірі. Ол ботаника соңғы зерттеу бөлігі ретінде оқытылып қарастырылады. Аймақтық флористика курсы белгілі бір аймақты пайдалана отырып, гүл систематикасы мен морфологиясы туралы біледі. Теориялық білімдерге негізделген аймақтық флористика курсы шеңберінде флора мен өсімдіктерді сипаттау дағдыларын дамытып, оны әрі қарай талдау жұмысын жүргізеді.

Пререквизиттері: Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы, Өсімдіктер систематикасы, Өсімдіктер физиологиясы.

Постреквизиттері: Энтомология, Әлем фаунасы, Әлем флорасы, Қазақстан флорасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ұзақ уақыттық эволюциялық процестермен танысу;

В) магистранттарды флористиканың сапасымен және санымен, флоралық анализдеумен, флораның мәселелерімен таныстырады;

С) фитоценоздардың құрылымын, құрамын және өсімдіктер қауымдастығының динамикасын оқытады;

Д) сирек және жойылу қаупі төнген түрлерді сақтау аудандар, территориялары-ЕҚТТ-дың маңыздылығы;

Е) өсімдіктердің биоалуандылығы туралы білімді меңгеру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Орнитология және құстардың тұлыбын дайындау технологиясы

Курс авторы: магистр, аға оқытушы Абдукаримов А.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді құстардың алуантүрлілігі, олардың құрылыс ерекшеліктері, экологиясы және жер шарына таралуымен таныстырады, систематикалық жағдайын, эволюциясын, экологиялық таралуын, зерттейді және құстардың тұлыбын дайындау технологиясымен таныстырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Құстар класының анатомо-морфологиялық ерекшеліктеріне, олардың алуан түрлілігі және басты таксондарына сипаттама береді. Құстардың ерекшеліктерімен танысқан соң, олардың тұлыбын жасаудың тиімді технологиясын меңгереді. Курс тарихи тәжірибесімен қалыптасқан, жануардың терісін дұрыс сойып алуға, оны сақтауға, содан кейін нақты экспозициялық міндеттерді ескере отырып тұлыптарды жасауға мүмкіндік беретін күрделі техникалық тәсілдерді қарастырады.

Пререквизиттер: Биологияға кіріспе, Зоология, Жеке даму биологиясы.

Постреквизиттері: Қолданбалы биология, Герпетология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) құстар жайлы білім мен түсінікті кәсіби деңгейде қолдану туралы заманауи түсініктері қалыптасады;
- B) қоршаған ортаның биологиялық бақылауының, биологияның және қолданбалы экологияның кең спектріне ие, оларды экологиялық сараптама, қоршаған ортаның жай-күйін бағалау және болжау, табиғатты қорғау мақсатында қолданады;
- C) өз саласына сәйкес деректерді жинау және мәселелерді шеше білу туралы базалық түсінік алу;
- D) құстарды зерттеу үшін негізгі әдістемелік тәсілдерді қолдануға қабілетті;
- F) нақты биологиялық пәндер деректерін талдау үшін эволюциялық тәсілді қолдану.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктер жамылғысының қауымдастығы

Курс авторы: б.ғ.к., доцент Атаева Г.М.

Курсты оқытудың мақсаты: әртүрлі микроклиматтық және экологиялық жағдайлары бар күрделі дала негізгі бірлестіктеріндегі биологиялық өнімділіктің маусымдық динамикасын зерттеуден тұрады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Зерттеу объектілері Батыс Қазақстанның құрғақ даласының негізгі ассоциациялары болып табылады. Салыстырмалы деректерді алу және биологиялық өнімділікке климаттық факторлардың әсер етуін анықтау үшін қос салада ұқсас экологиялық жағдайдағы бір ассоциацияға жататын біртекті қауымдастықтар таңдап алынады.

Пререквизиттері: Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Генетика, Клетка биологиясы, Өсімдіктер физиологиясы.

Постреквизиттері: Фитопатология, Топырақ биологиясы, Қазақстан биоресурстары.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) курс білім, білік және дағдыларды қамтитын кәсіби биологиялық белсенділік саласындағы күзиреттілікті қалыптастыруға арналған.
- B) курсты оқып болғаннан кейін студент: жер үсті және жерүсті фитомасының динамикасындағы қоршаған орта факторларының рөлі туралы түсінікке ие болуы керек. C) Білу: маусымдық оқиғалардың уақытын анықтайтын факторлар мен заңдылықтар.
- D) істей білуі керек: жер асты (шөп, шірік, қоқыс) және жер асты (тірі және өлі тамырлар) фитомасының өнімділік динамикасының арақатынасын зерттеу;
- E) өсімдіктер тіршілігінің жалпы заңдылықтары туралы білімнің қазіргі жағдайын қамту, негізгі биологиялық процестердің бір-бірімен, негізгі бірлестіктермен байланысын анықтау, сонымен қатар осы процестердің қоршаған орта жағдайларына тәуелділігі. Практикалық жұмыс дағдыларын игеру Негізгі биологиялық процестерді зерттеу үшін эксперимент жүргізу дағдыларын игеру.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Жылыжай шаруашылығы

Курс авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Жылыжайлардың халық шаруашылығындағы маңызын, көкөністер мен гүлдерді заманауи технологияда өсіру әдістерін, жылыжайларда көшеттік материалдарды дайындау әдістерін, жылыжайда кездесетін аурулар мен зиянкестердің пайда болу себептері мен және оларға қарсы күресу іс-шараларын түсіндіру және практикалық сабақтарда жылыжайда өсетін көкөністерге күтім жасау жұмыстарымен таныстыру арқылы алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру арқылы студенттің кәсіби білімін жетілдіру

Пәннің қысқаша мазмұны: Жабық топырақ жағдайында өсірілетін салаларының қазіргі жағдайларын және жылыжайларға арналған құрал жабдықтарын зерттейді. Жылыжайларды орналастыру кезінде қолданылатын қазіргі заманғы мөлдір материалдардың сипаттамасы. Морфологиялық, экономикалық жағынан пайдалы қызанақ өндірісінің технологиялық элементтерін, қияр, бұрыш, баклажан және оларды өсіру перспективалары, жылыжайларда өсетін жасыл дақылдардың технологиясын қолданылуы қарастырылады.

Пререквизиттері: Жалпы биология, Ботаника, Топырақтану негіздері

Постреквизиттері: Көшеттік материалдарды өсірудің заманауи технологиясы, Жеміс көкөніс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, Ауылшаруашылық дақылдарын өсіру негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) оқу нәтижесінде бағдыларды меңгеру керек;
- B) жабық топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс өнімдерін өндіру әдістемесін игеру;
- C) көкөніс өсіру өнеркәсібінің қазіргі жағдайы және оны дамыту перспективаларын білу;
- D) жылыжайда өсімдіктерді өсіру технологиясын меңгеру;
- E) жабық топырақ жағдайында өндірістің технологиялық процестері, көкөніс дақылдары мен жылыжай өнімдерінің көшеттерін өсіруге арналған өсіру құралдарын дайындау, оларға қажетті микроклиматты қамтамасыз ету мүмкіншіліктерін меңгеру;

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Салыстырмалы флористика

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., доцент Базарғалиева А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Салыстырмалы флористика бойынша «Биология» магистранттарының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Салыстырмалы флористика курсы флораны салыстырмалы талдау негізінде бағыттап, жүргізе қарастырады. Салыстырмалы флористиканың тиімді әдістернің бірі аумақты генетикалық толық және шектеулі аудандарда «ерекше флора» және «қарапайым флора» деп аталатын әдістер қолданылады.

Пререквизиттері: Ботаника, Өсімдіктер физиологиясы, Аймақтық флористика

Постреквизиттері: Өсімдіктер жамылғысының қауымдастығы, Дала қауымдастық өнімділік динамикасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) салыстырмалы флористика туралы түсінікті, салыстырмалы флористикалық талдау әдістері мен түрлерін, Қазақстанның және Ақтөбе аймағының өсімдіктердің түрлік құрамын білуі;

В) далалық және зертханалық эксперименттер өкізуді, өсімдіктің жіктелуін анықтауды игеруі;

С) геоботаникалық сипаттамаларды пайдалануға, өзіндік танымдық әрекеттер жасауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, аймақтың салыстырмалы флорасының жағдайын бағалау және мониторинг жүргізуге дағдысы болуы;

Д) экспериментальді мәліметтерді өңдеуде математикалық әдістерді қолдануға, осы пәнде оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты талдаулармен жеткізе білу дағдысы болуы;

Е) зерттелетін пәнге байланысты ғылыми және тәжірибелік тапсырмаларды шешуде, тұрғылықты жердегі өсімдіктердің түрлік құрамына салыстырмалы флористикалық және флорогенетикалық талдау жасауды жүргізуге қабілетті болуы.

Дублин дискрипторлары: А); В); С);D);E).

Пәннің атауы: Териология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Абдукаримов А.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Териология- жануарлардың алуан түрлілігін, құрылыстарының ерекшеліктерін, тіршілік әрекетін, ортаға бейімдеушілігін, таралу заңдылықтарын зерттеу, олардың өнімділігін арттыру, тиімді пайдалану мен оның табиғаттағы қорын сақтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Териология-сүтқоректілер туралы ғылым, жалпы биологиялық маңызы бар іргелі зоологиялық курстардың бірі болып табылады.Зоология бөлімі ретінде териология жалпы,жүйелі және қолданбалы болып бөлінеді. Жалпы териология морфологияны, физиологияны, экологияны, эмбриологияны(онтогенетиканы), жүйелі-филогенетиканы(эволюцияны), сүтқоректілердің систематикасын қамтиды.

Пререквизиттері: Жануарлар физиологиясы, Зоология, Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының флорасы мен фаунасы.

Постреквизиттері: Өсімдіктер жануарлар және микроорганизмдер биоалуантүрлілігі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Пререквизиттері: Ұлттық руханият және мектеп курсындағы саяси пәндер

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын білу және түсіну B) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалыптасқан құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде болашақ кәсіби қызметті жүзеге асыру. C) Академиялық адалдық қағидалары туралы қорытынды жасай білу. D) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасай білу. E) Құжаттарды, эсселерді, ғылыми жұмыстарды жобалау кезінде плагиатқа қарсы жүйені қолдану дағдылары.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Биомолекулалардың органикалық химиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Казкеев Е.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Тірі организмдердің құрамына кіретін биомолекулалардың химиясымен, олардың тірі организмде атқаратын қызметтерімен таныстыру, жасушалық метаболизм және биохимиялық процестердің реттелуі; ферменттердің әсер ету механизмдері және олардың алмасу процестеріндегі рөлі жайлы студенттерге қажетті білімдер беру.

Пәннің қысқаша мазмұны «Биомолекулалардың органикалық химиясы» курсы органикалық заттардың синтезі мен құрылымын анықтауда, тіршілік құбылыстарының молекулалық негізін, ондағы электрон тығыздығының таралуын, атомдардың кеңістіктік орналасуын және химиялық реакция механизмін белгілеудегі мүмкіндіктердердің шексіз екендігін көрсетеді. Биологиялық ірі молекулалар құрылымын барлық деңгейде зерттейді.

Пререквизиттер: Жалпы биология.

Постреквизиттері: Ауылшаруашылығы биотехнологиясы, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері, Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) ақуыздар, нуклеин қышқылдары, көмірсулар, липидтер, минералды заттар мен витаминдер мен гормондар биохимиясын организмде болатын химиялық айнарудың мәні, олардың реттелу механизмдері және олардың

ағзаның тіршілік әрекетін қамтамасыз етудегі рөлін, тірі ағзаның химиялық құрамы және тіршіліктің негізгі химиялық процестерін біледі;
В) алған білімдерін кәсіби қызметінде қолданады;
С) теориялық білімдерді нақты міндеттерді суреттейді;
D) биохимиялық зертханаларда қолданылатын аспаптар мен жабдықтарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;
Е) биологиялық материалдағы нуклеин қышқылдарын, ақуыздарды, майларды, көмірсуларды, витаминдер мен гормондарды сапалық және сандық талдау әдістерін жұмыс жасауға байланысты дағдыларға ие болу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); Е).

Пәннің атауы: Токсикология негіздері

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл ғылым ұлы заттардың табиғатын, қасиеттерін, адамзатының және хайуандардың уға сезімталдығын, улардың денеде өзгерулерін, оларды бөліп алу жолдарын, уланудың басталу себебі мен уланудың өтуін, олардың клиникалық әсерлі көріністерін және де емдеу мен уланудың профилактикалық шараларын қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ұлы заттардың адам және жануарлар организміне әсерін анықтайды. Ұлы заттардың уыттылық заңдылықтары, өнеркәсіптегі зиянды заттар, қоршаған ортадағы зиянды заттар, токсикометрия, санитарлық-гигиеналық нормалаудың негізі, тағамдық шикізат және азық- түлік тауарлардың сипаттамасы және биологиялық жіктеу, олардың табиғи бағасы мен сапасы қарастырылады.

Пререквизиттер: Биохимия, Органикалық және биологиялық химия, Биомолекулалардың органикалық химиясы.

Постреквизиттері: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері, Өнеркәсіп өндірістерін жобалау және пайдалану.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ғылыми ақпараттардың ерекшеліктерін және қолдану технологиясын білу керек;
В) токсикологияның әр түрлі түрлерге бөліну аймақтарын, таралуын, өсімдіктер мен жәндіктерге жұғу карталарын сызуды; кездесу аймақтары бойынша бірізділікке салуды;
С) токсикологияның тарауларға бөліну принципін, ұлы заттарды пайдаланудағы мамандықтар мен арнайы бағытталуға негізделгендігін көрсетеді және өндірістік токсикологиясының маңызы жоғары екендігін үйрену;
D) улардың қасиеттері, олардың организмге әсерін (паталогиясын), паталогиялық процестердің байқаулары клиникасы мен диагностикасын емдеу, профилактика қорғану тәсілдерін зерттеуді; халық шаруаларының әртүрлі салаларында кеңінен пайдаланылуды игере білуі;
Е) ұлы заттарды сақтау, сақтық шаралары жұмыстарын ұйымдастыруға, атқарылған жұмыстардың сапасын анықтауға, атқарылған жұмыс көлемін жоспарлауға, осы ұлы заттармен жұмыс жасау кезінде профилактикалық жұмыстарды жасай білудің қарапайым әдістерін біледі.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); Е).

Пәннің атауы: Тамақтанудың гигиеналық негіздері

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Темиркулова Р.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Тамақтанудың негізгі компоненттерінің гигиеналық сипаттамаларына сүйене отырып, дұрыс тамақтану принциптері туралы білім жүйесін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс санитариялық-эпидемиологиялық және санитариялық-токсикологиялық көрсеткіштерді, тамақ пен тамақ өнімдерінің зиянсыздығын анықтайды. Тиісті бөлімдерде гигиеналық сараптама; өнімдер туралы ақпаратты зерделеу; өнімдер партиясын жалпы қарау; талдау үшін үлгілерді іріктеу; сараптама материалдарын қорыту; қорытындыны дайындау және рәсімдеу іс жүзінде сипатталады.

Пререквизиттер: Жалпы биология, Микробиология, Тағам микробиологиясы.

Постреквизиттері: Тағам биотехнологиясы, Тамақтану физиологиясы, Молекулалық биология, Медициналық және ветеринарлық биотехнология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) қоректік заттардың негізгі кластары, құрылымы, қасиеттері мен функцияларын, дұрыс тамақтану принциптерін білу және түсіну;
В) тамақтанудың әртүрлі компоненттерінің ағзаның денсаулығына және оның функционалдық жағдайына әсер ету ерекшеліктерін талдау мүмкіндігі;
С) әр түрлі диеталардың жасына, денсаулығының жай-күйіне, физикалық белсенділігіне сәйкестігі туралы пайымдау мүмкіндігі;
D) әдеби көздерден, Интернеттен ақпаратты нақты түсіндіру, жинақтау және талдау дағдыларын қалыптастыру;
Е) болашақ мамандарды теориялық біліммен және жалпы және кәсіби мақсатта бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларымен қамтамасыз ету үшін оқыту саласындағы дағдылар.

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 7.1. Биотехнологияның іргелі салалары 25 академиялық кредит				
БП ТК	OB 3214	Өсімдіктер биотехнологиясы	5	5
БП ТК	MB 3215	Микроағзалар биотехнологиясы	5	5
КП ТК	EB 3301	Экологиялық биотехнология	6	5
БП ТК	BRMM 3216	Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу	6	5
БП ТК	AB 3217	Ауылшаруашылығы биотехнологиясы	6	5
Модуль 7.2. Жасушалық, экологиялық және жануарлар биотехнологиясы 25 академиялық кредит				
БП ТК	OZHUB 3214	Өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнология	5	5
БП ТК	IE 3215	Инженерлік энзимология	5	5
КП ТК	KOKB 3301	Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы	6	5
БП ТК	ZhGPKE 3216	Жаратылыстану ғылымдары пәндеріндегі қолданбалы есептер	6	5
БП ТК	BZhS 3217	Биотехнология және жануарлар селекциясы	6	5
Модуль 8.1. Академиялық жазу, тағам және медицина биотехнологиясы 25 академиялық кредит				
КП ЖК	AZh 3302	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	TB 3303	Тағам биотехнологиясы	5	5
КП ТК	OKKOB 3304	Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы	5	5
КП ТК	TF 3305	Тамақтану физиологиясы	6	5
БП ТК	MVB 3218	Медициналық және ветеринарлық биотехнология	6	5
Модуль 8.2 Тұтыну қалдықтары және тамақ өнімдерін сараптау 25 академиялық кредит				
КП ЖК	AZh 3302	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	TOS 3303	Тамақ өнімдерінің сараптамасы	5	5
КП ТК	TKKOB 3304	Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы	5	5
КП ТК	TTF 3305	Тиімді тамақтану физиологиясы	6	5
БП ТК	IB 3218	Иммундық биотехнология	6	5
Модуль 9. Кәсіби шетел тілі 10 академиялық кредит				
БП ЖК	KBSht 3219	Кәсіби бағытталған шетел тілі	5	5
КП		Өндірістік практика	6	5

Модуль атауы: Модуль 7.1. Биотехнологияның іргелі салалары

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктер биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Құрсты оқытудың мақсаты: Қоршаған ортаның биотикалық және абиотикалық факторларына тұрақты өсімдіктердің жаңа сорттарын шығаруда биотехнологияның әдістері туралы білім қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өсімдік клеткаларын *in vitro* өсіру, клеткаларды өсірудің негіздері және әдістері, қоректік орталар, өсірілетін клеткалардың биологиясы, каллустың пайда болуы, өсімдіктердің *in vitro* морфогенезі мен регенерациясы, клеткалық технологияны қолданудың кезеңдері, өсімдіктерді клондық микрокөбейту және сауықтыру, гаплоидтық технология, клеткалық селекция, соматондық өзгергіштік, гендік инженерияны қарастырады.

Пререквизиттері: Микробиология, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Өсімдіктер жануарлар және микроорганизмдер биоалуантүрлілігі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) білуі керек өсімдіктердің биотехнологиясының зерттеу әдістерін; биотехнологиялық өндірісті ұйымдастыру әдістерін; негізгі құрал-жабдықтар және олардың жұмыс істеу принциптерін;

B) жасай білу керек қоректік ортаның құрамын жасау және дайындау, зерттеу үшін алғашқы эксплантты дұрыс тандап алу, өсімдік нысандарын стерилдеу әдістерін меңгеру және оқшауланған жасушалар, ұлпалар мен мүшелерді *in vitro* жағдайында дұрыс өсіруін;

C) дедифференциацияланған ұлпалар мен регенерант-өсімдіктерді алу әдістерін меңгеру. D) дағдылануы керек өсімдіктерді *in vitro* жағдайында көбейтуге;

Е) құзіретті болуы керек отырғызу материалдарын вирустардан сауықтыру әдісін қолдану және клондық микрокөбейтудің әр түрлі кезеңдерінде ұлпаларды өсіру техникасына.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Микроағзалар биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді биотехнологияда қолданылатын микробиологиялық процесстердің принциптерімен және ерекшеліктерімен таныстырып, продуцент – микроорганизмдер және шикізатқа қойылатын талаптармен, микроорганизмдерді өсіру әдістерімен, қажетті өнімдерді бөліп алу және тазалау әдістерімен, микробиологиялық синтез бен трансформацияға негізделген нақты өнеркәсіптік өндірістермен таныстыру. Студенттерде қазіргі молекулалық генетика төңрегінде ғылыми білімдерді қалыптастыру. Курс арналған жасушадағы генетикалық ақпараттарды қолдану және беру негізіндегі молекулалық құрылысқы және механизмге негізделген

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс микроорганизмдерді культивирлеу, культивирлеудің оптимальді жағдайлары, өсу және көбею, культивирлеу әдістерін қарастырады. Микробиологиялық өндірістің негіздері, шикізат алу технологиялық процесстердің сатыларын, микробты биомассаны алу, олардың біріншілік және екіншілік түрлі метаболиттерін бөліп алу, нан пісіру ашытқыларын алу, мелассадан ашытқы алу, табиғи газды микробты биомассасын, сутекті бактериялардың биомассасын алуды үйретеді.

Пререквизиттері: Жалпы биология, Микробиология, Биотехнология негіздері, Цитология және гистология.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биотехнологиясы, Биотехнология негіздері, Тағам биотехнологиясы, Тамақтану физиологиясы, Молекулалық биология, Медициналық және ветеринарлық биотехнология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) дақылдар мен препараттардың тазалығы мен активтілігін анықтау;

В) продуценттердің өсуін бақылап, практикада микроорганизмдер биотехнологиясы жөніндегі білімдерін қолдануды үйрену;

С) ұлпалар және өсімдік мүшелері туралы толық мәлімет алу;

Д) өсімдіктерді жинау, кептіру, этикетка жабыстыру; систематикалық сипаттамасын өз бетінше анықтау үшін салыстырмалы-морфологиялық әдістерді қолдану. Флора, систематика бойынша ғылыми зерттеу жүргізудің практикалық дағдысын қалыптастыру;

Е) өсімдіктер тіршілігіндегі заңдылықтардың жалпы жағдайы, негізгі биологиялық процесстер арасындағы байланысты және бұл процесстердің қоршаған ортамен байланысын анықтау.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Экологиялық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді негізгі экологиялық мәселелермен таныстыра отырып, кәріз суларының тұрмыстық қалдықтармен ластануы, топырақта, су қоймаларында, ауада ауыр металдар концентрациясының артуы, атом бомбасының жарылуы сияқты техногендік факторлардың әсері, топырақтың ластануы. мұнай өндіру және өңдеу аймақтарында органикалық ластаушы заттардың жоғары концентрациясы, гербицидтерді, пестицидтерді, инсектицидтерді қолданумен байланысты топырақтың ластануы, осы мәселелерді шешудегі биотехнология ғылымының ауқымын түсіндіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экологиялық мәселелер мен бақылау биологияда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі мағынада экологияның өзі организмдердің қоршаған ортамен әрекеттесуін үйрететін биологиялық пән. Биологияның одан әрі дамуы мен тәжірибедегі жетістіктер алдағы экологиялық тоқыраудан шығудың бір жолы болып отыр. Бұл үшін биотехнология маңызды рөл атқарады. Биотехнология қоршаған ортаны қорғауда туындайтын бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі, олар қоршаған ортаны өндірістен, ауылшаруашылық және тұрмыстық қалдықтардан, токсиканттардың деграциясынан, сондай-ақ аз қалдықты өндіріс процесстерінен, соның ішінде тамақ және дәрі-дәрмек, жем, минералды өнімдер, энергия.

Пререквизиттері: Жалпы биология, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы, Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы, ББЗ микробиологиялық өндірісі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) қоршаған ортаны қорғаудағы биотехнологиялық әдістердің мүмкіндіктерін білу;

В) биотехнологияда микроорганизмдерді ағынды суларды тазартуда, биогаз өндіруде, қоршаған ортаны тазартуда қолдану мүмкіндіктерін біледі;

С) алған теориялық білімдерін практикада қолдануды біледі;

Д) алған білімдерін нақты экологиялық мәселелерді шешу жоспарын құруда пайдаланады;

Е) практикалық дағдылар қоршаған ортаны қорғау бойынша жүргізіліп жатқан шараларды сипаттау мен жүзеге асырудың әртүрлі әдістерін қолдануда қалыптасады.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Биотехнологиялық процесстерді математикалық модельдеу

Бағдарлама авторы: Токмурзин Ж.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеуді игеру

Пәннің қысқаша мазмұны: Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеуге және деректерді талдаудың статистикалық әдістері. Математикалық модельдеу мен модельдер туралы жалпы ақпарат. Математикалық модельдеу түсінігі. Компьютерлік модельдеудің артықшылықтары мен негізгі кезеңдері. Математикалық модель түсінігі. Биотехнологиялық процестердің математикалық модельдерін құру және шешу принциптері. Ферментативті және микробиологиялық процестердің кинетикасының математикалық модельдері; биореакторлардағы процестерді сипаттауға арналған масса алмасу модельдері; математикалық модельдеуді қолдана отырып, биотехнологиялық жабдықтар мен процестерді оңтайландыру мүмкіндіктері туралы. Математикалық биологияның негіздері мен әдістерін, эмпирикалық және теориялық жиіліктерді салыстыруды меңгертеді. Дисперсионды анализ, биотехнологиялық өндірістерді болжамдау және оптимизациялау, математикалық модельдерді құру және анализдеу, математикалық модельдерді компьютерлік жүзеге асыруға және алынған нәтижелерге талдау жасау, биотехнологиялық процестерді және жүйелерді компьютерлік модельдеудің әдістемесін үйретеді.

Пререквизиттер: Бизнес және кәсіпкерлік негіздері. Жасуша биологиясы. Математика. Сызба геометриясы және инженерлік графика. Биотехнология негіздері.

Постреквизиттер: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Материалдар мен биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу әдістерін білу; В) Биотехнология және сабақтас салаларда ғылыми ақпаратты жинау, өңдеу және тарату үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана білу; С) Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің дерекқорын, бағдарламалық өнімдерін және ресурстарын пайдаланудың практикалық дағдыларын меңгеру; D) Модель сияқты объектілерді қолдануға дағдылану; E) Абстрактілі ойлау, талдау, синтездеу қабілеті.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Ауыл шаруашылығы биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Пәнді оқыту мақсаты: Ауыл шаруашылығындағы проблемаларының биотехнологиялық шешімі туралы теориялық білімін қалыптастыру, мал шаруашылығында, егін шаруашылығында, жем даярлауда, агроқешеннің қалдықтарын утилизациялау әдістерін үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Ауыл шаруашылығы биотехнологиясы» курсына әртүрлі ауруларға қарсы медициналық дәрі-дәрмектер, альтернативті энергия көздерін алу, ауыл шаруашылығында өсімдіктердің зиянкестерімен күресу мен жаңа сұрыптарын шығару, мал өнімділіктерін арттыру және экологиялық апат салдарларымен тиімді күресу әдістерін түсіндіреді.

Пререквизиттері: Жануарлар физиологиясы, Микробиология, Биотехнология негіздері, Зоология.

Постреквизиттері: Жануарлар селекциясы, Жеке даму биологиясы, Генетика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) ауыл шаруашылығында қолданатын биотехнологиялық процестердің теориялық негіздерін, өсімдік, мал шаруашылығы, жер өңдеу, қалдықтарды биоконверсиялау принциптерін білу керек;

B) жасай білуі керек ауыл шаруашылық өнімдерді өндіру деңгейін арттыру мақсатында материалдық ресурстарды тиімді пайдалану;

C) жер құнарлығын арттыру әдістерін, жаңа сорт пен породаарды қалыптастыра білуі керек;

D) ауыл шаруашылық өнімділігінің өнімділігін арттыру мақсатында пайдаланылатын әдістерді негіздеп, ауыл шаруашылығын экологизациялау жолдарын пайдалануға дағдылануға міндетті;

E) студенттің біліктілігі қалыптасуы тиіс: заманауи биотехнологиялық жетістіктерді ауыл шаруашылығында пайдалана білуге құзырлы болуға міндетті.

Модуль 7.2. Жасушалық, экологиялық және жануарлар биотехнологиясы

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге қазіргі заманғы жасушалық және ұлпалық биотехнологияның ең перспективалы даму бағыттары туралы түсінік беру, оның дамуының молекулалық биология, жасушалық және молекулалық биофизика, биохимия, молекулалық генетика, микробиология, молекулалық иммунология және биоинформатика саласындағы жетістіктермен өзара байланысын көрсету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өндіріс қалдықтары туралы түсінік береді. Сонымен бірге оларды жіктеу, өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға техногенді жүктемесі, өндіріс қалдықтарының өмірлік және технологиялық циклы, өндіріс қалдықтарын пайдалану сферасында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру бойынша стратегия және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеудегі негізгі биотехнологияның таңдауын негіздеуді қарастырады.

Пререквизиттер: Жалпы биология, Молекулалық биология, Жасушалық биология, Жасушалық биотехнология, Жалпы микробиология, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биотехнологиясы, Биотехнологиядағы фитогормондар, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнологияның заманауи бағыттарын, технологияларын біледі;
- В) алынған теориялық білімді практикалық қызметте қолдана біледі;
- С) өсімдіктерді культивирлеуге арналған қоректің ортаның құрамын дайындай алады;
- Д) биотехнологиялық зертханаларда зертханалық жұмыстар жүргізуге, ламинар бокста жұмыс жасауға дағдысы қалыптасады;
- Е) технологиялық операцияларды ұйымдастырып, жоспарлай және негіздей біледі.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Инженерлік энзимология

Курс авторы: магистр, оқытушы Кемалова Н.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі энзимологиямен байланысты негізгі ұғымдарды зерттеу, ферменттер деңгейінде метаболизмді реттеу жолдарын талқылау, ферменттер құрылымын анықтау әдістерін және кинетикалық параметрлерді бағалау әдістерін үйрену

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс энзимді инженерлік процесс, ферменттер, иммобилизация, технологиялық схема, шикі зат және қоректік орта, ферментаторлардың принциптік схемасы, түрлері және ферментациялау режимі, өнімді алу әдістері, тұрақты даму концепциясында инженерлік энзимологияның орны, инженерлік энзимология және қоршаған орта, энзимді инженерлік зерттеулердің әлеуметтік аспектісін зерттейді.

Пререквизиттері: Жалпы биология, Микробиология, Биотехнология негіздері, Биохимия, Молекулалық генетика.

Постреквизиттері: Өсімдіктер биотехнологиясы, Молекулалық биология, Медициналық және ветеринарлық биотехнология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- а) инженерлік энзимологияға қол жеткізудің негізгі, қазіргі заманғы бағыттарын білу және түсіну және регламентке сәйкес технологиялық процесті жүзеге асыру биотехнологиялық процестердің негізгі құзіреттілікті қалыптастыруға арналған;
- в) курсты оқып болғаннан кейін студент: тірі материяның жалпы биохимиялық аспектілері; ақуыздардың құрылымы мен функциялары; ферменттердің қасиеттері және олардың жасушалық метаболизмдегі ролі; тірі жасушалардағы негізгі энергияға тәуелді процестер; биологиялық макромолекулалар биосинтезінің негіздері туралы түсінікке ие болуы керек;
- с) инженерлік әртүрлі ғылыми-техникалық бағытын қалыптастыра алу керек;
- д) микробиологиялық процестердің принциптері мен ерекшеліктері, микроорганизмдердің жоғары өнімді өнеркәсіптік штамдарын алу әдістері, оларды өсіру және сақтау әдістері, қазіргі заманғы технологияларды, соның ішінде қазіргі студенттің базалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық – компьютерлік технологияларды пайдалануды істей білуі керек;
- е) білім беру саласындағы іскерліктер болашақ мамандарды теориялық білімдермен және бағдарламалық жұмыс істеудің практикалық дағдыларымен қаруландыру және инженерлік энзимология саласында эксперимент жүргізуді және оңтайландыруды жүзеге асыру. практикалық жұмыс дағдыларын игеру негізгі биотехнологиялық процестерді зерттеу үшін эксперимент жүргізу дағдыларын игеру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б.

Курсты оқытудың мақсаттары: "Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы" курсы әртүрлі ластаушы көздердің қоршаған ортаны ластауының биотрансформациясын қарастырады; антропогендік бұзылған экожүйелердің биотестілеуі және биоиндикациясын қарастырады. Сонымен қатар ағынды суларды аэробтық және анаэробтық тазарту биотехнологиясы, ластаған табиғи суларды тазарту биотехнологиясы, көл экожүйелерін биотұрақтандыру, органикалық қалдықтарды өңдеу биотехнологиясы зерттеледі

Пәннің қысқаша мазмұны: "Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы" курсы әртүрлі ластаушы көздердің қоршаған ортаны ластауының биотрансформациясын қарастырады; антропогендік бұзылған экожүйелердің биотестілеуі және биоиндикациясын қарастырады. Сонымен қатар ағынды суларды аэробтық және анаэробтық тазарту биотехнологиясы, ластаған табиғи суларды тазарту биотехнологиясы, көл экожүйелерін биотұрақтандыру, органикалық қалдықтарды өңдеу биотехнологиясы зерттеледі.

Пререквизиттер: Микробиология, Генетика, Биохимия, Микроорганизмдер биотехнологиясы, Өсімдіктер биотехнологиясы, Жасушалық биотехнология.

Постреквизиттері: Биотехнологияның заманауи әдістері, Өндірістік биотехнологиядағы процестер мен аппараттар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) қоршаған ортаны қорғауда биотехнологиялық әдістердің мүмкіндіктерін білу;
- В) ағынды суларды тазартуда, биогаз алуда және қоршаған ортаны тазартуда биотехнологияда

микроорганизмдердің қолдану мүмкіндігін біледі;

С) алынған теориялық білімін тәжірибе жүзінде қолдана біледі;

Д) алынған білімді нақты экологиялық мәселелерді шешу бойынша жоспар құруда қолданады;

Е) қоршаған ортаны қорғау бойынша жүргізілетін іс-шараларды сипаттау және жүргізу бойынша түрлі әдістерді қолдану бойынша тәжірибелік дағды қалыптасады.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Жаратылыстану ғылымдары пәндеріндегі қолданбалы есептер

Бағдарлама авторы: Токмурзин Ж.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Жаратылыстану ғылымдары пәндеріндегі қолданбалы есептерін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән жаратылыстану ғылымдары пәндеріндегі қолданбалы есептердің табиғат ғылымдармен (физика, химия, биология), олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына байланысты бірқатар мәселелерді қамтиды. Жаратылыстану-ғылыми әдісі және оның компоненттері қарастырылады: байқау, өлшеу, эксперимент, гипотеза, механикалық қозғалыс теориясы. Сондай-ақ, бұл курста студенттер механикалық қозғалыстың салыстырмалылығымен танысады, қозғалыс түрлері (бірқалыпты, бірқалыпты үдемелі, периоды) және олардың графикалық сипаттамасы туралы біледі. Математика мен физикадағы негізгі қолданбалы есептер. Ғылыми критерийлер, ғылыми жаңалық, гипотеза. Қолданбалы зерттеулердің кезеңдері. Қолданбалы есептерді шешу әдістері.

Пререквизиттері: Бизнес және кәсіпкерлік негіздері. Жасуша биологиясы. Математика. Сызба геометриясы және инженерлік графика. Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Қолданбалы есептердің ғылыми зерттеу әдістері мен негізгі ұғымдарын білу; В)Теоремаларды дәлелдей білу және осы бағдарламадағы формулаларды қолдана білу, ұсынылған әдебиетті пайдалану, математикалық ұғымдарды сипаттай білу, алынған білімді математиканың басқа бөлімдерінде, теориялық информатика мен биологияның, жаратылыстану ғылымы пәндеріндегі басқа қолданбалы есептерде қолдану; С)Типтік қолданбалы есептерді шешудің практикалық дағдыларын меңгеру, логикалық және абстрактілі ойлауды, кеңістіктік ойлауды дамыту; D)жазық фигура сияқты объектілермен жұмыс істеу дағдылары, қолданбалы есептер туралы түсінік қалыптасады; E)қолданбалы есептерді шешу әдістерін қолдану шеберлігі.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Биотехнология және жануарлар селекциясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаты: "Биотехнология және жануарлар селекциясы" курсының мақсаты - білім алушыларды жануарлар биотехнологиясын дамытудың негізгі бағыттарымен таныстыру, студенттердің биотехнологиялық ойлауын, жүйелі білімін, биотехнология саласындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Курс жануарлардың жаңа түрлерін молекулалық селекциялаудың заманауи постгеномдық және биотехнологиялық әдістері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс жануарлар биотехнологиясының дамуының негізгі бағыттарын, мал шаруашылығындағы клеткалық және эмбриогенетикалық инженерия, трансплантанттардың өнімді қасиеттерін қалыптастырудың биологиялық және биотехнологиялық мәселелерді қарастырады. Жануарлардың биотехнологиясы мен селекциясында генетикалық трансформацияны қолданады.

Пререквизиттер: Жасушалық биотехнология, Биотехнология өндірісінің негіздері, Медициналық және ветеринарлық биотехнология

Постреквизиттері: Өндірістік биотехнология, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы, Биотехнологияның заманауи әдістері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) биотехнологиялық әдістерді мал шаруашылығы мен медицина ғылымы мен практикасында қолдану туралы түсінікке ие болу;

В) жануарлар биотехнологиясының жалпы биологиялық негіздерін білу;

С) жануарлардың биотехнологиясы бойынша эксперименттерді дұрыс жоспарлау;

Д) жануарлардың соматикалық және ұрық жасушаларын клондау және генетикалық трансформациялау принциптерін білу;

Е) өндірісті ұйымдастыру және таза өнімді өндірудің биотехнологиялық схемасын құрастыру.

Модуль 8.1. Академиялық жазу, тағам және медицина биотехнологиясы

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тағам биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаттары: азық-түлік өнімдерін өндіру саласында қолданылатын әр түрлі топтағы микроорганизмдер жасушаларындағы биологиялық процестердің негіздерімен, тағам өнеркәсібіндегі биотехнологиялық әдістермен таныстыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Тамақ өнімдерін өндіру технологиясындағы микроорганизмдердің рөлін зерттейді. Сүт тағамдарын, шарап, сыра жасау және нан пісіру өндіріс технологиясын, тамақ өнімдерін дайындаудағы биотехнологиялық процестердің факторлары мен жағдайларын, тамақ өндірістерінің микробиологиялық бақылауының жалпы принциптерін қарастырады.

Пререквизиттер: Микробиология, Микробиология және вирусология негіздері, Техникалық микробиология, Биотехнология, Тағам микробиологиясы.

Постреквизиттері: Тағам өнімдерін микробиологиялық бағалау, Тағам өнімдерінің сараптамасы, Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі, Сүт және сүт өнімдерінің биотехнологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ашытқы, нан пісіру, сүт өңдеу өндірістерінде, спирт өндіруде, сыра қайнатуда, шарап жасауда қолданылатын биотехнологиялық әдістерді біледі;

В) микробтық синтез өнімдерін алу кезінде және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында әртүрлі тамақ шикізатын өңдеу кезінде болатын биотехнологиялық процестер туралы білімді пайдалана алады;

С) функционалдық сауаттылықты арттыру үшін теориялық және практикалық әдістерді қолдану қабілеті;

Д) заманауи тағамдық биотехнологиядағы гендік инженерия әдістерін біледі;

Е) қарапайым биотехнологиялық зерттеулерді орындай біледі және алынған нәтижелерге баға бере алады, алынған білімді басқа биотехнологиялық пәндерді меңгеру үшін қолдана алады.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Агидиева М.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Қалдықтар туралы және оларды жою және қайта өңдеу әдістері туралы жалпы түсінік қалыптастыру және қалдықтарды өңдеу биотехнологияларында әртүрлі биологиялық және экологиялық пәндерді оқу барысында алынған теориялық білімді қолдана білуді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өндіріс қалдықтары туралы түсінік береді. Сонымен бірге оларды жіктеу, өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға техногенді жүктемесі, өндіріс қалдықтарының өмірлік және технологиялық циклы, өндіріс қалдықтарын пайдалану сферасында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру бойынша стратегия және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеудегі негізгі биотехнологияның таңдауын негіздеуді қарастырады.

Пререквизиттері: Микробиология, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Биотехнология өнімдерін бөліп алу және тазарту.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) қалдықтарды басқара білу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете білу;

В) қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін білу қажет;

С) органикалық және бейорганикалық қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін, антропогендік жолмен алынған ксенобиотиктердің биодеградациясын білу, ластанған топырақтар мен техногенді аумақтарды қалпына келтіру;

Д) қатты және сұйық қалдықтарды қайта өңдеуге арналған аппараттар мен жабдықтардың жұмыс істеу принципі мен құрылымын білу;

Е) қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру үшін аппараттарды, жабдықтарды және биотехнологиялық схемаларды таңдау принциптерін білуі қажет.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тамақтану физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Темиркулова Р.С.

Курсты оқытудың мақсаты: ас қорыту физиологиясы мен рационалды тамақтану негіздерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адамның тамақтану физиологиясы туралы, диеталық тамақтану принциптері мен құнарлы тамақтанудың теориялық негіздері бойынша білім береді. Азық-түлік өнімдерінің физиологиялық қасиеттерімен танысу және олардың ағзаға әсер ету механизмін білу; шикізаттың пайдалы қасиеттерін оңтайлы қолдана білу, тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен олардың құнарлығы берілген кестелерді қолдануды үйрену іскерліктерін қалыптастырады.

Пререквизиттер: Цитология және гистология, Адам анатомиясы, Адам және жануарлар физиологиясы, Биохимия.

Постреквизиттері: Микробиология, Молекулалық биология, Молекулалық биотехнология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ағзаның ас қорытуының негізгі ерекшеліктерін білу;

В) тиімді тамақтану принциптерін білу;

С) тамақтанудың барабарлығын бағалауды ұйымдастыру;

Д) жеке рациондарды түзету ережелерін білу;

Е) тамақ өнімдерінің химиялық құрамының кестелерімен жұмыс істей білу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Медициналық және ветеринарлық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каренеева Ж.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Биотехнологиялық әдістерімен алынатын дәрі-дәрмектердің сапасын және идентификациясын бақылау әдістерінің фундаменталды негіздерін, генетикалық инженерия және инженерлік энзимологияның әдістері арқылы өндірісті жетілдіру негіздері; - биотехнологиялық дәрілік заттарды дайындау дағдылары мен тәжірибе жүргізгенде жүзеге асыруды, шикізаттың, қоректік орталар, жартылай өнімдер мен соңғы өнімдердің сапасын бағалау жөнінде қалыптастыру; - биотехнологиялық өндірістің сәйкестігін, өдірісте қолданылатын биообъект продуценттер және соңғы өнімдерінің экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін дұрыс бағалау қабілетін, сонымен бірге дәрілік препараттар ретінде рекомбинантты белоктардың сапасын бағалау кезінде дұрыс бағдарды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Медициналық және ветеринария биотехнология» курсы қазіргі кездегі биологияның негізгі зерттеулеріне сүйене отырып, кең көлемде арзан дәрі - дәрмектік қасиеті бар өнімдерге жалпы түсінік береді. Осы өнімдерді синтездеуге бағытталған қазіргі дәрі - дәрмек саласындағы өзгерістерді, олардың продуценттерін, биологиялық әдістердің кеңінен қолданылуын түсіндіреді.

Пререквизиттері: Жануарлар физиологиясы, Микробиология, Биотехнология негіздері, Биотехнология және жануарлар селекциясы, Генетика.

Постреквизиттері: ББЗ микробиологиялық өндірісі, Ақуызды заттардың биотехнологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) биотехнологиялық әдістермен дәрілік, профилактикалық және диагностикалық препараттарды алуды меңгеру;
- В) биообъектілердің классификациясын жіктей алу;
- С) микробиологиялық өндіріс технологиясына және де оларды бақылау, қарқындалу және басқару әдістерін меңгеру;
- Д) дәрілік препараттарды жасаудың медико-биологиялық және ветеринарлық-биологиялық тәсілдерінің стратегиясын білу;
- Е) практикалық денсаулықты сақтау және ветеринарияда пайдаланылатын, гормондар, интерферондар, интерлейкиндер, антибиотиктер, антиденелер, вакциналар дәрілік заттардың өндірістік деңгейдегі өндірілуін зерттей алу.

Модуль 8.2 Тұтыну қалдықтары және тамақ өнімдерін сараптау

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тамақ өнімдерінің сараптамасы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаттары: Азық-түлік қауіпсіздігі саласында терең ғылыми білім беру, сонымен қатар мемлекеттік дамудағы оның маңызын зерттеу. Микробиологиялық сапаны бақылау және ауылшаруашылық шикізаты мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы білікті мамандарды даярлау, сондай-ақ микроорганизмдермен жұмыс жасау және микробиологиялық талдаудың жаңа экспресс әдістерін жасау үшін ғылыми және практикалық білімнің қажетті негізін құру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Азық-түлік тауарларын сараптаудың теориялық негіздері, азық-түлік тауарларының тауартану сараптамасы, азық-түлік тауарларына санитарлық-эпидемиологиялық сараптама, азық-түлік тауарларының ветеринариялық-санитариялық сараптамасы, сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін сараптау. Тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен олардың құнарлығына берілген кестелерді қолдануды үйрену іскерліктері қалыптасады.

Пререквизиттер: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Техникалық микробиология, Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі.

Постреквизиттері: Тағам микробиологиясы және санитарлық гигиена, Тағам өнімдерін микробиологиялық бағалау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) тағам өнеркәсібі орындарында микробиологиялық бақылауды ұйымдастыруды біледі;
- В) функционалды сауаттылықты арттыру үшін теориялық және тәжірибелік әдістерді қолдана білу қабілеті;
- С) мәселелік жағдайға сәйкес ғылыми-техникалық, жаратылыстану және жалпы ғылыми ақпаратты тез табу, талдау және өңдеу қабілеті;
- Д) тағам өнімдеріне микробиологиялық талдау жүргізе білу және микроорганизмдердің жалпы саны мен санитарлық-көрсеткішті анықтай білу;
- Е) интерне жүйесінде ақпаратты өздігінен өңдеп үйрену, биотехнологиялық білімді кәсіби деңгейде қолдану және бағалай білу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E); F).

Пәннің атауы: Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Бисалыева Р.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Қалдықтар туралы және оларды утильдеу және қайта өңдеу әдістері туралы жалпы түсінік қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тұтыну қалдықтары туралы түсінік және оларды жіктеу, тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға техногенді жүктемесі, тұтыну қалдықтарының өмірлік және технологиялық циклы, тұтыну қалдықтарын пайдалану сферасында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру бойынша стратегия және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеудегі негізгі биотехнологияның таңдауын негіздейді.

Пререквизиттері: Микробиология, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Биотехнологиядағы құрал-жабдықтар, Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) қалдықтарды басқара білу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете білу;

В) қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін білу қажет;

С) органикалық және бейорганикалық қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін, антропогендік жолмен алынған ксенобиотиктердің биодеградациясын білу, ластанған топырақтар мен техногенді аумақтарды қалпына келтіру;

Д) қатты және сұйық қалдықтарды қайта өңдеуге арналған аппараттар мен жабдықтардың жұмыс істеу принципі мен құрылымын білу;

Е) қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру үшін аппараттарды, жабдықтарды және биотехнологиялық схемаларды таңдау принциптерін білуі қажет.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тиімді тамақтану физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Темиркулова Р.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Рационалды тамақтану негіздерін және оның адам денсаулығына әсерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адамның тағамдағы заттарға деген қажеттілігін және олардың ағзаға әсерін зерттейді. Курста биомолекулалардың негізгі кластары: ақуыздар, майлар, көмірсулар, және т.б. сипатталады. Ағзаның жұмыс істеуіне ғана емес, сонымен қатар жасушаларда, ұлпаларда, мүшелерде және жалпы ағзада өтетін зат алмасу процестерін реттеу ерекшеліктеріне де көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттер: Цитология және гистология, Адам анатомиясы, адам және жануарлар физиологиясы, Биохимия.

Постреквизиттері: Микробиология, Молекулалық биология, Молекулалық биотехнология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) тиімді тамақтанудың негізгі принциптерін білу;

В) тәуліктік энергия шығындарын бағалау әдістерін білу;

С) тамақтанудың барабарлығын бағалауды ұйымдастыру;

Д) жеке рациондарды түзету ережелерін білу;

Е) тамақ өнімдерінің химиялық құрамының кестелерімен жұмыс істей білу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Иммундық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каренеева Ж

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларда иммунобиотехнологиялық препараттар, оларды әзірлеу, өндіру және қолдану негіздері туралы қазіргі заманғы түсініктерді қалыптастыруға негізделген.

Курсты оқытудың мақсаттары: «Иммундық биотехнология» курсы медициналық және ветеринариялық биопрепараттарды әзірлеу жолдарын, әдіс-тәсілдерін қарастырады. Жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының иммуноанализінің сезімталдығы мен ерекшелігін арттыру бағытын және жасушалық деңгейде иммундық жауаптың мәнін анықтайды.

Пререквизиттер: Биотехнология негіздері, Жасушалық биотехнология, Микроағзалар биотехнологиясы, Өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнология, Молекулалық биология.

Постреквизиттері: Инженерлік энзимология, Биомолекулалардың органикалық химиясы, Ақуызды заттардың биотехнологиясы, Биотехнологияның заманауи әдістері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) цитокин препараттарын, антигендерді, вакциналарды, антиденелерді алу және қолдану принциптерін зерттеу;

В) адамның қан плазмасынан препараттар мен иммунопрепараттар алу биотехнологиясын зерттеу;

С) антигендер мен антиденелерді (соның ішінде моноклоналды антиденелерді) алудың заманауи әдістерін білу);

Д) іс жүзінде пайдалану үшін биотехнологиялық өндірісті ұйымдастыру принциптерін пайдалану;

Е) алынған білімді иммунобиотехнология саласындағы зерттеулерді жобалау үшін пайдалану.

6B05102-Биотехнология

4 курс

Қабылдау жылы: 2019

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 10.1. Биотехнологияның іргелі салалары 23 академиялық кредит				
БП ТК	MB 4222	Молекулалық биология	7	3
КП ТК	SMSN 4307	Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері	7	5
КП ТК	SSOT 4308	Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы	7	5
БП	OP 4223	Өндірістік практика	8	10
Модуль 10.2. Биотехнологияның қолданбалы салалары 23 академиялық кредит				
БП ТК	MB 4222	Молекулалық биотехнология	7	3
КП ТК	BZhan 4307	Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері	7	5
КП ТК	SOOB 4308	Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы	7	5
БП	OP 4223	Өндірістік практика	8	10
Модуль 11.1. Бионанотехнология, өндірістік аппараттар және өнеркәсіпті жобалау 22 академиялық кредит				
КП ТК	BBZMO 4309	ББЗ микробиологиялық өндірісі	7	5
КП ТК	BN 4310	Бионанотехнология	7	5
КП ТК	OBPA 4311	Өндірістік биотехнологиядағы процестер мен аппараттар	7	5
КП ТК	OOZhP 4312	Өнеркәсіп өндірістерін жобалау және пайдалану	7	5
БП	DP 4224	Дипломалды практика	8	2
Модуль 11.2. Ақуызды заттардың биотехнологиясы және өндірісті ұйымдастыру 22 академиялық кредит				
КП ТК	AZB 4309	Ақуызды заттардың биотехнологиясы	7	5
КП ТК	NOB 4310	Химиялық өндірістегі биотехнология	7	5
КП ТК	BKZh 4311	Биотехнологиядағы құрал-жабдықтар	7	5
КП ТК	OOUZh 4312	Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау	7	5
БП	DP 4224	Дипломалды практика	8	2
		Қорытынды аттестеу	8	12

Модуль 10.1. Биотехнологияның іргелі салалары

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Молекулалық биология**Бағдарлама авторы:** б.ғ.к., аға оқытушысы Калиева А.К.**Курсты оқытудың мақсаты:** Молекулалық биология әдістерінің теоретикалық негіздері жөнінде түсінік қалыптастыру, алынған білімді қолдану және тәжірибелік біліктілікті арттыру.**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курстың мазмұны биополимерлердің құрылымын, тұқымқуалаушылық материалдарының сақталуының және берілуінің молекулалық механизмін, сондай-ақ заманауи молекулалық биологиялық әдістердің негіздерімен, биополимерлердің функциялары, олардың компоненттері мен комплекстері, ақпаратты кодтаудың негізгі принциптерін, гендер мен геномдардың құрылымы мен қызметі жайлы мәліметтермен таныстырады.**Пререквизиттері:** Генетика, Молекулалық генетика, Микроағзалар биотехнологиясы.**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) жасушаның физиологиялық реакцияларының спецификалығын анықтайтын молекулалық үрдістердің негіздерін білу керек;

В) молекулалық биология зертханалық техникасымен негізгі зерттеулерді, молекулалық биология саласында ғылыми және практикалық мақсаттарды шешуі үшін өз бетінше биологиялық ақпараттарды жинап, өңдеп, түсіндіре алуы керек;

С) молекулалық биология саласында практикалық мақсаттарды шешуге дағдылануы керек;

D) биологиялық объектілерді анықтап, бақылап, классификациялау, культивирлеуде қолданылатын әдістерді қолдана білу;

E) молекулалық-генетикалық әдістер мен технологияларды қолданудың негізгі принциптерін, хромосомалардың әр түрлі типтерін дифференциалдап, адам мен жануарлардың қалыпты және патологиялық кариотиптерін ажырата алу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері

Курс авторы: магистр, оқытушы Кемалова Н.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Стандарттау, метрология және сертификаттаудың заң шығару және қолданбалы негіздерінің әдістемелік бірлігін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста стандарттау, метрология және сертификаттау негіздерінің нысаны, өлшеу жүйесі, стандарттардың мемлекеттік жүйесі, өлшеу құралдары мен әдістерін стандарттау, ҚР метрологиялық қызметі, стандарттау бірлік өлшеу әдістері мен құралдарын жіктеу, өнімнің сапасын бақылау және сертификаттау мәселелері қарастырылады.

Пререквизиттер: Математика, Физика, Биотехнология негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша заңнамалық, нормативтік құқықтық актілерді білу;
- B) өлшеулер нәтижесін және өлшеу құралдарын өңдеу әдістерін, олардың метрологиялық сипаттамаларын білу;
- C) өнімді ұйымдастыру және сертификаттау технологиясын қолдану;
- D) өнімді сынау және қабылдау ережелерін білу керек;
- E) қажетті басқару және нормативтік құжаттармен жұмыс жасай білу.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Кемалова Н.

Курсты оқытудың мақсаттары: Курс шикі сүт және оның микробиологиялық негіздері, сүт ашыту, сүт ашыту патогендері, сүт өнеркәсібі пайдаланылатын микроорганизмдер, сүт өнімдерінің сипаттамалары, сүт зарарсыздандыру және пастерлеу, дайындау және пісіру, сүт және сүт өнімдерінің сапасын биохимиялық талдау әдістерін қарастырады.

Сүт және сүт өнімдері технологиясы саласындағы өндірістік-технологиялық, жобалау және зерттеу қызметі үшін қажетті білім алуы, сүт өнімдерін өндіру және сақтау кезінде биотехнологиялық процестер саласында қажетті теориялық білімді қалыптастыру,

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс шикі сүт және оның микробиологиялық негіздері, сүт ашыту, сүт ашыту патогендері, сүт өнеркәсібі пайдаланылатын микроорганизмдер, сүт өнімдерінің сипаттамалары, сүт зарарсыздандыру және пастерлеу, дайындау және пісіру, сүт және сүт өнімдерінің сапасын биохимиялық талдау әдістерін қарастырады.

Пререквизиттер: Микробиология, Биотехнология негіздері, Тағам микробиологиясы, Тағам биотехнологиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) сүттің химиялық және физикалық қасиетін білу, сүт және сүт өнімдерінің технологиясын білу;
- B) технологиялық операцияларды ұйымдастыру, жоспарлай және негіздей білу;
- C) сүт өнімдерін өндірудегі технологиялық процестерді жетілдіру дағдыларын меңгеру, нақты технологиялық жағдайларға бейімдеу;
- D) сүт өнімдерінің биотехнологиясында ғылыми жетістіктерді қолдану;
- E) сүттің, қосалқы материалдар мен дайын өнімнің сапасын, құрамын және қауіпсіздігін бағалау кезінде нормативтік құжаттаманы меңгеру.

Модуль 10. 2. Биотехнологияның қолданбалы салалары

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Молекулалық биотехнология

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Адманова Г.Б.

Курсты оқытудың мақсаттары: «Молекулалық биотехнология» гендер және геномдардың реттелу принциптерін зерттейді. Молекулалық клондаудың векторлық жүйелері, рекомбинантты ДНҚ алу және клондау технологиясы, ақуыздардың гендік инженериясы, генотиптердің биоқұрылымды технологиясының принциптері және әдістеріне ерекше көңіл бөледі. "Молекулалық биотехнология" дәріс курсының мақсаты молекулалық биотехнология, микробиология, биохимия, генетика, вирусология және т.б. жетістіктерде пайда болған және дамып келе жатқан ғылым саласындағы соңғы жетістіктермен танысу болып табылады. Дәрістерде рекомбинантты ДНҚ технологиясын қолдана отырып, адамға қажетті өнімдерді қалай жасауға болатындығы туралы түсінік берілген. Молекулалық биотехнология негіздеріне және осы негізде биотехнологиялық процестерді жетілдіру мүмкіндігіне байланысты мәселелер қарастырылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Молекулалық биотехнология» гендер және геномдардың реттелу принциптерін зерттейді. Молекулалық клондаудың векторлық жүйелері, рекомбинантты ДНҚ алу және клондау технологиясы, ақуыздардың гендік инженериясы, генотиптердің биоқұрылымды технологиясының принциптері және әдістеріне ерекше көңіл бөледі.

Пререквизиттер: Биотехнология негіздері, Жасуша биологиясы, Микроағзалар биотехнологиясы, Техникалық микробиология, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) молекулалық биотехнологияның негізгі ұғымдарын білу;
- В) прокариотты және эукариотты организмдер геномының құрылымы мен құрамы, гендердің рекомбинациясы, гендік инженерияның молекулалық құралдары, микроорганизмдердің өзгергіштігі, микроорганизмдер селекциясының негіздері туралы білім;
- С) микроорганизмдерді сәйкестендіру, бөлу және культивациялау шарттарын таңдау және жүргізу, гендердің рекомбинациясының ықтимал жолдарын айқындау, алдын ала белгіленген белгілері бар гендердің рекомбинациясын жасау және практикада жүзеге асыру білігі;
- Д) гендерді рекомбинациялау әдістері мен тәсілдерін, химиялық және микробиологиялық зертханада қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін меңгеру;
- Е) келесі процестерді білу: рекомбинантты ДНҚ технологиясы, аударма, транскрипция, репликация, дубликация және т. б.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы: Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негізі

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каренеева Ж.А.,

Құрсты оқытудың мақсаттары: Биообъекттерді сандық сипаттаудың әдістері: биообъектер мен биопроцестердің жүйелердің жалпы теориясын және сандық сипатын, биообъекттерде (биокибернетика) басқару теориясын, биообъекттерді термодинамикалық, кинетикалық сипаттау, статистикалық биофизика, биообъекттерді модельдеу; биообъекттерді және биотехнологиялық жүйелерді жобалаудың әдістері мен принциптері қарастырылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Биообъекттерді сандық сипаттаудың әдістері: биообъектер мен биопроцестердің жүйелердің жалпы теориясын және сандық сипатын, биообъекттерде (биокибернетика) басқару теориясын, биообъекттерді термодинамикалық, кинетикалық сипаттау, статистикалық биофизика, биообъекттерді модельдеу; биообъекттерді және биотехнологиялық жүйелерді жобалаудың әдістері мен принциптері қарастырылады.

Пререквизиттер: Биотехнология негіздері, Өндірістік биотехнология, Тағам биотехнологиясы, Мединалық және ветеринарлық биотехнология, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) биообъекттерді сандық және сапалық талдау әдістерін білу;
- В) мақсатты өнімді химиялық, физикалық, биохимиялық және биофизикалық талдай алу;
- С) биообъекттерді және биотехнологиялық жүйелерді жобалаудың әдістері мен принциптерін білу және қолдану;
- Д) биообъекттерді термодинамикалық, кинетикалық сипаттау;
- Е) биологиялық ақпараттар схемасын құрастыру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы: Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Кемалова Н.

Құрсты оқытудың мақсаттары: Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы курсы сүт өнімдерінің ферментациясы, сүтқышқылды өнімдері, сүт өнеркәсібінде қолданатын закваскалар, сүт өндіру кезінде ББҚ-ды пайдалану, сапа және қауіпсіздік қадағалау жүйесі, ашытатын бөлімдерінде жұмыс тәртібі, ашытқылар, ұлттық өнімдер, простокваша, айран, ряженка, сүзбе ірімшік алу жолдарын үйретеді. Сүт өнімдерін өндіру және сақтау кезінде биотехнологиялық процестер саласында қажетті теориялық білімді қалыптастыру, сүт және сүт өнімдерінің биотехнологиясы саласындағы өндірістік-технологиялық, жобалау және зерттеу қызметі үшін қажетті практикалық дағдыларды игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы курсы сүт өнімдерінің ферментациясы, сүтқышқылды өнімдері, сүт өнеркәсібінде қолданатын закваскалар, сүт өндіру кезінде ББҚ-ды пайдалану, сапа және қауіпсіздік қадағалау жүйесі, ашытатын бөлімдерінде жұмыс тәртібі, ашытқылар, ұлттық өнімдер, простокваша, айран, ряженка, сүзбе ірімшік алу жолдарын үйретеді.

Пререквизиттер: Ауылшаруашылығы биотехнологиясы, Биотехнология және жануарлар селекциясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері, Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) сүт химиясы мен физикасын, сүт және сүт өнімдерінің технологиясын білу;
- В) технологиялық операцияларды ұйымдастыру, жоспарлай және негіздей білу;
- С) сүт өнімдерін өндірудегі технологиялық процестерді жетілдіру дағдыларын меңгеру, нақты технологиялық жағдайларға бейімдеу;
- Д) сүт өнімдерінің биотехнологиясында ғылыми жетістіктерді қолдану;
- Е) сүттің, қосалқы материалдар мен дайын өнімнің сапасын, құрамын және қауіпсіздігін бағалау кезінде нормативтік құжаттаманы меңгеру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: ББЗ микробиологиялық өндірісі

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б.

Курсты оқытудың мақсаттары: биологиялық белсенді заттар, олардың жіктелуі, құрамы, қызметі, оларды өндірістік синтездеу жөнінде қажетті теориялық білім беру, биологиялық белсенді заттарды өндірудің маңыздылығын түсіндіру

Пәннің қысқаша мазмұны:

Курста биопроцестің технологиясы (биообъектілер, шикізат және қоректік орта, құрал-жабдықпен қамтамасыз ету), өнеркәсіптік микробиология, (ашу өнімдері, дәрумендер, антибиотиктер, аминқышқылдары мен органикалық биосинтез), инженерлік энзимология, микроорганизмдердің ферменттері (биокатализаторларды алу және оларды қолдану), микроорганизмдердің гендік инженериясының мәселелері қарастырылады.

Пререквизиттер: Биотехнология негіздері, Медициналық және ветеринарлық биотехнология, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы, Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) биологиялық белсенді заттар және олардың маңыздылығы туралы біледі;

В) биотехнологиялық процестерді жүзеге асыратын құрылғыларда жұмыс жасау ережесін меңгереді;

С) биологиялық белсенді заттардың және антибактериальды препараттардың биологиялық белсенділігін анықтау дағдысы қалыптасады;

Д) биологиялық белсенді заттарды алудың технологиялық сызбанұсқасын құрастыра біледі;

Е) биологиялық белсенді заттарды өндіру бойынша жүргізілетін іс-шараларды сипаттау және жүргізу бойынша түрлі әдістерді қолдану бойынша тәжірибелік дағды қалыптасады.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Бионанотехнология

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Қалиева А.Қ.

Курсты оқытудың мақсаттары: Нанохимия және нанотехнология саласында зерттеулер жүргізу кезінде қазіргі өркениет алдында тұрған міндеттерді шешумен байланысты ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметке дайындық. Нанохимия және нанобиотехнологияның заманауи тұжырымдамалары туралы түсінік қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бионанотехнология -бұл ғылым мен технологиядағы жаңа пәнаралық бағыт, ол молекулалық деңгейде тірі жүйелерді талдау үшін наноқұрылымдарды құруда маңызды рөл атқарады. Бұл бағыт дамыған наноқұрылғылар мен наноқұрылымдарды қолдана отырып, адамның барлық биожүйелерін жан-жақты бақылауды, басқаруды, құруды, қалпына келтіруді, қорғауды және жетілдіруді қамтиды, олар дәрі-дәрмектерді жеткізудің озық жүйелерін, диагностиканың, терапияның жаңа түрлерін және in vivo суреттерін, сондай-ақ нейрорелектрондық интерфейстерді және басқа наноэлектрондық сенсорларды қамтуы мүмкін.

Пререквизиттер: Инженерлік энзимология, Органикалық және биологиялық химия, Биомолекулалардың органикалық химиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

А) нанохимия және нанотехнологияның негізгі ұғымдарын білу;

В) келесі процестерді түсіну: электростатикалық әсерлер, жергілікті жылу жылыту, пластикалық деформация;

С) кванттық өлшемді әсерлерді білу. Нанобөлшектерді алу тәсілдерін білу;

Д) нанотүтікшелерді қолдана отырып, электрондық аспаптарды жасау перспективалары туралы білімді меңгеру;

Е) келесі процестерді білу: ионды бомбалау кезінде кремний диоксиді мен полимерлі материалдардағы кремний және германий нанокристалдарын қалыптастыру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Өндірістік биотехнологиядағы процестер мен аппараттар

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушысы Қалиева А.Қ.

Курсты оқытудың мақсаттары: Процестер мен аппараттар биотехнологиясында теориялық және практикалық білімдерін биотехнологиялық құрылғылармен жұмыс істеуде пайдалану; биотехнология өндірісінің аппараттар мен жабдықталуын зерттеу; қоректің орталардың қасиеттері туралы мәліметі, биообъектілерінің қоректік ортада өсіруін қамтамасыз етуді таныстырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Процестер мен аппараттар биотехнологиясында теориялық және практикалық білімдерін биотехнологиялық құрылғылармен жұмыс істеуде пайдалану; биотехнология өндірісінің аппараттар мен жабдықталуын зерттеу; қоректің орталардың қасиеттері туралы мәліметі, биообъектілерінің қоректік ортада өсіруін қамтамасыз етуді таныстырады.

Пререквизиттер: Сызба геометриясы және инженерлік графика, Өндірістік процестерді цифрландыру, Жасушалық биология.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) оқыту нәтижесінде биотехнологиялық өндіріс технологияларының алуан түрлілігін және олардың тиісті аппаратуралық ресімделуін біледі;
- В) микробтық синтез өнімдерін алу кезінде және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында әртүрлі тамақ шикізатын өңдеу кезінде болатын биотехнологиялық процестер туралы білімді пайдалана алады;
- С) биотехнологиялық жабдықтың мақсатын, жұмыс принципін және оған қойылатын талаптарды біледі;
- Д) биотехнология мен биоинженериядағы қазіргі заманғы жетістіктер туралы олардың болашақ кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру үшін қажетті деңгейде меңгереді;
- Е) қарапайым биотехнологиялық зерттеулерді орындай біледі және алынған нәтижелерге баға бере алады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: **Өнеркәсіп өндірістерін жобалау және пайдалану**

Бағдарлама авторы: Таханова Г.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ маманға жобалық жұмысты ұйымдастыру және биотехнологиялық өндірісті жобалау, сонымен қатар негізгі технологиялық жабдықтардың инженерлік есептері және осы жабдықты таңдау саласындағы қажетті білім көлемін беру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Инженерлік жобалаудың жалпы құрылымы. Өндірістік объектілерді жобалаудың жалпы ерекшеліктері. Биотехнологиялық өнеркәсіп объектілерін жобалаудың міндеттері.

Жобалық зерттеудің әдістемесі. Жобалау әдістері. Жобалық құжаттаманы келісу, сараптау, бекіту және сертификаттау. Жобалаудың негізгі кезеңдері. Бас жоспарды жобалаудың бастапқы деректері және есептері. Кәсіпорын аумағын аймақтарға бөлу. Ғимараттар мен санитарлық қорғау аймағы арасындағы бос орындар. Көлік коммуникациялары. Өндірістік ғимараттарды жобалау. Өндірістік ғимараттарда жабдықтарды орналастыру. Өндірістік ғимараттардың негізгі құрылымдық элементтері

Постреквизиттері: жоғарғы математика, ақпараттық технологиялар, физика, инженерлік графика, процесстер мен аппараттар, биотехнологиядағы ақпараттық технологиялар, сонымен қатар студенттерге кәсіптік дағдылардың сипаттамасын оқытудың пәндік негізін жасайтын басқа пәндер.

Пререквизиттері: Ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалана білу. Авторлар ұжымының құрамында технологиялық жобаларды әзірлеуге қатысу мүмкіндігі;

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Инженерлік және компьютерлік графика элементтерін, конструкторлық құжаттаманың негізгі ережелерін. В. Биотехнологиялық өндірісті ұйымдастырудың негізгі принциптерін, оның иерархиялық құрылымын. С. Биотехнологиялық схемалар мен процестерді оңтайландыру. D. Биотехнологиялық схемалар мен процестерді модельдеу. Е. Өндіріс тиімділігін бағалау әдістері.

Модуль 11.2. Ақуызды заттардың биотехнологиясы және өндірісті ұйымдастыру

Дублин дескрипторлары: А); В); С); D); E); F).

Пәннің атауы: **Ақуызды заттардың биотехнологиясы**

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушысы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаттары: Курс белоктардың, нуклеин қышқылдарының, көмірсулардың және липидтердің өзара байланысын анықтайды. Зат алмасу деңгейлері, тірі жүйелердің ұйымдастырылуы мен құрылуындағы белоктардың рөлі, белоктарды бөліп алу, тазалау және биологиялық материалдардан белоктарды бөліп алу әдістерін үйретеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс белоктардың, нуклеин қышқылдарының, көмірсулардың және липидтердің өзара байланысын анықтайды. Зат алмасу деңгейлері, тірі жүйелердің ұйымдастырылуы мен құрылуындағы белоктардың рөлі, белоктарды бөліп алу, тазалау және биологиялық материалдардан белоктарды бөліп алу әдістерін үйретеді.

Пререквизиттер: Жасушалық биотехнология, Молекулалық генетика, Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы, Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы, Тамақ өнімдерінің сараптамасы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) белоктардың алмасу процесін; белоктарды бөліп алу және тазалаудың биотехнологиялық әдістерін біледі;
- В) алған білімдерін пайдалана отырып биотехнология зертханасында жұмыс жасай алады.
- С) зертханада жұмыс істеу дағдыларын, стерильді жағдайларды қолдау, биомасса мен метаболиттерді алу әдістерін және өнеркәсіптік биотехнология туралы білімді меңгереді;
- Д) белоктық заттар биотехнологиясы пәні бойынша зертханалық жұмыстарда биологиялық материалдармен жұмыс жасай біледі;
- Е) қарапайым биотехнологиялық зерттеулерді орындай біледі және алынған нәтижелерге баға бере алады.

Дублин дескрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: **Химиялық өндірістегі биотехнология**

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б.

Курсты оқытудың мақсаттары: студенттерге биотехнология ғылымының химиялық өндірістегі, металлургияда, көмір өндірісінде, мұнай өндіруде, тағам өнеркәсібінде қолданылу, биогеотехнология жетістіктерін пайдалану мүмкіндіктерін түсіндіру

Пәннің қысқаша мазмұны: Химия өндірісіндегі биотехнология – ғылыми жағынан да, қолданбалы жағынан да әлемде қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Химия және биотехнология – әлемнің көптеген елдерінің өнеркәсіптік кешенінің айқын бөлігін құрайтын ірі кәсіпорындардың негізі. Химиялық технологиялар мен биотехнология адамзат тіршілігінің энергетика, медицина, материалтану, тағам өнеркәсібі, экология және т.б. маңызды сфералары қатарын қозғайды. Химик-технолог немесе биотехнолог мамандығы әр түрлі салада үлкен мансаптық жетістіктерді ашады. Химия өндірісіндегі биотехнология – физикалық және химиялық заңдарды, сонымен қатар математиканы қолданатын химиялық ғылымның бір бөлігі. Химия өндірісіндегі биотехнологияның негізгі міндеттерінің бірі – жаңа материалды жасау және бұрыннан белгілі материалды жетілдіру.

Пререквизиттер: Физика, Инженерлік энзимология, Органикалық және биологиялық химия, Биомолекулалардың органикалық химиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) химия өндірісінде биотехнологиялық әдістердің жүру заңдылықтарын түсінеді;
- В) химиялық және биотехнология өндірістің қарқындылық деңгейін бағалау дағдысы қалыптасады;
- С) өндірістік катализ теориясын меңгереді;
- Д) химиялық өндірістегі биотехнологиялық процестердің технологиялық сызбанұсқасын құрастыра біледі;
- Е) алынған білімді, дағды мен қабілетті кәсіби қызметте қолданады.

Дублин дескрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Биотехнологиядағы құрал-жабдықтар

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушысы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: "Биотехнологиялық құрал-жабдықтар негіздері" курсының мақсаты студенттердің теориялық және практикалық білім мен дағдыларын игеруге, биотехнологиялық құрал-жабдықтардың құрылысы мен пайдалану салаларын білуге үйрету. Берілген жылдық қуаттылық бойынша биообъектінің периодты, жартылай үздіксіз және үздіксіз дақылдау процесі үшін негізгі технологиялық құрылғыларды есептеу, биотехнологиялық өндірістердің өнімдерін тазалау және бөліп алу кезеңдері үшін құрылғыларды таңдау және есептеу, қосымша құрылғыларды есептеу, негізгі технологиялық кезеңдердің материалды және жылулық балансын құру, реконструирленген цехтарда құрылғылардың материалды есептеулердің деректері бойынша таңдалған құрылғыларды бөлу немесе жаңа өндірістік бөлмені жобалау.

Пәннің қысқаша мазмұны: "Биотехнологиялық құрал-жабдықтар негіздері" курсы студенттердің теориялық және практикалық білім мен дағдыларын игеруге, биотехнологиялық құрал-жабдықтардың құрылысын, пайдалану салаларын білуге үйретеді. Берілген жылдық қуаттылық бойынша биообъектінің периодты, жартылай үздіксіз және үздіксіз дақылдау процесі үшін негізгі технологиялық құрылғыларды есептеу, биотехнологиялық өндірістердің өнімдерін тазалау және бөліп алу кезеңдері үшін құрылғыларды таңдау және есептеуді үйретеді.

Пререквизиттері: Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу, Өндірістік биотехнологиядағы процестер мен аппараттар, Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) берілген курсты оқығаннан кейін студент биотехнологиялық өндірістерді жобалаудың принциптерін білу қажет;
- В) барлық негізгі биотехнологияға қажетті зертханалық құрал-жабдықтарды, ыдыстарды білуі қажет және оларды залалсыздандыру тәртіптерін, түрлерін білу;
- С) процестерге қажетті машиналар мен аппараттарды таңдай алу;
- Д) биотехнологиялық өндірістердің негізгі типтерін пайдалануын жүзеге асыра алу;
- Е) негізгі техникалық және технологиялық құжаттарды жасау, отандық және шетелдік өндірушінің бар технологиялық жабдықтары туралы ақпаратты білу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау

Бағдарлама авторы: Таханова Г.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: «Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау» курсының мақсаты болашақ биотехнология инженерлеріне биотехнология кәсіпорындарында өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау және басқару мәселелерінің кешенін шешуге теориялық және практикалық дайындықты қамтамасыз ету болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ұйымдағы жоспарлаудың теориялық негіздері. Ұйымдағы жоспарлаудың функциялары, міндеттері және принциптері. Жоспарлау ретінде бақылау функциясы. Кәсіпорынаралық жоспарлаудың түрлері. Өнімді өндіру мен өткізуді жоспарлау. Техникалық жоспарлау өндірісті дамыту және ұйымдастыру. Жоспарлауды ұйымдастыру. Жоспарланған есептеулер мен көрсеткіштер. Ұйымның

мүмкіндіктерін жоспарлау. Жүйені есепке ала отырып, ұйымдық басқару құрылымдарын қалыптастыру жоспарлау.

Постреквизиттері: жоғарғы математика, ақпараттық технологиялар, физика, инженерлік графика, процесстер мен аппараттар, биотехнологиядағы ақпараттық технологиялар, сонымен қатар студенттерге кәсіптік дағдылардың сипаттамасын оқытудың пәндік негізін жасайтын басқа пәндер.

Пререквизиттері: Кәсіпорынның болжамдары мен жоспарларының жүйесін, жоспарлаудың формалары мен әдістерін білу. Өндірісті басқарудың негізгі әдістері мен стильдерін оқу. Кәсіпорынды басқаруды ұйымдастыру негіздерін оқу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер А. Әлеуметтік, басқарушылық ақпарат көздерін пайдалану. В. Жоспарлау, қамтамасыз ету, бағалау және сапаны басқару әдістерін қолдану өнімнің циклінің барлық кезеңдерінде. С. Дамыту үшін қажетті мәліметтерді жинау және өңдеу дағдылары басқару шешімдерінің жоспарлары мен негіздемесі. D. Өндіріс және оларды пайдалану тиімділігі, ұйымдастырудың ұтымды жолдары. E. Өндіріс тиімділігін бағалау әдістері.

6B05102-Биотехнология
2 (2 жылдық) курс
Қашықтықтан білім беру технологиясы

Қабылдау жылы: 2021

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 4.1. Биотехнологияның іргелі салалары 20 академиялық кредит				
БП ТК	ОВ 2212	Өсімдіктер биотехнологиясы	3	5
БП ТК	МВ 2213	Микроағзалар биотехнологиясы	3	5
КП ТК	ЕВ 2302	Экологиялық биотехнология	4	5
БП ТК	АВ 2214	Ауылшаруашылығы биотехнологиясы	4	5
Модуль 4.2. Жасушалық, экологиялық және жануарлар биотехнологиясы 20 академиялық кредит				
БП ТК	OZhUB 2212	Өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнология	3	5
БП ТК	IE 2213	Инженерлік энзимология	3	5
КП ТК	КОКВ 2302	Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы	4	5
БП ТК	BZhS 2214	Биотехнология және жануарлар селекциясы	4	5
Модуль 5.1. Тағам және медицина биотехнологиясы 25 академиялық кредит				
КП ТК	SSOT 2303	Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы	3	5
КП ТК	ТВ 2304	Тағам биотехнологиясы	3	5
КП ТК	ОККОВ 2305	Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы	3	5
КП ТК	TF 2306	Тамақтану физиологиясы	4	5
БП ТК	MVB 2215	Медициналық және ветеринарлық биотехнология	4	5
Модуль 5.2. Тұтыну қалдықтары және тамақ өнімдерін сараптау 25 академиялық кредит				
КП ТК	SOObt 2303	Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы	3	5
КП ТК	TOS 2304	Тамақ өнімдерінің сараптамасы	3	5
КП ТК	ТККОВ 2305	Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы	3	5
КП ТК	TTF 2306	Тиімді тамақтану физиологиясы	4	5
БП ТК	IB 2215	Иммундық биотехнология	4	5
Модуль 6.1. ББЗ микробиологиялық өндірісі 9 академиялық кредит				
КП ТК	BBZMO 2307	ББЗ микробиологиялық өндірісі	3	5
КП		Өндірістік/Дипломалды практика	4	4
Модуль 6.2. Ақуызды заттардың биотехнологиясы 9 академиялық кредит				
КП ТК	AZB 2307	Ақуызды заттардың биотехнологиясы	3	5
КП		Өндірістік/Дипломалды практика	4	4
Қорытынды аттестаттау 6 академиялық кредит				
		Қорытынды аттесттау	4	6

Модуль 4.1. Биотехнологияның іргелі салалары

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: **Өсімдіктер биотехнологиясы**

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Қоршаған ортаның биотикалық және абиотикалық факторларына тұрақты өсімдіктердің жаңа сорттарын шығаруда биотехнологияның әдістері туралы білім қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өсімдік клеткаларын in vitro өсіру, клеткаларды өсірудің негіздері және әдістері, коректік орталар, өсірілетін клеткалардың биологиясы, каллустың пайда болуы, өсімдіктердің in vitro морфогенезі мен регенерациясы, клеткалық технологияны қолданудың кезеңдері, өсімдіктерді клондық микрокөбейту және сауықтыру, гаплоидтық технология, клеткалық селекция, соматоклондық өзгергіштік, гендік инженерияны қарастырады.

Пререквизиттері: Биотехнология өндірісінің негіздері, Өндірістік биотехнология, Жасуша биотехнологиясы.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) білуі керек: өсімдіктердің биотехнологиясының зерттеу әдістерін; биотехнологиялық өндірісті ұйымдастыру әдістерін; негізгі құрал-жабдықтар және олардың жұмыс істеу принциптері;

В) жасай білу керек: коректік ортаның құрамын жасау және дайындау, зерттеу үшін алғашқы эксплантты дұрыс тандап алу, өсімдік нысандарын стерилдеу әдістерін меңгеру және оқшауланған жасушалар, ұлпалар мен мүшелерді in vitro жағдайында дұрыс өсіру; С) дедифференциацияланған ұлпалар мен регенерант-өсімдіктерді алу әдістерін меңгеру;

Д) дағдылануы керек: өсімдіктерді in vitro жағдайында көбейту;

Е) құзіретті болуы керек: отырғызу материалдарын вирустардан сауықтыру әдісін қолдану және клондық микрокөбейтудің әр түрлі кезеңдерінде ұлпаларды өсіру техникасы.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: **Микроорганизмдер биотехнологиясы**

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді биотехнологияда қолданылатын микробиологиялық процесстердің принциптерімен және ерекшеліктерімен таныстырып, продуцент – микроорганизмдер және шикізатқа қойылатын талаптармен, микроорганизмдерді өсіру әдістерімен, қажетті өнімдерді бөліп алу және тазалау әдістерімен, микробиологиялық синтез бен трансформацияға негізделген нақты өнеркәсіптік өндірістермен таныстыру. Студенттерде қазіргі молекулалық генетика төңерегінде ғылыми білімдерді қалыптастыру. Курс арналған жасушадағы генетикалық ақпараттарды қолдану және беру негізіндегі молекулалық құрылысқы және механизмге негізделген

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс микроорганизмдерді культивирлеу, культивирлеудің оптимальді жағдайлары, өсу және көбею, культивирлеу әдістерін қарастырады. Микробиологиялық өндірістің негіздері, шикізат алу технологиялық процесстердің сатыларын, микробты биомассаны алу, олардың біріншілік және екіншілік түрлі метаболиттерін бөліп алу, нан пісіру ашытқыларын алу, мелассадан ашытқы алу, табиғи газды микробты биомассасын, сутекті бактериялардың биомассасын алуды үйретеді.

Пререквизиттері: Биотехнология өндірісінің негіздері, Өндірістік биотехнология, Жасуша биотехнологиясы, Биотехнологиялық процесстерді математикалық модельдеу.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) дақылдар мен препараттардың тазалығы мен активтілігін анықтау;

В) продуценттердің өсуін бақылап, практикада микроорганизмдер биотехнологиясы жөніндегі білімдерін қолдануды үйрену;

С) ұлпалар және өсімдік мүшелері туралы толық мәлімет алу;

Д) өсімдіктерді жинау, кептіру, этикетка жабыстыру; систематикалық сипаттамасын өз бетінше анықтау үшін салыстырмалы-морфологиялық әдістерді қолдану. Флора, систематика бойынша ғылыми зерттеу жүргізудің практикалық дағдысын қалыптастыру;

Е) өсімдіктер тіршілігіндегі заңдылықтардың жалпы жағдайы, негізгі биологиялық процесстер арасындағы байланысты және бұл процесстердің қоршаған ортамен байланысын анықтау.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: **Экологиялық биотехнология**

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді негізгі экологиялық мәселелермен таныстыра отырып, кәріз суларының тұрмыстық қалдықтармен ластануы, топырақта, су қоймаларында, ауада ауыр металдар концентрациясының артуы, атом бомбасының жарылуы сияқты техногендік факторлардың әсері, топырақтың ластануы. мұнай өндіру және өңдеу аймақтарында органикалық ластаушы заттардың жоғары концентрациясы,

гербицидтерді, пестицидтерді, инсектицидтерді қолданумен байланысты топырақтың ластануы, осы мәселелерді шешудегі биотехнология ғылымының ауқымын түсіндіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экологиялық мәселелер мен бақылау биологияда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі мағынада экологияның өзі организмдердің қоршаған ортамен әрекеттесуін үйрететін биологиялық пән. Биологияның одан әрі дамуы мен тәжірибедегі жетістіктер алдағы экологиялық тоқыраудан шығудың бір жолы болып отыр. Бұл үшін биотехнология маңызды рөл атқарады. Биотехнология қоршаған ортаны қорғауда туындайтын бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі, олар қоршаған ортаны өндірістен, ауылшаруашылық және тұрмыстық қалдықтардан, токсиканттардың деградациясынан, сондай-ақ аз қалдықты өндіріс процестерінен, соның ішінде тамақ және дәрі-дәрмек, жем, минералды өнімдер, энергия.

Пререквизиттері: Өндірістік биотехнология, Биотехнология өндірісінің негіздері, Өндірістік биотехнология, Жасуша биотехнологиясы, Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) қоршаған ортаны қорғаудағы биотехнологиялық әдістердің мүмкіндіктерін білу;

B) биотехнологияда микроорганизмдерді ағынды суларды тазартуда, биогаз өндіруде, қоршаған ортаны тазартуда қолдану мүмкіндіктерін біледі;

C) алған теориялық білімдерін практикада қолдануды біледі;

D) алған білімдерін нақты экологиялық мәселелерді шешу жоспарын құруда пайдаланады;

E) практикалық дағдылар қоршаған ортаны қорғау бойынша жүргізіліп жатқан шараларды сипаттау мен жүзеге асырудың әртүрлі әдістерін қолдануда қалыптасады.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Ауылшаруашылығы биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Ауыл шаруашылығындағы проблемаларының биотехнологиялық шешімі туралы теориялық білімін қалыптастыру, мал шаруашылығында, егін шаруашылығында, жем даярлауда, агрокешеннің қалдықтарын утилизациялау әдістерін үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Ауылшаруашылығы биотехнологиясы» курсына әртүрлі ауруларға қарсы медициналық дәрі-дәрмектер, альтернативті энергия көздерін алу, ауылшаруашылығында өсімдіктердің зиянкестерімен күресу мен жаңа сұрыптарын шығару, мал өнімділіктерін арттыру және экологиялық апат салдарларымен тиімді күресу әдістерін түсіндіреді.

Пререквизиттері: Өндірістік биотехнология, Биотехнология өндірісінің негіздері, Өндірістік биотехнология, Жасуша биотехнологиясы, Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) ауыл шаруашылығында қолданатын биотехнологиялық процестердің теориялық негіздерін, өсімдік, мал шаруашылығы, жер өңдеу, қалдықтарды биоконверсиялау принциптерін білу керек

B) жасай білуі керек: ауыл шаруашылық өнімдерді өндіру деңгейін арттыру мақсатында материалдық ресурстарды тиімді пайдалану

C) жер құнарлығын арттыру әдістерін, жаңа сорт пен породаарды қалыптастыра білуі керек.

D) ауыл шаруашылық өнімділігінің өнімділігін арттыру мақсатында пайдаланылатын әдістерді негіздеп, ауыл шаруашылығын экологизациялау жолдарын пайдалануға дағдылануға міндетті

E) студенттің біліктілігі қалыптасуы тиіс: заманауи биотехнологиялық жетістіктерді ауыл шаруашылығында пайдалана білуге құзырлы болуға міндетті

Модуль 4.2. Жасушалық, экологиялық және жануарлар биотехнологиясы

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге қазіргі заманғы жасушалық және ұлпалық биотехнологияның ең перспективалы даму бағыттары туралы түсінік беру, оның дамуының молекулалық биология, жасушалық және молекулалық биофизика, биохимия, молекулалық генетика, микробиология, молекулалық иммунология және биоинформатика саласындағы жетістіктермен өзара байланысын көрсету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өндіріс қалдықтары туралы түсінік береді. Сонымен бірге оларды жіктеу, өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға техногенді жүктемесі, өндіріс қалдықтарының өмірлік және технологиялық циклы, өндіріс қалдықтарын пайдалану сферасында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру бойынша стратегия және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеудегі негізгі биотехнологияның таңдауын негіздеуді қарастырады.

Пререквизиттер: Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу, Жаратылыстану ғылымдары пәндеріндегі қолданбалы есептер, Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) өсімдіктанудағы жасушалық және ұлпалық биотехнологияның заманауи бағыттарын, технологияларын біледі;
- B) алынған теориялық білімді практикалық қызметте қолдана біледі;
- C) өсімдіктерді культивирлеуге арналған қоректің ортаның құрамын дайындай алады;
- D) биотехнологиялық зертханаларда зертханалық жұмыстар жүргізуге, ламинар бокста жұмыс жасауға дағдысы қалыптасады
- E) технологиялық операцияларды ұйымдастырып, жоспарлай және негіздей біледі

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Инженерлік энзимология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Бисалыева Р.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі энзимологиямен байланысты негізгі ұғымдарды зерттеу, ферменттер деңгейінде метаболизмді реттеу жолдарын талқылау, ферменттер құрылымын анықтау әдістерін және кинетикалық параметрлерді бағалау әдістерін үйрену

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс энзимді инженерлік процесс, ферменттер, иммобилизация, технологиялық схема, шикі зат және қоректік орта, ферментаторлардың принциптік схемасы, түрлері және ферментациялау режимі, өнімді алу әдістері, тұрақты даму концепциясында инженерлік энзимологияның орны, инженерлік энзимология және қоршаған орта, энзимді инженерлік зертеулердің әлеуметтік аспектісін зерттейді.

Пререквизиттер: Биотехнологиялық процестерді математикалық модельдеу, Жаратылыстану ғылымдары пәндеріндегі қолданбалы есептер, Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) инженерлік энзимологияға қол жеткізудің негізгі, қазіргі заманғы бағыттарын білу және түсіну және регламентке сәйкес технологиялық процесті жүзеге асыру биотехнологиялық процестердің негізгі күзиреттілікті қалыптастыруға арналған;
- B) тірі материяның жалпы биохимиялық аспектілері; ақуыздардың құрылымы мен функциялары; ферменттердің қасиеттері және олардың жасушалық метаболизмдегі рөлі; тірі жасушалардағы негізгі энергияға тәуелді процестер; биологиялық макромолекулалар биосинтезінің негіздері туралы түсінікке ие болуы керек;
- C) инженерлік әртүрлі ғылыми-техникалық бағытын қалыптастыра алу;
- D) микро - биологиялық процестердің принциптері мен ерекшеліктері, микроорганизмдердің жоғары өнімді өнеркәсіптік штаммдарын алу әдістері, оларды өсіру және сақтау әдістері, қазіргі заманғы технологияларды, соның ішінде қазіргі студенттің базалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық – компьютерлік технологияларды пайдалану;
- E) білім беру саласындағы іскерліктер болашақ мамандарды теориялық білімдермен және бағдарламалық жұмыс істеудің практикалық дағдыларымен қаруландыру және инженерлік энзимология саласында эксперимент жүргізуді және оңтайландыруды жүзеге асыру. Практикалық жұмыс дағдыларын игеру Негізгі биотехнологиялық процестерді зерттеу үшін эксперимент жүргізу дағдыларын игеру.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б.

Курсты оқытудың мақсаттары: "Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы" курсы әртүрлі ластаушы көздердің қоршаған ортаны ластауының биотрансформациясын қарастырады; антропогендік бұзылған экожүйелердің биотестілеуі және биоиндикациясын қарастырады. Сонымен қатар ағынды суларды аэробтық және анаэробтық тазарту биотехнологиясы, ластанған табиғи суларды тазарту биотехнологиясы, көл экожүйелерін биотұрақтандыру, органикалық қалдықтарды өңдеу биотехнологиясы зерттеледі

Пәннің қысқаша мазмұны: "Қоршаған ортаны қорғау биотехнологиясы" курсы әртүрлі ластаушы көздердің қоршаған ортаны ластауының биотрансформациясын қарастырады; антропогендік бұзылған экожүйелердің биотестілеуі және биоиндикациясын қарастырады. Сонымен қатар ағынды суларды аэробтық және анаэробтық тазарту биотехнологиясы, ластанған табиғи суларды тазарту биотехнологиясы, көл экожүйелерін биотұрақтандыру, органикалық қалдықтарды өңдеу биотехнологиясы зерттеледі.

Пререквизиттер: Молекулалық генетика, Биомолекулалардың органикалық химиясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) қоршаған ортаны қорғауда биотехнологиялық әдістердің мүмкіндіктерін білу;
- B) ағынды суларды тазартуда, биогаз алуда және қоршаған ортаны тазартуда биотехнологияда микроорганизмдердің қолдану мүмкіндігін біледі;
- C) алынған теориялық білімін тәжірибе жүзінде қолдана біледі;
- D) алынған білімді нақты экологиялық мәселелерді шешу бойынша жоспар құруда қолданады;
- E) қоршаған ортаны қорғау бойынша жүргізілетін іс-шараларды сипаттау және жүргізу бойынша түрлі әдістерді қолдану бойынша тәжірибелік дағды қалыптасады.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Биотехнология және жануарлар селекциясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаты: "Биотехнология және жануарлар селекциясы" курсын меңгерудің мақсаты - білім алушыларды жануарлар биотехнологиясын дамытудың негізгі бағыттарымен таныстыру, студенттердің биотехнологиялық ойлауын, жүйелі білімін, биотехнология саласындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Курс жануарлардың жаңа түрлерін молекулалық селекциялаудың заманауи постгеномдық және биотехнологиялық әдістері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс жануарлар биотехнологиясының дамуының негізгі бағыттарын, мал шаруашылығындағы клеткалық және эмбриогенетикалық инженерия, трансплантанттардың өнімді қасиеттерін қалыптастырудың биологиялық және биотехнологиялық мәселелерді қарастырады. Жануарлардың биотехнологиясы мен селекциясында генетикалық трансформацияны қолданады.

Пререквизиттер: Молекулалық генетика, Биомолекулалардың органикалық химиясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) биотехнологиялық әдістерді мал шаруашылығы мен медицина ғылымы мен практикасында қолдану туралы түсінікке ие болу;
- B) жануарлар биотехнологиясының жалпы биологиялық негіздерін білу;
- C) жануарлардың биотехнологиясы бойынша эксперименттерді дұрыс жоспарлау;
- D) жануарлардың соматикалық және ұрық жасушаларын клондау және генетикалық трансформациялау принциптерін білу;
- E) өндірісті ұйымдастыру және таза өнімді өндірудің биотехнологиялық схемасын құрастыру.

Модуль 5.1. Тағам және медицина биотехнологиясы

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Кемалова Н.

Курсты оқытудың мақсаттары: Курс шикі сүт және оның микробиологиялық негіздері, сүт ашыту, сүт ашыту патогендері, сүт өнеркәсібі пайдаланылатын микроорганизмдер, сүт өнімдерінің сипаттамалары, сүт зарарсыздандыру және пастерлеу, дайындау және пісіру, сүт және сүт өнімдерінің сапасын биохимиялық талдау әдістерін қарастырады.

Сүт және сүт өнімдері технологиясы саласындағы өндірістік-технологиялық, жобалау және зерттеу қызметі үшін қажетті білім алуы, сүт өнімдерін өндіру және сақтау кезінде биотехнологиялық процестер саласында қажетті теориялық білімді қалыптастыру,

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс шикі сүт және оның микробиологиялық негіздері, сүт ашыту, сүт ашыту патогендері, сүт өнеркәсібі пайдаланылатын микроорганизмдер, сүт өнімдерінің сипаттамалары, сүт зарарсыздандыру және пастерлеу, дайындау және пісіру, сүт және сүт өнімдерінің сапасын биохимиялық талдау әдістерін қарастырады.

Пререквизиттер: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері, Жасуша биологиясы

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) сүттің химиялық және физикалық қасиетін білу, сүт және сүт өнімдерінің технологиясын білу;
- B) технологиялық операцияларды ұйымдастыру, жоспарлай және негіздей білу;
- C) сүт өнімдерін өндірудегі технологиялық процестерді жетілдіру дағдыларын меңгеру, нақты технологиялық жағдайларға бейімдеу;
- D) сүт өнімдерінің биотехнологиясында ғылыми жетістіктерді қолдану;
- E) сүттің, қосалқы материалдар мен дайын өнімнің сапасын, құрамын және қауіпсіздігін бағалау кезінде нормативтік құжаттаманы меңгеру.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Тағам биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаттары: азық-түлік өнімдерін өндіру саласында қолданылатын әр түрлі топтағы микроорганизмдер жасушаларындағы биологиялық процестердің негіздерімен, тағам өнеркәсібіндегі биотехнологиялық әдістермен таныстыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Тамақ өнімдерін өндіру технологиясындағы микроорганизмдердің рөлін зерттейді. Сүт тағамдарын, шарап, сыра жасау және нан пісіру өндіріс технологиясын, тамақ өнімдерін дайындаудағы

биотехнологиялық процестердің факторлары мен жағдайларын, тамақ өндірістерінің микробиологиялық бақылауының жалпы принциптерін қарастырады.

Пререквизиттер: Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі, Тағам микробиологиясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ашытқы, нан пісіру, сүт өңдеу өндірістерінде, спирт өндіруде, сыра қайнатуда, шарап жасауда қолданылатын биотехнологиялық әдістерді біледі;

В) микробтық синтез өнімдерін алу кезінде және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында әртүрлі тамақ шикізатын өңдеу кезінде болатын биотехнологиялық процестер туралы білімді пайдалана алады;

С) функционалдық сауаттылықты арттыру үшін теориялық және практикалық әдістерді қолдану қабілеті;

Д) заманауи тағамдық биотехнологиядағы гендік инженерия әдістерін біледі;

Е) қарапайым биотехнологиялық зерттеулерді орындай біледі және алынған нәтижелерге баға бере алады.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Агидиева М.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Қалдықтар туралы және оларды жою және қайта өңдеу әдістері туралы жалпы түсінік қалыптастыру және қалдықтарды өңдеу биотехнологияларында әртүрлі биологиялық және экологиялық пәндерді оқу барысында алынған теориялық білімді қолдана білуді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс өндіріс қалдықтары туралы түсінік береді. Сонымен бірге оларды жіктеу, өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға техногенді жүктемесі, өндіріс қалдықтарының өмірлік және технологиялық циклы, өндіріс қалдықтарын пайдалану сферасында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру бойынша стратегия және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеудегі негізгі биотехнологияның таңдауын негіздеуді қарастырады.

Пререквизиттері: Биотехнология өндірісінің негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері, Биотехнология негіздері

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Осы курсты бітірген студент келесілерді білуі қажет:

А) қалдықтарды басқара білу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете білу;

В) қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін білу қажет;

С) органикалық және бейорганикалық қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін, антропогендік жолмен алынған ксенобиотиктердің биодеградациясын білу, ластанған топырақтар мен техногенді аумақтарды қалпына келтіру;

Д) қатты және сұйық қалдықтарды қайта өңдеуге арналған аппараттар мен жабдықтардың жұмыс істеу принципі мен құрылымын білу;

Е) қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру үшін аппараттарды, жабдықтарды және биотехнологиялық схемаларды таңдау принциптерін білуі қажет.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тамақтану физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Темиркулова Р.С.

Курсты оқытудың мақсаты: ас қорыту физиологиясы мен рационалды тамақтану негіздерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адамның тамақтану физиологиясы туралы, диеталық тамақтану принциптері мен құнарлы тамақтанудың теориялық негіздері бойынша білім береді. Азық-түлік өнімдерінің физиологиялық қасиеттерімен танысу және олардың ағзаға әсер ету механизмін білу; шикізаттың пайдалы қасиеттерін оңтайлы қолдана білу, тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен олардың құнарлығы берілген кестелерді қолдануды үйрену іскерліктерін қалыптастырады.

Пререквизиттер: Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі, Тағам микробиологиясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ағзаның ас қорытуының негізгі ерекшеліктерін білу;

В) тиімді тамақтану принциптерін білу;

С) тамақтанудың барабарлығын бағалауды ұйымдастыру;

Д) жеке рациондарды түзету ережелерін білу;

Е) тамақ өнімдерінің химиялық құрамының кестелерімен жұмыс істей білу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Медициналық және ветеринарлық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каренеева Ж.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Биотехнологиялық әдістерімен алынатын дәрі-дәрмектердің сапасын және идентификациясын бақылау әдістерінің фундаменталды негіздерін, генетикалық инженерия және инженерлік энзимологияның әдістері арқылы өндірісті жетілдіру негіздері; - биотехнологиялық дәрілік заттарды дайындау дағдылары мен тәжірибе жүргізгенде жүзеге асыруды, шикізаттың, қоректік орталар, жартылай өнімдер мен соңғы өнімдердің сапасын бағалау жөнінде қалыптастыру; - биотехнологиялық өндірістің сәйкестігін, өдірісте қолданылатын биообъект продуценттер және соңғы өнімдерінің экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін дұрыс бағалау қабілетін, сонымен бірге дәрілік препараттар ретінде рекомбинантты белоктардың сапасын бағалау кезінде дұрыс бағдарды қалыптастыру. «Медициналық және ветеринарлық биотехнология» пәні дәрітанудың әртүрлі сұрақтарды, оның ішінде өсімдік, жануар және минерал тектес табиғи шикізат материалдарды дәрілік препараттарға өңдеу, дәрілік заттардың синтезін, дәріханалық және өнеркәсіптік жағдайларда дәрілерді дайындау, дайындалған дәрілер мен дәрілік препараттарға жан-жақты анализ жүргізу, сонымен бірге фармацевтикалық өндірістің биотехнологиясын ұйымдастыру сұрақтарын қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Медициналық және ветеринария биотехнология» курсы қазіргі кездегі биологияның негізгі зерттеулеріне сүйене отырып, кең көлемде арзан дәрі - дәрмектік қасиеті бар өнімдерге жалпы түсінік береді. Осы өнімдерді синтездеуге бағытталған қазіргі дәрі - дәрмек саласындағы өзгерістерді, олардың продуценттерін, биологиялық әдістердің кеңінен қолданылуын түсіндіреді.

Пререквизиттері: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) биотехнологиялық әдістермен дәрілік, профилактикалық және диагностикалық препараттарды алуды меңгеру;
- В) биообъектілердің классификациясын жіктей алу;
- С) микробиологиялық өндіріс технологиясына және де оларды бақылау, қарқындалу және басқару әдістерін меңгеру.
- Д) дәрілік препараттарды жасаудың медико-биологиялық және ветеринарлық-биологиялық тәсілдерінің стратегиясын білу;
- Е) практикалық денсаулықты сақтау және ветеринарияда пайдаланылатын, гормондар, интерферондар, интерлейкиндер, антибиотиктер, антиденелер, вакциналар дәрілік заттардың өндірістік деңгейдегі өндірілуін зерттей алу.

Модуль 5.2. Тұтыну қалдықтары және тамақ өнімдерін сараптау

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Кемалова Н.

Курсты оқытудың мақсаттары: Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы курсы сүт өнімдерінің ферментациясы, сүтқышқылды өнімдері, сүт өнеркәсібінде қолданатын закваскалар, сүт өндіру кезінде ББҚ-ды пайдалану, сапа және қауіпсіздік қадағалау жүйесі, ашытатын бөлімдерінде жұмыс тәртібі, ашытқылар, ұлттық өнімдер, простокваша, айран, ряженка, сүзбе ірімшік алу жолдарын үйретеді. Сүт өнімдерін өндіру және сақтау кезінде биотехнологиялық процестер саласында қажетті теориялық білімді қалыптастыру, сүт және сүт өнімдерінің биотехнологиясы саласындағы өндірістік-технологиялық, жобалау және зерттеу қызметі үшін қажетті практикалық дағдыларды игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы курсы сүт өнімдерінің ферментациясы, сүтқышқылды өнімдері, сүт өнеркәсібінде қолданатын закваскалар, сүт өндіру кезінде ББҚ-ды пайдалану, сапа және қауіпсіздік қадағалау жүйесі, ашытатын бөлімдерінде жұмыс тәртібі, ашытқылар, ұлттық өнімдер, простокваша, айран, ряженка, сүзбе ірімшік алу жолдарын үйретеді.

Пререквизиттер: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері, Жасуша биологиясы

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) сүт химиясы мен физикасын, сүт және сүт өнімдерінің технологиясын білу;
- В) технологиялық операцияларды ұйымдастыру, жоспарлай және негіздей білу;
- С) сүт өнімдерін өндірудегі технологиялық процестерді жетілдіру дағдыларын меңгеру, нақты технологиялық жағдайларға бейімдеу;
- Д) сүт өнімдерінің биотехнологиясында ғылыми жетістіктерді қолдану;
- Е) сүттің, қосалқы материалдар мен дайын өнімнің сапасын, құрамын және қауіпсіздігін бағалау кезінде нормативтік құжаттаманы меңгеру.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Тамақ өнімдерінің сараптамасы

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Бақытжанқызы Б

Курсты оқытудың мақсаттары: Азық-түлік қауіпсіздігі саласында терең ғылыми білім беру, сонымен қатар мемлекеттік дамудағы оның маңызын зерттеу. Микробиологиялық сапаны бақылау және ауылшаруашылық шикізаты мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы білікті мамандарды даярлау, сондай-ақ микроорганизмдермен жұмыс жасау және микробиологиялық талдаудың жаңа экспресс әдістерін жасау үшін ғылыми және практикалық білімнің қажетті негізін құру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Азық-түлік тауарларын сараптаудың теориялық негіздері, азық-түлік тауарларының тауартану сараптамасы, азық-түлік тауарларына санитарлық-эпидемиологиялық сараптама, азық-түлік тауарларының ветеринариялық-санитариялық сараптамасы, сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін сараптау. Тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен олардың құнарлығына берілген кестелерді қолдануды үйрену іскерліктері қалыптасады.

Пререквизиттер: Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі, Тағам микробиологиясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) тағам өнеркәсібі орындарында микробиологиялық бақылауды ұйымдастыруды біледі;
- B) функционалды сауаттылықты арттыру үшін теориялық және тәжірибелік әдістерді қолдана білу қабілеті;
- C) мәселелік жағдайға сәйкес ғылыми-техникалық, жаратылыстану және жалпы ғылыми ақпаратты тез табу, талдау және өңдеу қабілеті;
- D) тағам өнімдеріне микробиологиялық талдау жүргізе білу және микроорганизмдердің жалпы саны мен санитарлық-көрсеткішті анықтай білу;
- E) интерне жүйесінде ақпаратты өздігінен өңдеп үйрену.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E).

Пәннің атауы: Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Бисалыева Р.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Қалдықтар туралы және оларды утильдеу және қайта өңдеу әдістері туралы жалпы түсінік қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тұтыну қалдықтары туралы түсінік және оларды жіктеу, тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға техногенді жүктемесі, тұтыну қалдықтарының өмірлік және технологиялық циклы, тұтыну қалдықтарын пайдалану сферасында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру бойынша стратегия және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Тұтыну қалдықтарын қайта өңдеудегі негізгі биотехнологияның таңдауын негіздейді.

Пререквизиттері: Биотехнология өндірісінің негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері, Биотехнология негіздері

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) қалдықтарды басқара білу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете білу;
- B) қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін білу қажет;
- C) органикалық және бейорганикалық қалдықтарды қайта өңдеудің биотехнологиялық әдістерін, антропогендік жолмен алынған ксенобиотиктердің биодеградациясын білу, ластанған топырақтар мен техногенді аумақтарды қалпына келтіру;
- D) қатты және сұйық қалдықтарды қайта өңдеуге арналған аппараттар мен жабдықтардың жұмыс істеу принципі мен құрылымын білу;
- E) қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру үшін аппараттарды, жабдықтарды және биотехнологиялық схемаларды таңдау принциптерін білуі қажет.

Дублин дискрипторлары: A); B); C); D); E)

Пәннің атауы: Тиімді тамақтану физиологиясы

Бағдарлама авторы: м.ғ.к., доцент Темиркулова Р.С.

Курсты оқытудың мақсаты: рационалды тамақтану негіздерін және оның адам денсаулығына әсерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адамның тағамдағы заттарға деген қажеттілігін және олардың ағзаға әсерін зерттейді. Курста биомолекулалардың негізгі кластары: ақуыздар, майлар, көмірсулар, және т.б. сипатталады. Ағзаның жұмыс істеуіне ғана емес, сонымен қатар жасушаларда, ұлпаларда, мүшелерде және жалпы ағзада өтетін зат алмасу процестерін реттеу ерекшеліктеріне де көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттер: Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі, Тағам микробиологиясы, Тамақтанудың гигиеналық негіздері

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) тиімді тамақтанудың негізгі принциптерін білу;
- B) тәуліктік энергия шығындарын бағалау әдістерін білу;
- C) тамақтанудың барабарлығын бағалауды ұйымдастыру;
- D) жеке рациондарды түзету ережелерін білу;

Е) тамақ өнімдерінің химиялық құрамының кестелерімен жұмыс істей білу.

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Иммундық биотехнология

Бағдарлама авторы: магистр, оқытушы Каренеева Ж

Курсты оқытудың мақсаты: "Иммундық биотехнология" пәнінің мақсаты - білім алушыларда иммунобиотехнологиялық препараттар, оларды әзірлеу, өндіру және қолдану негіздері туралы қазіргі заманғы түсініктерді қалыптастыруға негізделген.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Иммундық биотехнология» курсы медициналық және ветеринариялық биопрепараттарды әзірлеу жолдарын, әдіс-тәсілдерін қарастырады. Жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының иммуноанализінің сезімталдығы мен ерекшелігін арттыру бағытын және жасушалық деңгейде иммундық жауаптың мәнін анықтайды.

Пререквизиттері: Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері, Биотехнологиялық жүйелерді анализдеу негіздері.

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) цитокин препараттарын, антигендерді, вакциналарды, антиденелерді алу және қолдану принциптерін зерттеу;
- В) адамның қан плазмасынан препараттар мен иммунопрепараттар алу биотехнологиясын зерттеу;
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Білу және қолдану: қалдықтарды өңдеу техникасы мен технологиялары және алған білімдерін практикада қолдану. В) Техникалық мүмкін, экономикалық тұрғыдан орынды және экологиялық қауіпсіз шараларды іс жүзінде жүзеге асырудың қажетті әдістерін қолдана білу. С) Қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және өңдеуге арналған кәсіпорындарды жобалаудың инженерлік мәселелерін өз бетінше шеше білу; D) Қарым-қатынас саласында - табиғат құндылықтарына, табиғи ресурстарға деген құрмет сезімін қалыптастыру; E) Оқыту саласында - қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеуге байланысты заманауи мәселелерді талдау мүмкіндігі.

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экологиялық әсерді бағалау

Бағдарлама авторы: Ташимова А.С

Құрсты оқытудың мақсаты: Ластануды жүйенің тепе – теңдігін бұзатын кез келген агент ретінде бағалау. Ластану әр түрлі белгілері бойынша жіктеледі: шығу тегі бойынша: табиғи және жасанды (антропогенді); пайда болу көзіне байланыстылығын болжау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс экологиялық жобалау саласындағы практикалық жұмыс негіздеріне арналған. Жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға, ұлттық процедураға және жобалық құжаттаманың құрамына әсерін бағалау әдістемесі қарастырылады. Қолданыстағы инженерлік нысандардың қоршаған ортаға тигізетін әсеріне үлкен көңіл бөлінеді. Жобалардың мемлекеттік экологиялық сараптамаларын жүргізу рәсімі мен принциптері қамтылған. Экологиялық жобалаудың нормативтік-құқықтық базасы зерттеледі.

Постреквизиттері: Әлеуметтік экология, Экологиялық химия

Постреквизиты: Экологиялық нормалау және сараптама.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. ауыз судың табиғи көздерінің радиоактивті ластануына бақылау жүргізу және мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау бағдарламасының шеңберінде радионуклидтердің жоғары құрамы бар гидрогеологиялық ұңғымаларды жою, В. Қалаларда ауа ластануының жоғары деңгейінің себебі — өндірістің ескірген технологиялары, тиімсіз тазартқыш құрылыстар, қолданылатын отынның төмен сапасы, қуаттың жаңғыртылатын және дәстүрлі емес көздерінің аз пайдаланылуы. С. Ауа бассейнінің ластануы, сондай-ақ көмірсутегі шикізатының бұрынғы кен орындарын дамытумен және жаңа кен орындарын игерумен де байланысты, бұл атмосфераның күкіртсутегімен, меркаптандармен ластануы. D. Мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау бағдарламасының шеңберінде радионуклидтердің жоғары құрамы бар гидрогеологиялық ұңғымаларды жою; жоғары радиациялық сәуле алу қаупі туралы халықты уақытылы хабардар ету жөнінде шаралар әзірлеу; E. Табиғи радиоактивтіліктің жоғары деңгейін беретін уран беруші алты ірі геологиялық өңір, көптеген шағын кен орындары мен уран байқалатын кеніштер, уран өндіруші кәсіпорындар мен ядролық жарылыстар жасалған жерлерде шоғырланған қалдықтарды зерттеу.

6.1 Академиялық жазу және өнеркәсіптік экология модулі

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Су энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Құрстың оқытудың мақсаты: Пәнді оқыту кезінде суды пайдаланудың кейбір экологиялық аспектілерін қарастыру, су ресурстарының жай-күйінің сапасын бағалау мәселелерін қарастырады, судың интегралды және физико-химиялық көрсеткіштер бойынша жіктелуі қарастырылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту барысында су ресурстарының жай-күйі мен табиғи сулардың сапасын бағалау мәселелерін қарастырады, шаруашылық қызметтің су ресурстарына әсері туралы материалдар ұсынады, судың интегралды және физико-химиялық көрсеткіштер бойынша жіктелуі қарастырылады. Пәнде Қазақстан Республикасының негізгі су-экологиялық мәселелері айқындалады, су ресурстарын пайдаланудың және су-экологиялық мәселелерін шешудің экологиялық аспектілері ұсынылады.

Пререквизиттері: Дәстүрлі емес және жаңартылған энергетика қондырғыларының энергетикалық құрылымы, Физиканың арнайы бөлімдері.

Постреквизиттері: Күн энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) су ресурстарының жай-күйі мен жұмыс істей алады және өнеркәсіптік экология саласындағы экологиялық қатерді төмендету жөніндегі міндеттерді шеше алады; В) Табиғи ортаның экологиялық жағдайын бағалайды; өндірістің қоршаған ортаға техногендік әсерін бағалауды және биоклиматтық индекстер есебін жүргізеді, сондай-ақ әртүрлі климаттық аймақтар. С) судың интегралды көрсеткіштер бойынша жіктелуі қарастырылады және жарату әдістерін біледі; судың физико-химиялық деректер базасын енгізу және ұйымдастыру

дағдыларын қалыптастырады. Д) Қарым-қатынас жүргізе білуі – төзімділік таныту, қоршаған ортаның бағалы заттарына, табиғи қорларға құрметпен қарау; Е) Білім саласын меңгеруде – қоршаған орта мәселелерін талдай білу.

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Күн энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Курстың оқытудың мақсаты: Кез-келген мамандық бойынша инженер энергияны ұтымды пайдалануды қадағалаңыз, оның алдын алыңыз еріксіз шығындар, энергия үнемдеуді құруға ықпал ету қызметкерлерге физикалық мағынасы мен техникалық әдістерін түсіндіру күн энергиясын дұрыс пайдалану технологиялық тәртіпті қатаң сақтауды талап ету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән адамзаттың қазіргі заманғы проблемасын - энергия ресурстарының дағдарысын қарастырады. Осыған байланысты балама энергия көздеріне жүгінетін жаңа көздерді пайдалану қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар күн энергиясын экологиялық таза және жаңартылатын энергия көзі ретінде қолдану саласы; күн энергиясына, олардың құрылғысы және жұмыс принциптері негізделген жаңа құрылғыларды қарастырады.

Пререквизиттері: Су энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері.

Постреквизиттері: Электр станция құрылысының технологиялық негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Экологиялық сараптама жүргізу ерекшеліктерін, экологиялық сараптама жүргізуді ұйымдастыру түрлері, экологиялық инспекция және бақылау, мемлекеттік инспекторлардың міндеті және құқығы туралы білу және түсіну., В. қоршаған орта жағдайын бағалау мақсатында зертхана жағдайында экологиялық инспекция және бақылау жүргізу, экологиялық сараптамаға жүргізген талдауды тәжірибе жүргізуге қолдану, С. Өз көзқарасын білдіру және дәлелдеу, өз дәлелдерін келтіру, қорытынды жасап, салыстыра білу; D. Қарым-қатынас жүргізе білуі –қоршаған ортаның байлығына, табиғи қорларға құрметпен қарау; Е. Білім саласын меңгеруде –экологиялық сараптаманы және қазіргі мәселелерді талдай білу.

6.2 Академиялық жазу және өндірістік экология модулі

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Пәннің атауы: Су энергиясы жабдықтары мен технологиясы.

Курсты оқытудың мақсаты: Күн энергиясының электрмен жабдықтау жүйесінің жұмысын арттыру анық проблемаларды қарастыру. Электрмен жабдықтау жүйенің электрэнергияны шығарғанда және тұтыну кезінде режим параметрлерін оңтайландыру. Жинақтағыштары бар күн шағын электр станциясының жобасы қамтамасыз етуге қабілетті электр энергиясының автономды тұтынушыны электрмен жабдықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс гидроэнергияны алу, түрлендіру, тарату және пайдалану үдерісінің модельдері мен технологияларын , сондай-ақ гидроэнергетикадағы гидрологиялық және гидрометриялық есептеулерді зерттейді. Гидроэнергетикалық құрылғылардың (ГЭҚ), гидроэлектрстанциялардың (ГЭС), гидроаккумуляциялаушы электрстанциялардың (ГАЭС) негізгі түрлері қарастырылады.

Пререквизиттер: Су энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері.

Постреквизиттер: магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Энергия және ресурс үнемдеуді ескере отырып, электр энергетикасы және электр техникасы саласында шешімдер қабылдау. В) Энергия және ресурс үнемдеуді ескере отырып, электр энергетикасы және электр техникасы саласында шешімдер қабылдау. С) Стандарттар мен нарық талаптарына жауап беретін өнімді шығаруды қамтамасыз ететін электр энергетикалық және электр техникалық бұйымдарды өндіру кезінде қолданыстағы технологиялық процестерді басқару. D) Кәсіпорында инновациялық қызметті ұйымдастырудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу. Е) Инновациялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жүзеге асыру және оларды басқару.

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Пәннің атауы: Күн энергиясының өндіруісі күн және энергетика қондырғыларын жобалау

Курсты оқытудың мақсаты: "Күн энергиясының өндірісі, күн және энергетика қондырғыларын жобалау" пәнін игерудің мақсаты электр энергетикасы объектілерінің режимдік қасиеттерін түсіну және оларды жаңартылатын энергия көздері негізінде қондырғыларды басқару, пайдалану, жобалау кезінде пайдалану саласындағы құзыреттерді дамыту болып табылады. Жинақтағыштары бар күн шағын электр станциясының жобасы қамтамасыз етуге қабілетті электр энергиясының автономды тұтынушыны электрмен жабдықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс күн энергетикасы бойынша білім алуға, сондай-ақ күн энергиясын өндіруге арналған технологиялық схемалар мен қондырғыларды құрастыра білуге және дағдыландыруға бағытталған. Күн энергиясын алудың және оларды әртүрлі салаларда қолданылуының заманауи әдістерімен таныстырады. Күн энергиясы қондырғыларын есептеу және олардың тиімділігін бағалау әдістерін меңгертеді.

Пререквизиттер: Жаңартылатын энергия көздерін қолданудың физикалық негіздері

Постреквизиттер: магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Энергия және ресурс үнемдеуді ескере отырып, электр энергетикасы және электр техникасы саласында шешімдер қабылдау. В) Энергия және ресурс үнемдеуді ескере отырып, электр энергетикасы және электр техникасы саласында шешімдер қабылдау. С) Стандарттар мен нарық талаптарына жауап беретін өнімді шығаруды қамтамасыз ететін электр энергетикалық және электр техникалық бұйымдарды өндіру кезінде қолданыстағы технологиялық процестерді басқару. D) Кәсіпорында инновациялық қызметті ұйымдастырудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу. E) Инновациялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жүзеге асыру және оларды басқару.

7.1 Қоршаған орта және электростанциялар модулі

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Биомасса, биогаз, биоотын

Бағдарлама авторы: Нурмуханова Г.Е.

Курсты оқытудың мақсаты: Биомассадан биометан алудың көздері мен әдістері, сондай-ақ химиялық процестердің ерекшеліктері қарастырылады. Анаэробты реакторлардың екі түрі ұсынылған, олар жұмыс тиімділігі, экологиялық тазалығы, климаттық жағдайларға байланысты ерекшеленеді. Экологиялық проблемаларды шешуде биометанды пайдалану перспективалары анықталды.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс өсімдік биомассасынан энергия өндірудің белгілі технологияларын және өсімдік биомассасынан энергия өндірудің перспективалы бағытын зерттеуге бағытталған. Бұл курста жаңартылатын шикізаттан, ең алдымен өсімдік тектес биоотын қолдану арқылы энергетикалық проблеманы шешу жолдары қарастырылады; дизельді биоотын, биогаз, биоэтанол және қатты түйіршікті биоотын түрлерінің ғаламдық энергетикалық баланстағы маңыздылығы көрсетілген; алдағы жылдары биоотынның, әсіресе моторлы биоэтанол мен биодизельдің рөлі жалпы энергетикалық баланста едәуір артады деген қорытындыға келді.

Пререквизиттері: Электр станция құрылысының технологиялық негіздері.

Постреквизиттері: магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Экологиялық іс-әрекет түрлерін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құжаттарды; В) Биоэнергетика саласында тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру және пайдалана білу. С) Биоэнергетика саласындағы құжаттарды тапсырмалармен бірге шешу; D) жылу және электр энергиясын өндіруге арналған машиналар мен жабдықтардың құрылымы мен жұмыс принципіні оқу; E) Білім саласын меңгеруде – қоршаған орта мәселелерін талдай білу.

7.2 Экологиялық бақылау модулі

Дублиндік дискрипторлары: А); В); С); D); E)

Пәннің атауы: Экологиялық сынағаларды дайындау

Бағдарлама авторы: Нурмуханова Г.Е.

Курстың оқытудың мақсаты: Экологиялық сынағаларды дайындау оларды жақсарту бойынша ұсыныстар, экологиялық жағдайы мен ағынды және тұрақты сапасын зерттеу

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнде ауада, суда, топырақта, биологиялық орталарда және тамақ өнімдеріндегі ластаушы заттарды анықтауда тәжірибелік эко-аналитикада үлгі дайындау әдістерін егжей-тегжейлі талқылайды. Матрицадан алынған экстракцияның жаңа әдістеріне ерекше назар аударылады (қатты фазалық экстракция, суперкритикалық сұйықтық хроматографиясы, микротолқынды пеште экстракция, суперкритикалық жағдайдағы сумен экстракция және мақсатты компоненттерді дериватизациялаумен қоса). Көптеген стандартты әдістемелер ұсынылған.

Пререквизиты: Қоршаған орта сапасын бақылау.

Постреквизиты: магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) негізгі экологиялық заңдар, түсініктер мен терминдер, экологиялық мониторинг негіздері. С) аналитикалық және практикалық мәселелерді шешуге, материалды, дерексіз әдеби дерек көздерін және мәселе бойынша ақпараттық материалдарды қорыту. С) экологиялық аудит пен сертификаттаудың теориялық негіздерін негізгі жалпы экологиялық түсіну. D) типтік кәсіби мәселелерді шешуде экологиялық зерттеу әдістерін қолдану; E) ақпаратты іздеудің, жинаудың және сақтаудың ұтымды әдістері.

6B07104-Экоэнергетика

3 (3) курс

(Қысқартылған білім бағдарламасы)

Қабылдау жылы: 2020

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
8.1 Қоршаған ортаны инженерлік қорғау модулі - 28 академиялық кредит / 28 ECTS				

БП ТК	EUMM 3214	Экологиялық үрдістерді математикалық моделдеу	5	6
КП ТК	KOKTT 3303	Қоршаған ортаны қорғаудың техникасы мен технологиясы	5	5
КП ТК	EZhKD 3304	Экологиялық жобаларды құру және дайындау	5	5
БП	DP	Дипломалды практика	6	2
КП	OP	Өндірістік практика	6	10
8.2 Экологиядағы модельдеу модулі - 28 академиялық кредит /28 ECTS				
БП ТК	EMM 3214	Экологиядағы математикалық моделдеу	5	6
КП ТК	TZhKKK 3303	Табиғи жүйелерді қорғау және қалпына келтіру	5	5
КП ТК	ESA 3304	Экологиялық сараптама және аудит	5	5
БП	DP	Дипломалды практика	6	2
КП	OP	Өндірістік практика	6	10
9 Балама энергия модулі – 20 академиялық кредит / 20 ECTS				
КП ЖК	KEPEA 3305	Күн энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері	5	5
КП ЖК	ZhEZhKP 3306	Жел энергиясын және жел қондырғыларын пайдалану	5	5
КП ЖК	ZhEOKEB 3307	Жасыл энергия объектілерін кешенді экологиялық бағалау	5	5
КП ЖК	SEPEA 3308	Су энергиясын пайдаланудың экологиялық аспектілері	5	5

8.1 Қоршаған ортаны инженерлік қорғау модулі

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экологиялық үрдістерді математикалық моделдеу

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді табиғи-антропогендік жүйелердің дамуы, құрылымы, өмір сүру және динамикасын, қоршаған орта аясындағы өзара әрекеттесуді және байланыстарды зерттеу үшін математикалық модельдерді құрастыру тәсілдерімен және теориялық ізденістермен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экологиялық үрдістерді математикалық моделдеу қазіргі таңда экожүйеге антропогенді әсердің салдарын болжайтын бірден бір әдіс болып табылады. Қоршаған ортаға қандай да бір фактордың әсер етуі салдарынан болуы мүмкін өзгерістерге болжам жасау жиі талап етіліп отыр. Сол себепті модель мәселелерді нақтылы зерттеуге және оны шешудің тиімді тәсілдерін табуға мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: Техногендік экология негіздері

Постреквизиттері: Экологиялық жобаларды құру және дайындау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) модульдерді сипаттайтын қажетті әдістерді қолданып, соның ішінде нысананы салыстырмалы біркелкі өзара байланысқан бөлімдерге бөле алады; В) математикалық моделдер типтерін түсінеді (концептуалдық тепе-теңдікті, статистикалық, динамикалық, оптимизациялық); С) параметрлер мәндерін анықтап және формулалар бойынша есептеулер жүргізеді; D) антропогендік зиянды (негативтік) әсерін алдын алу (тоқтату) мақсатымен табиғи кешендерді модельдеудің нәтижелерін интерпритациялай алады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Қоршаған ортаны қорғаудың техникасы мен технологиясы

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға ықпалын азайтуға бағытталған техниканың ең соңғы жетістіктерін, ең жаңа құрал-жабдықтарын пайдалану, ұйымдастыру және басқару шараларын оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс кәсіпорындарды қоршаған ортаны қорғау үшін пайдаланылатын қазіргі заманғы техникалық жабдықтардың түрлерін, қоршаған ортаны қорғаудың заманауи технологияларын және өндірістік алаңдарды және өндірістік процестерді дұрыс (қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан) жабдықтарды зерттеуге бағытталған. Курсты оқып үйрену нәтижесінде студент қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан жаңа технологиялардың жарамдылығы мен қауіпсіздігін анықтау дағдыларын игереді.

Пререквизиттері: Өнеркәсіптік экология және өндірістік қауіпсіздік.

Постреквизиттері: Табиғи жүйелерді қорғау және қалпына келтіру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қауіпті қалдықтармен жұмыс істей алады және өнеркәсіптік экология саласындағы экологиялық қатерді төмендету жөніндегі міндеттерді шеше алады; В) табиғи ортаның экологиялық жай-күйін бағалайды, өндірістің қоршаған ортаға техногендік әсерін бағалауды және биоклиматтық индекстер есебін жүргізеді, сондай-ақ экологиялық жаңа технологияларды дұрыс таңдай алады; С) қоршаған орта компоненттерін тазалау қондырғыларын біледі; D) энергия сақтап қалу технологияларын біледі; E) оқыту саласында-қоршаған ортаны, табиғи ресурстарды талдай білу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экологиялық жобаларды құру және дайындау

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Қоршаған ортаны қорғауға және табиғат пайдалануға байланысты міндеттерді шешу кезінде туындайтын экологиялық жобаларды әзірлеу туралы білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мақсаты экологиялық заңнаманы ескере отырып, қоршаған ортаға экономикалық қызметті оңтайландыру бойынша шешімдерді табу үшін экологиялық жобаларды әзірлеу және орындау болып табылады. Курсты оқыту нәтижесінде білім алушы экологиялық жобалар туралы есеп құрастырады; қоршаған ортаға қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін экологиялық жобаларды әзірлейді, экологиялық жобаларды жобалау әдістері мен әдістемелерін қолданады; экологиялық жобаларды салыстырады және талдайды.

Пререквизиттері: Экологиялық мониторинг, Ғаламдық экология.

Постреквизиттері: Экологиялық паспорттау және аудит.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Экологиялық жобалар бірнеше негізгі бағыттарда жасалады, осы бағытар бойынша студент экологиялық жобалар бағытын таңдай алады; В) Қалдықтардың пайда болу нормативтерінің, сондай-ақ оларды орналастыру лимиттерінің жобаларын (ол қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге лицензия алды даярлықты және тікелей лицензиялауды да қамтиды) біледі; С) Санитарлық-қорғау аймағының шекараларын негіздеу жобалары н әзірлей алады; D) Қоршаған ортаға әсерді бағалай алады; E) Білім саласын меңгеруде – қоршаған орта мәселелерін талдай біледі.

8.2 Экологиядағы модельдеу модулі

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экологиядағы математикалық модельдеу

Бағдарлама авторы: Отарбаева А.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың негізгі мақсаты - студенттердің бойында экология саласындағы белгілі бір математикалық ойлауды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің мақсаты математикалық модельдеудің негізгі әдістерін игеру, жүйелік талдау әдіснамасын және экологиялық процестердің негізгі математикалық модельдерін құру мен қолданудың негізгі принциптерін игеру болып табылады. Мақсатқа жету үшін пәнді игерудің келесі міндеттері қойылады: математикалық модельдерді құрудың және мүмкін стратегияларды бағалаудың жалпы принциптерін қоса алғанда, жүйелік талдау әдіснамасын зерттеу; экологияда математикалық модельдеу технологиясын игеру; ең көп таралған математикалық модельдермен танысу.

Пререквизиттері: Экологиядағы үрдістерді математикалық моделдеу .

Постреквизиттері: Табиғи жүйелерді қорғау және қалпына келтіру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) негізгі математикалық модельдеу және экожүйелердің тұрақтылығын сақтау бойынша жалпы мағлұматтарды біледі; В) жеке популяциялар өсу және даму моделін есептей алады; С) иммитациялық модельдеу негіздерін үйренеді; D) білім беру сапасын бағалау және диагностикалау процесінде заманауи технологияларды қолдануға дайын болады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Табиғи жүйелерді қорғау және қалпына келтіру

Бағдарлама авторы: Ташимова А.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Табиғи жүйелердің тұрақтылығы, адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру туралы жалпы білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс табиғи ресурстарды пайдалану жолдарын және оны қалпына келтіру, түрлендіру және осы ресурстар мен адамдарды қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ биосферадағы болып жатырған барлық табиғи процестердің өзара қарым-қатынастарының бірлігі туралы көріністерді, олардың антропогендік факторлардың әсерінен өзгеруін және оның салдарын қарастыратын іргелі мәселелерді сипаттайды.

Пререквизиттері: Қоршаған ортаны қорғаудың техникасы мен технологиясы.

Постреквизиттері: Экологиялық сараптама және аудит. Дипломалды практика. Өндірістік практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру әдістері мен құралдарын қолдана алады; В) биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми, мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ете алады; С) жер, оның қойнауы, су, атмосфералық ауа, ормандар мен өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесін қорғау негіздерін біледі; D) табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру бойынша бағдарламаларды әзірлейді; E) инновациялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жүзеге асырып және оларды басқара алады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экологиялық сараптама және аудит

Бағдарлама авторы: Сарсенбин Ү.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың мақсаты-студенттердің қолданыстағы заңнамаға сәйкес техникалық жобаларды, мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да құжаттарды әзірлеу кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалау және шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық негіздемесі туралы білім негіздерін қалыптастыру; экологиялық сараптамалар мен экологиялық аудиттердің әр түрлі түрлері мен рәсімдері туралы түсінік беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста экологиялық қызмет түрлері, нормалар мен ережелер жүйесі, жобалауға, қоршаған ортаны қорғауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, экологиялық қауіпсіздікке, сонымен қатар қоршаған ортаға әсерді бағалауға, аудит және ҚОӘБ қарастырылады.

Пререквизиттері: Табиғи жүйелерді қорғау және қалпына келтіру.

Постреквизиттері: Дипломалды практика. Өндірістік практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) экологиялық сараптаманың мақсаты, функциялары мен міндеттері және экологиялық аудит туралы түсінік алады; В) мемлекеттік экологиялық сараптаманың түрлерін, субъектілерін, объектілерін, уәкілетті органдарын көрсете алады; С) қоғамдық экологиялық сараптаманы зерделей алады; D) типтік кәсіби мәселелерді шешуде экологиялық зерттеу әдістерін қолдану; Е) Қазақстандағы ірі жобалардың экологиялық сараптамаларының тәжірибесін іс жүзінде қарастыра алады.

6B05202-Экотехнология және тұрақты даму

4 курс

Қабылдау жылы: 2019

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Базалық пәндер (БП)				
12.1 Қалдықтардың басқарудың экотехнологиясы модулі – 16 кредит/ 16 ECTS				
КП ЖК	KOUA 4305	Қалдықтардың өңдеудің үрдістері мен аппараттары	7	5
БП ТК	KB 4224	Қалдықтарды басқару	7	3
КП ТК	KZOOAT 4306	Қалдықтарды залалсыздандыру мен одан өнім алудың технологиясы	7	5
БП ТК	EB 4225	Экоинновацияларды басқару	7	3
12.2 Қалдықтардың залалсыздандырудың экотехнологиясы модулі – 16 академиялық кредит / 16 ECTS				
КП ЖК	KOUA 4305	Қалдықтардың өңдеудің үрдістері мен аппараттары	7	5
БП ТК	TAM 4224	Траншекаралық ауысым мәселелері	7	3
КП ТК	KERPT 4306	Қалдықтарды екінші ретті пайдалану технологиясы	7	5
БП ТК	GZhEK 4225	Геоақпараттық жүйелерді экологияда қолдану	7	3
13.1 Экологиялық басқару модулі – 20 академиялық кредит / 20 ECTS				
КП ЖК	ESOK 4307	Экологиялық статистика және өндірістегі құжаттама	7	5
КП ТК	EZhKR 4308	Экологиялық жобаларды құру және рәсімдеу	7	5
КП ТК	EIB 4309	Экологиялық инспекция және бақылау	7	5
КП ТК	ESS 4310	Экологиялық стандартизация және сертификация	7	5
13.2 Экологиялық құжаттану модулі – 20 академиялық кредит / 20 ECTS				
КП ЖК	ESOK 4307	Экологиялық статистика және өндірістегі құжаттама	7	5
КП ТК	KOAB 4308	Қоршаған ортаға әсерді бағалау	7	5
КП ТК	ENS 4309	Экологиялық нормалау және сараптама	7	5
КП ТК	EPA 4310	Экологиялық паспорттау және аудит	7	5

Модуль 12.1 Қалдықтардың басқарудың экотехнологиясы модулі

Дублиндік дискрипторлары: А); В); С); D); E)

Пәннің атауы: Қалдықтарды басқару

Бағдарлама авторы: Сарсенбин Ү.Қ.

Курстың қысқаша аннотациясы (курстың мақсаты): Өндірістік қалдықтарды басқарудың әртүрлі әдістерін оқып үйрену.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлім): Бұл курс өндірістік қалдықтарды, қалдықтардың қауіпті қасиеттерін анықтайтын компоненттер туралы, жасыл технологияларға негізделген қалдықтарды қайта өңдеудің механизмдері туралы, қалдық компоненттерінің қоршаған ортаға әсері туралы теориялық білімді зерттеуге бағытталған. Қалдықтарды басқаруды қамтамасыз ететін заңнамалық және нормативтік-құқықтық базамен танысу. Қалдықтардың қауіптілік класын анықтау, қалдықтарды орналастырғаны үшін төлем, қоршаған ортаның ластануы үшін төлемнің негізгі, нормативті және сараланған мөлшерлемелерін анықтау дағдыларын меңгеру.

Пререквизиты: Бұзылған ландшафтарды қалпына келтіру экотехнологиясы, т.б.

Постреквизиты: Қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеудің үрдістері мен аппараттары, т.б.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Білу және қолдану: оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер бағдарламасына талдау жасау. Алған білімді тәжірибеде қолдану В) Қоршаған ортаны басқару мәселелерін практикалық талдау үшін алған білімдерін қолдана білу; қалдықтарды қолдануды басқаруды қамтамасыз ету үшін заңдар мен ережелерді қолдану С) Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы үнемі өзгеріп отыратын заңнамалар туралы ақпаратты дербес алу мүмкіндігі; D) Қарым-қатынас саласында - табиғат құндылықтарына деген құрмет сезімін қалыптастыру. E) Оқыту саласында - өндірістік қалдықтарды басқаруға байланысты заманауи мәселелерді талдау мүмкіндігі.

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Қалдықтарды залалсыздандыру мен одан өнім алудың технологиясы

Бағдарлама авторы: Сарсембин У.К.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Қалдықтарды пайдалану саласындағы заңдылықтар. Қалдықтардың түрлері және өңдеу жолдары. Реутилизация және детоксикация туралы түсінік. Қалдықсыз және қалдығы аз технологиялар. Қалдықсыз өнеркәсіптің негізгі принциптері. Ресурсты сақтаушы құралдарды ойлап шығару. Қатты қалдықтарды өңдеудің өнеркәсіптік әдістері. Улы өнеркәсіптік қалдықтармен жұмыс жасай білу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қалдықтарды қосымша шикізат ретінде тиімді пайдалану көптеген проблемалардың шешу жолдарын ашуға мүмкіндік туғызады. Қалдықтарды қайтадан қолдану қоршаған ортаны қорғаумен, бастапқы материалдарды, электрэнергияны үнемдеумен, еңбек ресурстарын босатумен байланысты көптеген мәселелерді шешуге жол ашады.

Пререквизиттері: Өнеркәсіптік экология, физика, химия.

Постреквизиттері: инженерлік қорғау, табиғатты рациональды пайдалану

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Студент қалдықтарды пайдалану саласындағы заңдылықтар. Қалдықтардың түрлері және өңдеу жолдары туралы білкі қажет. В) Қаланың негізгі экологиялық проблемаларын, аймақтық экологиялық проблемалар туғызатын жағымсыз антропогенді әсерлерді. С) Студент жасай білуі қажет: Қала экологиялық проблемалары туралы алған білімін қолдана білу, адамның қоршаған ортаға әсерін, аймақтық және де басқа экологиялық проблемаларға анализ жасай білуі қажет. D. Қарым-қатынас жүргізе білуі – төзімділік таныту, қоршаған ортаның бағалы заттарына, табиғи қорларға құрметпен қарау; E. Білім саласын меңгеруде – қоршаған орта мәселелерін талдай білу.

Дублиндік дискрипторлары: А); В); С); D); E)

Пәннің атауы: Экоинновацияларды басқару

Бағдарлама авторы: Сарсенбин У.К.

Курстың қысқаша аннотациясы (курстың мақсаты): Экоинновациялық технологияның негізгі түсініктері туралы білімді қалыптастыру; ақпараттық технологияларды қолдану арқылы экология саласындағы мәселелерді шешу мүмкіндігі; ақпаратты пайдалану және компьютерлік желілер арқылы алмасу мүмкіндігі бар техносфера қауіпсіздігі саласындағы шешімдерді қолдауға арналған ақпараттық жүйелер туралы түсінік қалыптастыру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлім): Адамның, жалпы қауымдастықтардың және жалпы адамзаттың қалыптасуы мен жұмысына, қоршаған ақпараттық ортамен жеке және әлеуметтік қатынастарға, сондай-ақ тұлғааралық және топ аралық ақпараттық өзара әрекеттесуге ақпараттық әсер ету заңдылықтарын зерттейді. Экоинновациялық технологияның негізгі заңдылықтары - бұл құрылымдық құбылыстар мен интеллектуалды жүйелердің қалыптасуы мен қызмет ету процестеріне, олардың және қоршаған ортамен байланыстарына байланысты құрылымдық құбылыстар мен функционалдық құбылыстардың өзара байланысы мен тәуелділігі.

Пререквизиты: Экологиялық стандарттау және сертификаттау

Постреквизиты: Экологиялық паспорттау және аудит

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Білу және қолдана білу: қоршаған ортаға қатысты деректерді статистикалық өңдеуді және талдау негіздерін (үлгілер, анализдер, тәжірибелік мәліметтер, метеостанцияларда байқалған мәліметтер және т.б.). С) арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолдана білу. С) салыстыру, тұжырым жасау, өзіндік аргумент құру, өз ұстанымын білдіру және дәлелдеу мүмкіндігі; D) Қарым-қатынас саласында - табиғат құндылықтарына, табиғи ресурстарға деген құрмет сезімін қалыптастыру; E) оқыту саласында - қоршаған ортаны қорғауға, оның жағдайын талдауға арналған бағдарламалық жасақтамамен жұмыс жасау мүмкіндігі.

Модуль 12.2 Қалдықтардың залалсыздандырудың экотехнологиясы

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Траншекаралық ауысым мәселелері

Бағдарлама авторы: Ташимова А.С

Курсты оқытудың мақсаты: Ластануды жүйенің тепе – теңдігін бұзатын кез келген агент ретінде бағалау. Ластану әр түрлі белгілері бойынша жіктеледі: шығу тегі бойынша: табиғи және жасанды (антропогенді); пайда болу көзіне байланыстылығын болжау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ластандырушы заттарға тек улы заттар ғана емес, зиянды емес немесе ағзаға қажет заттың оптималды концентрациядан артық болуы да жатады. Ластануды жүйенің тепе – теңдігін бұзатын кез

келген агент ретінде бағалауға болады. Ластану әр түрлі белгілері бойынша жіктеледі: шығу тегі бойынша: табиғи және жасанды (антропогенді); пайда болу көзіне байланысты: а) өндірістік, ауыл шаруашылық, транспорттық және т.б.; ә) нүктелік (өнеркәсіп орнының құбыры), объектілі (өнеркәсіп орны), шашыраған (егістік танабы, бүкіл экожүйе), трансгрессивті (басқа аймақтар мен мемлекеттерден енетін); әсер ететін ауқымына байланысты: ғаламдық, аймақтық, жергілікті; қоршаған ортаның элементтері бойынша: атмосфера, топырақ, гидросфера және оның әр түрлі құрам бөліктері (әлемдік мұхит, тұщы су, жер асты сулары т.б. .

Пререквизиттері: Жаратылыстанудың экологиялық аспектілері, т.б.

Постреквизиттері: Әлеуметтік экология, Экологиялық химия

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. ауыз судың табиғи көздерінің радиоактивті ластануына бақылау жүргізу және мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау бағдарламасының шеңберінде радионуклидтердің жоғары құрамы бар гидрогеологиялық ұңғымаларды жою, В. Қалаларда ауа ластануының жоғары деңгейінің себебі — өндірістің ескірген технологиялары, тиімсіз тазартқыш құрылыстар, қолданылатын отынның төмен сапасы, қуаттың жаңғыртылатын және дәстүрлі емес көздерінің аз пайдаланылуы . С. Ауа бассейнінің ластануы, сондай-ақ көмірсутегі шикізатының бұрынғы кен орындарын дамытумен және жаңа кен орындарын игерумен де байланысты, бұл атмосфераның күкіртсутегімен, меркаптандармен ластануы D. Мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау бағдарламасының шеңберінде радионуклидтердің жоғары құрамы бар гидрогеологиялық ұңғымаларды жою; жоғары радиациялық сәуле алу қаупі туралы халықты уақытылы хабардар ету жөнінде шаралар әзірлеу ; Е. Табиғи радиоактивтіліктің жоғары деңгейін беретін уран беруші алты ірі геологиялық өңір, көптеген шағын кен орындары мен уран байқалатын кеніштер, уран өндіруші кәсіпорындар мен ядролық жарылыстар жасалған жерлерде шоғырланған қалдықтарды зерттеу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Қалдықтарды екінші ретті пайдалану технологиясы

Бағдарлама авторы: Сарсембин У.К.

Қурсты оқыту мақсаты: қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманы, қалдықтардың түрлерін және оларды қайта өңдеу мен жою әдістерін зерттеу болып табылады. Реутилизация және детоксикация ұғымы. Қалдықтарды екінші ретті пайдалану. Қалдықсыз және аз қалдықты технологиялар: қалдықсыз өндірістердің негізгі принциптері. Ресурс үнемдейтін өнеркәсіптік технологияларды әзірлеу. ҚТҚ өңдеудің өнеркәсіптік әдістері. Улы өнеркәсіп қалдықтарымен жұмыс істеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қалдықтарды екінші ретті пайдалану ұлттық және халықаралық деңгейде шикізат ресурстарымен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Экономикалық пайдадан басқа, қалдықтарды қайта өңдеу қоршаған ортаны сақтауға да ықпал етеді: атмосфераға көміртегі шығарындылары азаяды. Қалдықтарды екінші ретті пайдалану жүйесін дамытудың стратегиялық бағыты ұбтыты қалдықтарды залалсыздандыру бойынша қалалық қуаттарды дамыту және рециклинг қағидаттарын енгізу - қалдықтардың ресурстық әлеуетін анықтау және пайдалану болып табылады.

Жердегі көптеген материалдардың ресурстары шектеулі және оны адамзат өркениетінің өмір сүрген уақытымен салыстыруға болатын мерзімде толықтыру мүмкін емес. Қоршаған ортаға шығарылғаннан кейін материалдар әдетте ластаушы заттарға айналады, ал қалдықтар мен пайдалану мерзімі біткен өнімдер көбінесе табиғи көздерден гөрі көптеген заттар мен материалдардың арзан көзі болып табылатынын атап өткен жөн. Қалдықтарды екінші ретті пайдалану және сұрыптау түзілетін қалдықтардың көлемін азайтады және қоршаған ортаға әсерді төмендетеді.

Пререквизиттер: экологиялық химия, табиғатты пайдалануды басқару, қалдықтарды қайта өңдеу

Постреквизиттер: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Күтілетін оқу нәтижелері: А) Білу және түсіну: қалдықтарды басқару саласындағы заңнама. Қалдықтардың түрлері және оларды қайта өңдеу және кәдеге жарату әдістері. Реутилизация және детоксикация ұғымы. Қалдықсыз және аз қалдықты технологиялар: қалдықсыз өндірістердің негізгі принциптері. Ресурс үнемдейтін өнеркәсіптік технологияларды әзірлеу. ҚТҚ өнеркәсіптік өңдеу әдістері. Улы өнеркәсіп қалдықтарымен жұмыс істеу. В) Тақырыптық бағытты дайындау және құру үшін әртекті ақпаратты пайдалану және қайта құру; қалдықтарды табиғи орта ретінде қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін қолдану; аналитикалық, кешенді және синтетикалық экологиялық карталар жасау; С) аумақтың жергілікті аймақтық және жаһандық экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, картографиялық бейнені құру әдістері; арнайы мазмұнды әзірлеу дағдылары және безендіру әдістері; D) Қарым – қатынас саласында толеранттылық сезімін қалыптастыру, қоршаған орта құндылықтарын құрметтеу; E) Оқыту саласында –қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жаратуды талдай білу.

Дублиндік дескрипторлары: А); В); С); D); E)

Пәннің атауы: Геоақпараттық жүйелерді экологияда қолдану

Бағдарлама авторы: Сарсенбин У.К.

Қурстың қысқаша аннотациясы (қурстың мақсаты): Студенттердің логикасы мен зерттеу кезеңдерін, геоақпараттық мәліметтерді жүйелік талдаудың негізгі тәсілдерін және қоршаған ортаны басқару саласындағы әр түрлі салалық мәселелерді шешу үшін ГАЖ қолдану тәжірибелік тәжірибесін игеру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлім): Қоршаған ортаны басқару саласындағы ғылыми-практикалық қызметке геоақпараттық жүйелерді экологияда қолдануды енгізуді қарастырады; құру әдістерінің мәні және геоақпараттық жүйелерді экологияда қолдану жұмысының ерекшеліктері; экологияда қолданылатын геоақпараттық жүйелердің заманауи әдістері мен технологиялары.

Пререквизиты: Балама энергия көздері және қалдықтарды өңдеу, Жасыл экономика және тұрақты даму

Постреквизиты: Экологиялық стандарттау және сертификаттау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Білу және қолдана білу: жұмыстың негізгі принциптері және қазіргі геоақпараттық бағдарламалық жасақтаманың аналитикалық мүмкіндіктерін. В) Кәсіби және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе аумақтың экологиялық-географиялық жай-күйін сараптамалық бағалау және оны картографиялау үшін заманауи ақпараттық технологияларды (бағдарламалық жасақтама) қолдана білу. С) салыстыру, тұжырым жасау, өзіндік аргумент құру, өз ұстанымын білдіру және дәлелдеу мүмкіндігі; D) қарым-қатынас саласында - қоршаған ортаға деген құрмет сезімін дамыту. E) оқыту саласында - қазіргі ақпараттық технологиялар мен интернет-ресурстарды қолдана отырып, географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау әдістерін меңгеру.

Модуль 13.1 Экологиялық басқару

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Экологиялық жобаларды құру және рәсімдеу

Бағдарлама авторы: Нурмуханова Г.Е.

Курстың оқытудың мақсаты: экологиялық қызметтің негізгі түрлерін, нормалар менережелер жүйесін, нормативтік құжаттаманы, жобалау, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша зерделеу

Пәннің қысқаша мазмұны: Экологиялық қызмет түрлерін; қоршаған ортаны қорғау қағидалары мен ережелерін; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құжаттаманы, қоршаған орта сапасының нормативтерін зерделейді. ҚОӘБ қоршаған ортаға әсерін бағалау.

Пререквизиттері: Экология және ТД, Экологиялық мониторинг және т.б.

Постреквизиттері: Кәсіпорындағы экологиялық құжаттар, Экологиялық паспорттау және аудит, Компьютерлік және ақпараттық экология

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Қауіпті қалдықтармен жұмыс істей алады және өнеркәсіптік экология саласындағы экологиялық қатерді төмендету жөніндегі міндеттерді шеше алады; табиғи ортада ластағыштардың түрлі түрлерінің таралуына болжау және бағалау жүргізу; В) Табиғи ортаның экологиялық жағдайын бағалайды; өндірістің қоршаған ортаға техногендік әсерін бағалауды және биоклиматтық индекстер есебін жүргізеді, сондай-ақ әртүрлі климаттық аймақтар. С) Қалыптасатын құзыреттері: Техногенездің экологиялық проблемаларын, ластағыштардың алдын алу және жою әдістерін, қоршаған ортаны оңалту және қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату әдістерін біледі; Геожүйелік мониторинг станцияларының бақылау мәліметтерін өңдеу және тіркеуді, режимдік мониторинг бақылау бойынша геоэкологиялық ақпараттың деректер базасын енгізу және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады. D) Қарым-қатынас жүргізе білуі – төзімділік таныту, қоршаған ортаның бағалы заттарына, табиғи қорларға құрметпен қарау; E) Білім саласын меңгеруде – қоршаған орта мәселелерін талдай білу.

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Экологиялық инспекция және бақылау

Бағдарлама авторы: Нурмуханова Г.Е.

Курстың оқытудың мақсаты: Қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы инспекция мен бақылау түрлерімен таныстыру және экологиялық заңдылықтардың сақталуын қадағалау. Экологиядағы инспекция мен бақылаудың бағыттарын және мақсаттары мен міндеттерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: ҚР-ң экологиялық заңдылықтарын;

Экологиялық инспекция туралы жалпы ережелерді; Мемлекеттік бақылау түрлері және оның мақсатын; Мемлекеттік бақылаудың міндеттерін; төмендегілерді білуі және пайдалана алуы тиіс: Экологиялық инспекцияны ұйымдастыруды; Бақылауды жүзеге асырушы қызмет адамының құқын; Экологиялық инспекторлық тексерулер жүргізуде ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз етуді; Қоршаған ортаны қорғау аймағындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы органдарды;

Пререквизиттері: Экология және тұрақты даму, Қоршаған орта туралы ілім

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Экологиялық сараптама жүргізу ерекшеліктерін, экологиялық сараптама жүргізуді ұйымдастыру түрлері, экологиялық инспекция және бақылау, мемлекеттік инспекторлардың міндеті және құқығы туралы білуге және түсіну., В. қоршаған орта жағдайын бағалау мақсатында зертхана жағдайында экологиялық инспекция және бақылау жүргізу, экологиялық сараптамаға жүргізген талдауды тәжірибе жүргізуге қолдану, С. Өз көзқарасын білдіру және дәлелдеу, өз дәлелдерін келтіру, қорытынды жасап, салыстыра білу; D. Қарым-қатынас жүргізе білуі –қоршаған ортаның байлығына, табиғи қорларға құрметпен қарау; E. Білім саласын меңгеруде –экологиялық сараптаманы және қазіргі мәселелерді талдай білу.

Дублиндік дискрипторлары: А); В); С); D); E)

Пәннің атауы: Экологиялық стандарттау және сертификаттау

Бағдарлама авторы: Ташимова А.С.

Курстың оқытудың курсты: Экологиялық стандарттау және сертификаттау негізі саласында кәсіби шеберлікті шыңдап, қоршаған ортаны қорғау мен еліміздегі экологиялық дұрыс жағдайды қамтамасыз ету, студенттерді табиғат пайдалану бойынша әлем елдерінің озық тәжірибелерімен таныстыру және экологиялық стандарттаудың негізгі ережелері мен табиғат пайдалану бойынша заңнамаларды талдау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экологиялық стандарттау және сертификаттау негізі - ортадағы заттардың өсімдік пен жануарлар ағзасына әсерін, қауіпсіздік шараларын бақылауға, тексеруге және сараптамалық қортынды жасауға бағытталған ғылым. Қазіргі кезде адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы ерекше маңызға ие болып отыр. Соған байланысты табиғи жүйеге зиянды факторларының рауалды әсер деңгейін және экожүйеге зиянды заттардың қалдықтары мен шығындыларын шығарудың шекті рауалы мөлшерін қадағалау. Экологиялық стандарттаудың негізгі ережелері мен табиғат пайдалану бойынша заңнамаларды талдау.

Пререквизиты: Балама энергия көздері және қалдықтарды өңдеу, Экологиядағы ГАЗ технологиясы

Постреквизиты: Экология және ТД, т.б.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Жалпы сауаттылық талаптары: Экологиялық стандарттау және сертификаттау негізі ортадағы антропогендік әсердің орта мен ондағы тіршілік иелеріне әсерін ашу, экологиялық стандарттау және сараптама негізі заңдылықтарын оқыту, биологиялық ресурстар мен су, құрлық, минеральды қабаттардың сапасын төмендетпеу шараларын жоспарлай білуі тиіс; В. Әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық), әлеуметтік-этикалық және мәдени құзыреттілік тал-аптары: экологиялық стандарттау және сараптама негізі талаптарын орындау, қоршаған орта жағдайына баға беру және өнеркәсіпте экологиялық қауіпсіз технологиялардың барлық түрлерінің теоретикалық және практикалық дағдыларын пайдалана білуі қажет; С. Экономикалық және ұйымдастыру-басқару, кәсіпкерлік құзіреттілік талаптары: мақсатты орта мен зертханаларда табиғи және өндірістік потенциалдарды кешенді бағалау саласында біліктіліктерге ие болуы; D. Әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді алмастыруға дайындық, белгісіздік пен үдемелі даму жағдайындағы географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа қойылатын тал-аптар. E. Қарым қатынас саласында қоршаған орта байлықтарын дұрыс бағалау, құндылықтарды сақтау және үйретуге құлшыныс таныта білуі; территорияны геоэкологиялық бағалау мен өндірістік потенциалды ресурстық қамтамасыз ету біліктілігін меңгеруі тиіс.

Модуль 13.2 Экологиялық құжаттану

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Бағдарлама авторы: Телеуов А.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Экологиялық қызметтің негізгі түрлерін, нормалар мен ережелер жүйесін, нормативтік құжаттаманы, жобалау, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экологиялық қызмет түрлерін, қоршаған ортаны қорғау қағидалары мен ережелерін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құжаттаманы, қоршаған ортаны қорғау нормативін зерттейді. ҚОӘБ-ОС әсерін бағалау.

Пререквизиттер: ҚР экологиялық мәселелері, Экологиялық картография негіздері және т.б.

Постреквизиттер: Урбоэкология, Қалалық экология

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қауіпті қалдықтармен жұмыс істей алады және өнеркәсіптік экология саласындағы экологиялық қатерді төмендету жөніндегі міндеттерді шеше алады; табиғи ортада ластаушылардың әртүрлі типтерінің таралуын болжау мен бағалауды жүргізеді; В) табиғи ортаның экологиялық жай-күйін бағалайды; өндірістің қоршаған ортаға техногендік әсерін бағалауды және биоклиматтық индекстер есебін жүргізеді, сондай-ақ әртүрлі климаттық аймақтар үшін агротехникалық тәсілдерді дұрыс таңдай алады.; С) қалыптасатын компентенциялар: техногенездің экологиялық проблемаларын, ластағыштардың алдын алу және жою, қоршаған ортаны оңалту және қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату әдістерін білу; бақылаудағы режимдік мониторинг бойынша геоэкологиялық ақпараттың деректер базасын енгізу және ұйымдастыру, гео жүйе мониторингі станцияларын бақылау деректерін өңдеу және тіркеу дағдыларын қалыптастыру. D) қарым – қатынас саласында-төзімділік, табиғат пен адам құндылықтарына, табиғи ресурстарға құрмет сезімін қалыптастыру; E) оқыту саласында-қоршаған ортаны, табиғи ресурстарды талдай білу.

Дублиндік дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экологиялық нормалау және сараптама

Бағдарлама авторы: Нурмуханова Г.Е.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Студенттерді нормалар мен ережелер жүйесімен, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық қауіпсіздік жобалау жөніндегі нормативтік құжаттармен таныстыру, сонымен қатар экологиялық сараптама, аудит және ҚОӘБ (қоршаған ортаға тигізетін әсерлерді бағалау) сияқты экологиялық іс-әрекет турлерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ландшафттану – физикалық географияның табиғи аймақтық кешендерін (геожүйелерді) зерттейтін ғылым саласы. Бұл терминнің соңғы кезде региондық физикалық географияның синонимі ретінде қолданылуы басым болып барады. Ландшафттанудың негізгі мақсаты — табиғи және мәдени ландшафтты сипаттау, олардың құралымын, өзара байланысын, даму заңдылығын зерттеу болып табылады.

Пререквизиттері: Өнеркәсіптік экология, Биогеохимия және экотоксикология

Постреквизиттері: Геодинамикалық процестер және экожүйені экологиялық бағалау, Экологиялық инспекция және бақылау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Экологиялық іс-әрекет түрлерін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құжаттарды; Қоршаған ортаны қорғау ережелері және принциптерін; Экологиялық экспертиза, аудит жүргізу принциптерін; Қоршаған ортаның сапа нормативтерін. В) Далалық тәжірибеде экологиялық картографиялауды қолдануды зерттеу, экологиялық картографиялауды қайта өңдеу нәтижесінде бағдарламалық құралмен жұмыс жасау, «оқу» және экологиялық картографиялық құжаттарды пайдалана білу. С) Геоэкологиялық зерттеудегі картографиялық қарым-қатынастың болуы, картографиялық құжаттарды тапсырмалармен бірге шешу; D) Қарым-қатынас жүргізе білуі – төзімділік таныту, қоршаған ортаның бағалы заттарына, табиғи қорларға құрметпен қарау; E) Білім саласын меңгеруде – қоршаған орта мәселелерін талдай білу.

Дублиндік дискрипторлары: А); В); С); D); E)

Пәннің атауы: Экологиялық паспорттау және аудит

Бағдарлама авторы: Нурмуханова Г.Е.

Курстың оқытудың мақсаты: Қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән - бұл тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кейбір заңнамалық нормаларға, ережелерге, стандарттарға сәйкестігі және түзету шаралары жүйесін жасау үшін тәуелсіз, объективті бағалау. Орнықты дамуды қамтамасыз ететін экологиялық аудиторлық процедуралар, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, молайту және қоршаған ортаны қорғаудың кешенді көп факторлы, пәнаралық және салааралық мәселелерін зерттеуге ғылыми көзқарас жасау, сондай-ақ осы саладағы принциптерді, әдістер мен басқару әдістерін әзірлеу.

Пререквизиты: Экологиялық стандарттау және сертификаттау, Компьютерлік және ақпараттық экология

Постреквизиты: Экология және ТД, т.б.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) негізгі экологиялық заңдар, түсініктер мен терминдер, экологиялық мониторинг негіздері. С) аналитикалық және практикалық мәселелерді шешуге, материалды, дерексіз әдеби дерек көздерін және мәселе бойынша ақпараттық материалдарды қорыту. С) экологиялық аудит пен сертификаттаудың теориялық негіздерін негізгі жалпы экологиялық түсіну. D) типтік кәсіби мәселелерді шешуде экологиялық зерттеу әдістерін қолдану; E) ақпаратты іздеудің, жинаудың және сақтаудың ұтымды әдістері.

6B01504-Химия

2 курс

Қабылдау жылы: 2021 ж.

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
5.1. Білім беруді басқару модулі – (кредит саны -18)				
БП ЖК	PTZhTA 2203	Педагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	3	3
ЖББП ТК	BVM 2108	Білім берудегі менеджмент	3	5
БП ТК	ShT(B1) 2204	Шетел тілі В1	3	5
БП ТК	ЕН 2205	Элементтер химиясы	3	5
5.2. Педагогика және бейорганикалық химия модулі - (кредит саны -18)				
БП ЖК	PTZhTA 2203	Педагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	3	3
ЖББ ТК	AA 2108	Академиялық адалдық	3	5
БП ТК	ATO(I)D 2204	Ағылшын тілінің орташа (Intermediate) деңгейі	3	5
БП ТК	MВH 2205	Металдар мен бейметалдар химиясы	3	5
6.1. Химиялық талдау әдістері және көмірсутекті қосылыстар модулі – (кредит саны -23)				
БП ТК	АН 2206	Аналитикалық химия	3	5
БП ТК	ОНТN 2207	Органикалық химияның теориялық негіздері	3	5
БП ТК	HZFHA 2208	Химиялық зерттеудің физика-химиялық әдістері (орыс тілінде)	4	5
БП ТК	MNEZhA 2209	Мектептерде химиялық эксперименттер жүргізу әдістемесі	4	6
БП		Педагогикалық(психологиялық) практика	4	2

6.2. Анализдік химия және тәжірибелер жүргізу модулі – (кредит саны – 23)				
БП ТК	НТ 2206	Химиялық талдау	3	5
БП ТК	ККН 2207	Көмірсутекті қосылыстар химиясы	3	5
БП ТК	ТІА 2208	Талдаудың инструменталды әдістері (орыс тілінде)	4	5
БП ТК	НЕ 2209	Химиялық эксперимент	4	6
БП		Педагогикалық(психологиялық) практика	4	2
7.1. Органикалық қосылыстар және бағалаудың өлшемдік технологиясы модулі - (кредит саны – 15)				
БП ТК	ОМФТ 2210	Органикалық молекулалардың функционалды туындылары	4	6
БП ТК	ShT(B2) 2211	Шетел тілі B2	4	5
Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге әлеуметтік-экономикалық аспектілері мен қоршаған орта әсерін ескере отырып, бизнесті ұйымдастырудың тәжірибесін, міндеттерін, мақсаттарын дұрыс талдауға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бизнес түсінігі, бизнес және экономика, кәсіпкерлік фирма және ұйымдық-құқықтық нысандары мен кәсіпкерлік қызметтің түрлері, кәсіпкерлік фирманы ұйымдастыру және тіркеу, кәсіпкерлік ортаға фирманың енуі, фирманы қайта ұйымдастыру, тарату, жойылуы, бизнес жүйесіндегі бәсекелестік, коммерциялық мәмілелер мен келісім-шарттар, бизнестің инфрақұрылымы.

Пререквизиттері: Мектеп курсындағы қоғамдық-гуманитарлық пәндер

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А.)Білу және түсіну: кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері мен формаларын, кәсіпкерлік құрылымның бизнес-жоспарын құру; В.)Білімді және түсіну қабілеттілігін практикада қолдануы: фирманы басқару жүйесінде және бизнестің құрылу мәселелерін өз бетінше талдай алу; С.)Пайымдай білу, қорытынды жасау және идеяны бағалау қабілеттілігі: қойылған экономикалық міндеттерді шешу үшін статистикалы, ғылыми, тәжірибелік ақпараттарды жинақтау, өңдеу, талдау; Д.)Қарым-қатынас іскерлігі: бизнес-жоспарды жазу барысында алынған білімдерін кәсіпорынды жүйелік басқару үшін пайдалану; Е.)Оқытудағы іскерлігі: басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының тиімді синтезі мен талдау дағдысы.

Модуль 6.2 - Саяси және құқықтық білім негіздері

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Академиялық адалдық

Бағдарлама авторы: з.ғ.к. Курманова А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттің оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы туралы, оқытушылармен және басқа студенттермен қарым-қатынаста, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты және сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне төзімсіз қатынасты дамыту туралы жалпыланған білімді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Академиялық адалдық ұғымы, академиялық адалдық қағидаларының тұжырымдамасы және түрлері, академиялық адалдықтың мәні, Жұбанов атындағы АӨУ студенттерінің академиялық адалдық кодексі, сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар ұғымы, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін шаралар.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият және мектеп курсындағы саяси пәндер

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын білу және түсіну В)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалыптасқан құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде болашақ кәсіби қызметті жүзеге асыру. С)Академиялық адалдық қағидалары туралы қорытынды жасай білу. D)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасай білу. E)Құжаттарды, эсселерді, ғылыми жұмыстарды жобалау кезінде плагиатқа қарсы жүйені қолдану дағдылары.

Модуль 7.1 - Технологиялық процестердің физика-химиялық негіздері

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Аналитикалық химия

Бағдарлама авторы: х.ғ.к. Досанова Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Химиялық заттарды талдау мен мөлшерлік талдаудың химиялық әдістерінің техникасы мен әдістемесін теориялық негіздерін меңгерту

Пәннің қысқаша мазмұны:Сапалық анализдің теориялық негізі Сандық (мөлшерлік) талдау. Мөлшерлік талдау пәні және әдістері

Пререквизиттері: элементтер химиясы, бейорганикалық химияның теориялық негіздері

Постреквизиттері: Химияны оқыту әдістемесі, химиялық экология

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Аналитикалық химияның сандық, сапалық анализ теориясын және практикасын меңгеру арқылы басқа пәндерді ұғынуға жол ашады; В)сапалық талдаудың негізгі заңдылықтарын және теориялық принциптерін білу; С)өз бетінше талдау әдістемесін жүргізуге және концентрлеуге дағдылану; D)сапалық талдау әдістерін іс жүзінде орындауға үйрену; E)органикалық синтезді өз бетінше жүргізе білуге дағдылану.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Беттік құбылыстар және дисперсті жүйелер

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Сұлтамұратова З.Б., оқытушы Айкенова Н.Е.

Курсты оқытудың мақсаты: Басқа да жалпы ғылыми пәндермен қатар арнайы пәндерді оқу үшін теориялық негізді қалау, дисперстік жүйелердің қасиетін зерттеу, оларды алудың негізгі әдістері мен технологиялық процесте қолданылуы.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Коллоидтық химия», «Жалпы органикалық», «Органикалық химия» және «Физикалық химия» курстарының білімдеріне негізделген. Жалпы инженерлік пәндердің және арнайы пәндердің арасын байланыстыратын звено.

Пререквизиттері: Химия; жоғары математика, мұнай, газ және көмірдің химиясы мен физикасы

Постреквизиттері: органикалық заттардың химиялық технологиясы; химиялық реакторлар; органикалық және мұнайхимиялық өндіріс технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Беттік құбылысты, дисперстік жүйелердің қасиетін зерттеу, оларды алуды білу; дисперсті жүйелердің негізгі параметрлерін анықтау мен мөлшерлерінің деңгейін білу В)Негізгі әдістерді техникалық процесте қолдау С)Коллоидты-дисперсті жүйелерді нағыз ерітінділерден және өрескелдисперсті жүйелерден дәл айыру D)Коллоидты-дисперсті жүйелердің алу әдістерін игеру E)Дисперсті жүйелерінің қасиеттерін анықтау үшін химиялық анализ және эксперимент жүргізуді игеру.

Модуль 7.2 - Химиядағы талдау және кинетика

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Сандық және сапалық талдау

Бағдарлама авторы: х.ғ.к. Досанова Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Сапалық талдау мен мөлшерлік талдаудың химиялық әдістерінің техникасы мен әдістемесін, теориялық негіздерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Химиялық талдау негіздерінің түрлері. Заттардың агрегаттық күйлері. Химиялық термодинамика негіздері. Химиялық тепе-теңдік. Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы. Дисперсті жүйелердің молекулалы-кинетикалық қасиеттері. Беттік құбылыстар және абсорбция.

Пререквизиттері: Аналитикалық химия-1, Органикалық химия-2

Постреквизиттері: Координациялық қосылыстар химиясы, Компьютерлік химия

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Аналитикалық химияның сандық, сапалық анализ теориясын және практикасын меңгеру арқылы басқа пәндерді ұғынуға жол ашады; В) сапалық талдаудың негізгі заңдылықтарын және теориялық принциптерін білу; С) өз бетінше талдау әдістемесін жүргізуге және концентрлеуге дағдылану; Д) сапалық талдау әдістерін іс жүзінде орындауға үйрену; Е) органикалық синтезді өз бетінше жүргізе білуге дағдылану.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Коллоидты химия

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, х.ғ.к. Убайдулаева Н.А.

Курсты оқытудың мақсаты: қазіргі заманғы коллоидтық химияның теориялық негіздері және әдістерімен таныстыру, коллоидтық процестердің өміріндегі қолданбалы әдістерін тереңдей меңгеру

Пәннің қысқаша мазмұны: Заттардың агрегаттық күйлері. Газ заңдары. Термодинамиканың негізгі заңдары. Химиялық термодинамика негіздері. Энергия. Жұмыс. жылу. термодинамиканың бірінші заңы. Гесс заңы. Термодинамиканың екінші заңы. Химиялық реакцияның жылулық эффектісі. Жүйе күйлерінің термодинамикалық потенциалдары. Кирхгофф теңдеуі. Термодинамиканың үшінші заңы. Химиялық реакцияның изотермасы мен изохорасы. Ле-Шателье принципі. Рауль заңы. Үшкомпонентті жүйелер. Таралу заңы. Электродтық потенциал. Фарадей заңы. Кольрауш заңы. Нернст теңдеуі. Гальваникалық элемент. ЭДС. Аррениус теңдеуі. Гомогенді және гетерогенді катализ. Коллоидты жүйелер туралы жалпы түсініктер. Химиялық термодинамика негіздері. Химиялық тепе-теңдік. Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы. Дисперсті жүйелердің молекулалы-кинетикалық қасиеттері. Беттік құбылыстар және абсорбция.

Электрокинетикалық құбылыстар. Жүйелердегі структуралар түзілу.

Пререквизиттері: Химия; жоғары математика; мектептегі физика курсы

Постреквизиттері: Химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары; техникалық термодинамика; органикалық заттардың химиялық технологиясы; химиялық реакторлар; органикалық, мұнайхимиялық өндіріс технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, В) кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; С) математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д) адамдардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, мүмкін болатын апаттар, төтенше жағдайлар, табиғи төтенше жағдайлар кезінде оларды қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдана білу қабілеттілігі; Е) өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу.

Модуль 8.1 - Жалпыинженерлік

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Органикалық химия

Бағдарлама авторы: х.ғ.к. Апендина А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Органикалық химиядан талапқа сай білім беру, оның халық шаруашылығы үшін маңызын және ғылыми – техникалық жетістіктің болашағын көрсету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Кіріспе. Органикалық қосылыстар. Органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясы. Номенклатура. Изомерия. Химиялық байланыс. Гибридтену. Молекуладағы атомдардың өзара әсері. Органикалық реакциялар. Реагенттер. Қаныққан көмірсутектер. Алкандар. Қанықпаған көмірсутектер. Алкендер. Диенді көмірсутектер. Алкадиендер. Ацетиленді көмірсутектер. Алкиндер. Алициклді қосылыстар. Конформациялық изомерия. Циклоалкандар. Алыну. Химиялық қасиеттері. Ароматты көмірсутектер. Бензол құрылысы. Ароматтылық. Ароматты көмірсутектердің алыну жолдары мен қасиеттері. Ароматты қатардағы электрофильді орынбасу реакциясы. Бағыттау ережелері

Пререквизиттері: Бейорганикалық химия, мамандыққа кіріспе, инженерлік графика

Постреквизиттері: бейорганикалық заттардың химиясы мен технологиясы, техникалық термодинамика

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) студенттер заттардың негізгі бөлігін құрайтын органикалық заттардың табиғаты, құрылысы химиялық қасиеттері алынуы, қолданылуы туралы білу керек; В) органикалық қосылыстар туындыларының қасиеттерін талдау, идентификациялау, сараптау кезіндегі қазіргі әдістерді қолдана білу; С) үйренген тәжірибиелік әдістерін алған білімдерін адам өмірінің әртүрлі салаларында қолдана біл; Д) органикалық химияны оқығанда қарапайым өкілдерінен күрделіге қарай біртіндеп үйренуге; Е) студенттің алған теориялық білімін практикада қолдана білуге, жұмыс істеу барысында анықтамалық және оқу әдебиеттерін пайдалану, басқа да керекті материалдарды таба білу және онымен жұмыс істеу білуге.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Инженерлік графика және технологиялық схемаларды жобалау

Бағдарлама авторы: т.ғ.к., аға оқытушы Шильмагамбетова Ж.Ж., оқытушы Айкенова Н.Е.

Курсты оқытудың мақсаты: «Инженерлік графика» пәнін оқып үйрену нәтижесінде бакалавр біледі: геометриялық элементтердің нүктелердің, сызықтардың (түзулердің) және беттердің (жазықтықтардың) қайтымды жазық кескіндерін (моделдерін) салудың әдістерін білуге тиіс; параллель аксонометрияда және Монж эпюрінде моделдерді пайдалана отырып, позициялық және метрикалық есептерді шығару дағдыларын меңгеруге тиіс; КҚБЖ стандарттарына сәйкес тетіктер және құрастыру бұйымдарының сызбаларын орындау мен оқу тәжірибесін алу.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Инженерлік графика» пәнін үйрену нәтижесінде бакалаврдың біліктілігі мен дағды деңгейі КҚБЖ-нің үшінші тобының және ішінара бірінші және төртінші топтардың стандарттары тағайындалған сызбаларды орындау мен безендіру ережелерін білу керек; Түрлі кескіндер: көріністер, тіліктер, қималар мен шығарылған элементтер қатысатын сызбаларды орындай және оқу білу керек; Құрылымдық (конструктивтік) құжаттарды: эскизді, жұмыс сызбасын, құрастыру сызбасын және жалпы түр сызбасын, мәтіндік құжатты (сипаттізімді) жасау және оқи білу; Типтік және ортгинал (соны) тетіктердің, құрасбұйымдардың сызбаларын орындау және оқу дағдыларын ие болады.

Пререквизиттері: Жалпы және бейорганикалық химия; Органикалық химия

Постреквизиттері: Алкогольсіз сусындар технологиясы, Технологиялық процестерді автоматтандыру

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, В)кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; С)математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; D)адамдардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, мүмкін болатын апаттар, төтенше жағдайлар, табиғи төтенше жағдайлар кезінде оларды қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдана білу қабілеттілігі; E)өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Электротехника

Бағдарлама авторы: Каниева Б.А.

Курсты оқытудың мақсаты: «Электротехника» курстың негізгі мақсаты студенттердің электротехникалық курсын оқып үйренулері тұрақты, айнымалы, үшфазалық токтын, трансформаторлардың, электр машиналардың және электрондық приборлардың жұмыс жасау принципін анықтау, электрлік жетектер, электрлік жабдықтар

Пәннің қысқаша мазмұны: электротехникалық курсын оқып үйренулері тұрақты, айнымалы, үшфазалық токтын, трансформаторлардың, электр машиналардың және электрондық приборлардың жұмыс жасау принципін анықтау, электрлік жетектер, электрлік жабдықтар

Пререквизиттері: Жоғары математика; физика

Постреквизиттері: Органикалық заттардың химиялық технологиясы; химиялық технологиялық процестерді басқару жүйелері; бақылау-өлшеу аспаптары және автоматтандыру; басқарудың автоматты жүйелері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Жаратылыстану бағытындағы пәндердің негізгі заңдарын кәсіби қызметте қолдану; В)математикалық анализ және модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу тәсілдерін; С)өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу; D)математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдарын, E)тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі.

Модуль 8.2 - Механика және графика негіздері

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Алифатты және циклді қосылыстар химиясы

Бағдарлама авторы: оқытушы Дузелбаева С.Д.

Курсты оқытудың мақсаты: Циклді қосылыстардың құрылысы мен қасиеттерін тереңірек қарастыру, олардың электрондық құрылысын органикалық молекулалардағы электрондық эффектілер мен химиялық байланыстардың негізінде қарастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Циклді қосылыстар туралы жалпы түсінік. Карбоциклді қосылыстардың жіктелуі, оның туындылары. Номенклатурасы және изомериясы. Алу жолдары. Физикалық және химиялық қасиеттері. Бесмүшелі және алтымүшелі гетероциклді қосылыстар.

Пререквизиттері: элементтер химиясы, бейорганикалық химияның теориялық негіздері

Постреквизиттері: ғылыми- педагогикалық ақпараттар іздеу әдістемесі, ЖМҚ химиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Циклді қосылыстардың химиялық қасиетінің ерекшелігін, синтездеуді және негізгі реакция механизмдерін білу; В)Циклді қосылыстарды синтездеуге арналған құрылыстарды жинай білуге; С)Циклді қосылыстарды атай білуге, қосылыстың құрылымы бойынша оның физика-химиялық қасиетін болжай білуге дағдылану; D)Ғылыми және анықтамалық әдебиеттерден алынған ақпараттарды талдай білу; E)Өздігінен білім алу және тәжірибе алмасу қабілетін дамыту.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Химиялық-технологиялық процестерді компьютерлік графикасы

Бағдарлама авторы - оқытушы Айкенова Н.Е., оқытушы Жакупова Г.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: МХӨТ мамандығын бітіруші студенттерге өндірістік компьютерлік жобалау негіздерін және процестерді модельдеу негіздерін үйрету

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі замандағы химиялық технология өндірістерді автоматты жобалау негіздері. Кеңістікте елестету. Конструкторлық құжаттарды компьютерлеп дайындау. Ақпараттық технология аймағында сауаттылық. Конструкциялық құжаттардың бірлік жүйесінің негізгі стандарт талаптары. Сызбалар салудың теориялық негіздері.

Пререквизиттері: Инженерлік графика; жалпы химиялық технология

Постреквизиттері: Деструктивті процестердің химиялық технологиясы; химиялық технологиялық процестерді басқару жүйелері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, В)кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; С)математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д)адамдардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, мүмкін болатын апаттар, төтенше жағдайлар, табиғи төтенше жағдайлар кезінде оларды қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдана білу қабілеттілігі; Е)өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Электротехника негіздері

Бағдарлама авторы: Каниева Б.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің электротехникалық курсы оқып үйренулері тұрақты, айнымалы, үшфазалық тоқтың, трансформаторлардың. Электр машиналардың және электрондық приборлардың жұмыс жасау принципін анықтау, электрлік жетектер, электрлік жабдықтар

Пәннің қысқаша мазмұны: электротехникалық курсы оқып үйренулері тұрақты, айнымалы, үшфазалық тоқтың, трансформаторлардың. электр машиналардың және электрондық приборлардың жұмыс жасау принципін анықтау, электрлік жетектер, электрлік жабдықтар

Пререквизиттері: Жоғары математика; физика

Постреквизиттері: Органикалық заттардың химиялық технологиясы; химиялық технологиялық процестерді басқару жүйелері; бақылау-өлшеу аспаптары және автоматтандыру; басқарудың автоматты жүйелері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Жаратылыстану бағытындағы пәндердің негізгі заңдарын кәсіби қызметте қолдану; В)математикалық анализ және модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу тәсілдерін; С)өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу; Д)математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдарын, Е)тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі.

Модуль 9.1 - Химиялық технология негіздері

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е).

Пәннің атауы: Техникалық талдау

Бағдарлама авторы – х.ғ.к., аға оқытушы Сұлтамұратова З.Б., оқытушы Айкенова Н.Е.

Курсты оқытудың мақсаты: Шикізат пен дайын өнімнің сапасы мен құрамын зерттеудің физика-химиялық тәсілдерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бейорганикалық заттар өндірісінің өнімдері мен шикізат сапасын бақылауды өткізудің физика-химиялық тәсілдері және оларды пайдалану мүмкіндіктері. Шикізат сапасын бақылауды өткізудің физика-химиялық тәсілдерін тәжірибеде қолданылу салалары. Шикізат пен өнім сапасын бақылау процесі. Зерттеудің физика-химиялық тәсілдерінің маңыздылығы.

Пререквизиттері: Мамандыққа кіріспе; бейорганикалық химия; физикалық химия

Постреквизиттері: хром қосылыстарының химиялық технологиясы; шынының химиялық технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттің меңгеруге тиісті негізгі түсініктері, білімдері, біліктіліктері және дағдылары; В)мұнай, газ, көмір және негізгі органикалық топтардың қосылыстарының сандық анықтау бақылауының физика-химиялық тәсілдермен орындауын; принциптері бойынша түсініктерін ғылым–физикалық химия туралы;тәжірибе өткізу мен нәтижелерді дұрыс математикалық есептеуді;анализдердің қазіргі замағы физика-химиялық тәсілдерін, соның ішінде оптикалық, электрохимиялық және хроматографиялық тәсілдерін білу; С)ерітіндегі және жалпы анықталатын үлгідегі зерттелетін затты есептеуге арналған химиялық және физикахимиялық анализ тәсілінің жүргізу үшін қолданатын ерітінділердің керекті концентрациясымен дайындау; зерттелетін заттардың мөлшерін анықтауға қажетті эквиваленттердің молярлық, молярлық, титр концентрацияларын есептеу формулаларын қолдану;өнімдерді, жартылай өнімдерді және өндеу шикізатын аналитикалық бақылау процестеріндегі мұнай, газ, көмір және органикалық заттар компонентерін сапалық пен сандық анализдеріне арналған зерттеулердің физика-химиялық тәсілдерін. Д)Лабораториялық аналитикалық бақылау жағдайларында зерттелетін заттың мөлшерін фотоколориметрлік, кондуктометрлік, потенциометрлік және хроматографиялық анализ тәсілдермен анықтауды; Е)Зерттелетін

өлшендідегі анықталатын заттарды табуға арналған сандық есептеу формуларын қолдануды; лабораториялық аспаптармен жұмыс істеуді; физика-химиялық әдістерінің орындау техникасын игеруді

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е).

Пәннің атауы: Химиялық инженерия негіздері (ағылшын тілінде)

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Тастанова Л.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Oil has been used for lighting purposes for many thousands of years. In areas where oil is found in shallow reservoirs, seeps of crude oil or gas may naturally develop, and some oil could simply be collected from seepage or tar ponds. The oil and gas industry facilities and systems are broadly defined, according to their use in the oil and gas industry production stream. Currently the oil and gas industry is booming. Those with the proper education, training and experience stand to make a substantial living in today's economy. A course in oil and gas helps to provide individuals with the education needed to prepare for such a career.

Пәннің қысқаша мазмұны: Technological basis of the physical processing of gases by adsorption, absorption and compression methods. Schemes of dehydration and desalting of oils. Direct distillation of oil at atmospheric and atmospheric vacuum installations. Secondary distillation of gasoline. Extractive and azeotropic distillation. Absorption separation of gas components, the release of aromatic hydrocarbons, n-paraffins, resinous substances from petroleum fractions.

Пререквизиттері: Органикалық химия, Жалпы және бейорганикалық химия

Постреквизиттері: Мұнай өндеудегі катализ, Органикалық заттардың химиясы мен физикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) understand the social significance of their future profession; В) have a high motivation to engage in professional activities; С) the ability to know the laws and methods of mathematics, natural Sciences, Humanities and Economics in solving professional problems; Д) the ability to apply the main ways to ensure the safety of people's lives, protect them in case of possible accidents, emergencies, natural emergencies; Е) the ability to apply legal documents in their activities;

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Жалпы химиялық технология

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Махамбетова Ж.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Тиімділігі жоғары химиялық-технологиялық жүйе туралы мағлұмат беру, физика-химиялық құбылыстар мен тасымалдау заңдылықтарына негізделген ХТ процестерді математикалық модельдеудің негізгі әдістерін үйрету, ХТП мен жүйелерді талдау және синтездеу барысында қолданылатын ассоциативтік инженерлік химиялық-технологиялық ой-өріс пен білімдерін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Маңызды технологиялық түсініктер мен анықтамалар. Химиялық технологиядағы заңдылықтар мен әдістер. Химиялық өндірістегі энергетика. Химиялық өнеркәсіптегі шикізат. Өндірістік процестер. Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу. Байланысқан азот технологиясы. Күкірт қышқылын өндіру. Фосфор және фосфор қышқылдарын өндіру. Тұздар және тыңайтқыштар технологиясы. Алюминий өндірісі. Хлор және сілті өндірісі. Органикалық қосылыстардың технологиясы. Жоғары молекулалық қосылыстардың технологиясы. Пластмассаларды өндірісі. Каучуктер өндірісі

Пререквизиттері: Бейорганикалық химия, физикалық химия, органикалық химия, Экология және тұрақты даму, МГК химиясы мен физикасы.

Постреквизиттері: ХӨ ақпараттық технологиялар, ХӨ еңбекті қорғау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, В) кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; С) математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д) адамдардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, мүмкін болатын апаттар, төтенше жағдайлар, табиғи төтенше жағдайлар кезінде оларды қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдана білу қабілеттілігі; Е) өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу;

Модуль 9.2 - Химиялық реакторлар және өнім сапасын бақылау

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Шикізат пен өнім сапасын бақылау

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Жаумитова Г.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Шикізат пен өнім сапасымен таныстыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Кіріспе. Ғылым және ғылыми зерттеу. Ғылыми зерттеулер тақырыптары. Ғылыми зерттеулер методологиясы. Ғылыми зерттеулерді енгізу және олардың эффективтілігі. Патенттер мен лицензиялар және оларды енгізудің эффективтілігі. Патенттер мен лицензияларды рәсімдеу талаптары мен ережелері. Шикізат пен өнімнің инструменталдық анализ әдістерінің жаңа әдістемелік түрлеріне көңіл қойылған және зерттеулер нәтижелерін патенттеу және лицензиялаудан өткізу. Патентті ізденіс, химиялық өндіріс саласындағы ғылыми жаңалықтарының және жаңадан ашылғандардың ролі.

Пререквизиттері: Бейорганикалық химия, Аналитикалық химия, Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттері: ХТП басқару жүйелері, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; В)математика, жаратылыстану, С)гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; D)өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу; қондырғының технологиясы мен аппараттарын, өлшеу-бақылау аспаптарын және автоматикасын ажырата білу; E)қауіпсіздік техникасы мен өртке қауіпсіздігі техникасының нормалары мен ережелері талаптарын; цехта және қондырғыда өткізілетін азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларын.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Химиялық технологияға кіріспе (ағылшын тілінде)

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Тастанова Л.К.

Курсты оқытудың мақсаты: The advanced petroleum refining training course covers the technology aspects of refineries from the properties and composition of crude oil to the core refining processes including atmospheric and vacuum crude oil distillation, hydrotreating, catalytic reforming, FCC, alkylation, hydrocracking, delayed coking, amine treating and sulfur recovery and gasoline/diesel blending.

The petroleum refining course is designed to make up for the shortage of qualified engineers, technicians, and operators in the petroleum industry. Such training will definitely help students accomplish better results in their future units when they know how other units (before and after) work.

Пәннің қысқаша мазмұны: Technological basis of the physical processing of gases by adsorption, absorption and compression methods. Schemes of dehydration and desalting of oils. Direct distillation of oil at atmospheric and atmospheric vacuum installations. Secondary distillation of gasoline. Extractive and azeotropic distillation. Absorption separation of gas components, the release of aromatic hydrocarbons, n-paraffins, resinous substances from petroleum fractions.

Пререквизиттері: Органикалық химия, Жалпы және бейорганикалық химия

Постреквизиттері: Мұнай өндеудегі катализ, Органикалық заттардың химиясы мен физикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)understand the social significance of their future profession; В)have a high motivation to engage in professional activities; C)the ability to know the laws and methods of mathematics, natural Sciences, Humanities and Economics in solving professional problems; D)the ability to apply the main ways to ensure the safety of people's lives, protect them in case of possible accidents, emergencies, natural emergencies; E)the ability to apply legal documents in their activities;

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Химиялық реакторлар

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Бекетова Г.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты: ХТ процестерінде қолданылатын пештер мен реакторлар, оларды жобалау әдістерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны:Пластикалық массалар синтезінің қазіргі заманғы тәсілдері. Отын-комплекс жағдайы мен оның даму перспективаларын. Экологиялық таза отындық фракциялар өндеудің негізгі тенденциялары. МӨЗ қазіргі заманғы жағдайы мен комбинирленген қондырғыларының даму перспективалары. Қондырғыларда қолданылатын химиялық реакторлар мен пештерді есептеу мен негіздеу принциптері.

Пререквизиттері: Гидромеханикалық процестер; масса және жылу алмасу процестері

Постреквизиттері: Материалтану; өндірістік құрылыс негіздері; жобалау негіздері және зауыттарды жабдықтау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттің меңгеруге тиісті негізгі түсініктері, білімдері, біліктіліктері және дағдылары: түсінігі болуға: арнайы бөлімдерде мұнай, газ және органикалық заттарды өңдеу технологиясында қолданылатын реакторлар мен пештердің классификациясынан; отын мен майлардың, арнайы мұнай өнімдерінің негізгі сипаттамасы мен тағайындалуына байланысты пештер мен реакторларды таңдау принциптерінен; технологиялық жүйені тұрғызу және технологиялық процестерді жобалау принциптерінен; білуге және қолдануға: технологиялық схемаларды құру принциптерін; мұнай және мұнай өнімдерін, мұнай химиялық шикізатты химиялық және инструменттік зерттеу әдстерін және олардың сапасын тексеруді; В)Дағдылануға: таңдалған химиялық реакторлар мен пештердің өндірістік тиімділігіне талаптарды білу керек; С)Технологиялық жобалауды, есептеу жүргізуді; стандартты және қосымша жабдықтарды таңдау. D)Оларды дұрыс пайдалануды; E)Тиімді технологиялық, экономикалық, экологиялық шешімдерді қабылдауды міндетті.

6B07105-Химиялық инжиниринг

3 курс

Қабылдау жылы: 2020 ж.

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 10.1 - Бейорганикалық және органикалық заттар технологиясының теориялық негіздері, 15 кредит				
БП ТК	BZHТТN 3214	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясының теориялық негіздері	5	5
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	OZTTN 3302	Органикалық заттар технологиясының теориялық негіздері	5	5
Модуль 10.2 - Бейорганикалық және органикалық заттар технологиясының физика-химиялық негіздері, 15 кредит				
БП ТК	BZTFHN 3214	Бейорганикалық заттар технологиясының физика-химиялық негіздері	5	5
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	OKMTTN 3302	Отын және көмірсутекті материалдар технологиясының теориялық негіздері	5	5
Модуль 11.1 - Еңбекті қорғау және химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары, 15 кредит				
БП ЖК	НОЕК 3215	Химия өнеркәсібіндегі еңбекті қорғау	5	5
БП ТК	HONPA(1) 3216	Химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары - 1	5	5
БП ТК	HONPA(2) 3217	Химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары -2	6	5
Модуль 11.2 - ХӨ процестері және еңбекті қорғау, 15 кредит				
БП ЖК	НОЕК 3215	Химия өнеркәсібіндегі еңбекті қорғау	5	5
БП ТК	HOГMPA 3216	Химия өндірістерінің гидравликалық және механикалық процестері мен аппараттары	5	5
БП ТК	HOZhMPA 3217	Химия өнеркәсібіндегі жылу- және массаалмасу процестері мен аппараттары	6	5
Модуль 12 - Минералды шикізатты өңдеу технологиясы мен процестері, 15 кредит				
КП ЖК	KShOT 3303	Көмірсутекті шикізатты өңдеу технологиясы	5	5
КП ЖК	PMHT 3304	Пластикалық массалар химиялық технологиясы	6	5
КП ЖК	BZHT 3305	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	6	5
Модуль 13.1 - Өндірістік құрылыс және өндірісті ұйымдастыру, 15 кредит				
БП ТК	KEOU 3218	Кәсіпорын экономикасы және өндірісті ұйымдастыру	6	5
БП ЖК	OPS 3219	Өндірістік құрылыс негіздері	6	5
КП		Өндірістік практика	6	5
Модуль 13.2 - Химия өнеркәсібінде жоспарлау және құрылыс, 11 кредит				
БП ТК	HOZh 3218	Химия өнеркәсібінде жоспарлау	6	5
БП ЖК	OKN 32319	Өндірістік құрылыс негіздері	6	5
КП		Өндірістік практика	6	5

Модуль 10.1 - Бейорганикалық және органикалық заттар технологиясының теориялық негіздері

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясының теориялық негіздері

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Тастанова Л.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің технологиялық процестерін теориясын білулері мен жеке заттар мен жалпы химиялық жүйелердің физикалық-химиялық және термодинамикалық параметрлерін, химиялық әрекеттесулердің жүру дәрежелері мен жылдамдықтарын, өнімнің теориялық және нақты шығымдарын, химиялық процестердің термодинамикалық параметрлерін есептеу қабілеттерін дамыту; болашақ мамандарды термодинамикалық талдау әдістерінің теориясын меңгеріп, оны өндірістік процестерді технологиялық тәсілдерін жасау, жетілдіру, жобалау және пайдалану барысында іс жүзінде қолдануға машықтандыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: термодинамикалық процестердің негізгі заңдылықтары, химиялық-технологиялық процестердің негізгі заңдылықтары, физикалық химия, химиялық термодинамика және химиялық кинетиканың негізгі түсініктері мен әдістері.

Пререквизиттері: Бейорганикалық химия, Жоғары математика, Физика, Физикалық химия

Постреквизиттері: Негізгі ХТПА, Бейорганикалық заттардың ХТ, минералды тыңайтқыштардың ХТ

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; В)Математика, жаратылыстану, С)Гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д)Өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу; қондырғының технологиясы мен аппараттарын, өлшеу-бақылау аспаптарын және автоматикасын ажырата білу; Е)Қауіпсіздік техникасы мен өртке қауіпсіздігі техникасының нормалары мен ережелері талаптарын; цехта және қондырғыда өткізілетін азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларын.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Органикалық заттар технологиясының теориялық негіздері

Бағдарлама авторы - аға оқытушы, х.ғ.к. Апендина А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің мұнай, газ, көмір, резина қоспаларын, пластмассалар мен сырлы-лақты материалдардың өңдеу әдістері мен теориялық негіздерін оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Газ тәрізді, сұйық және қатты түрдегі шикізаттарды дайындау мен өндеудің ғылыми негіздері. Мұнай, газ және көмірді өндеудің физика-химиялық, термодеструктивті, термототығу, каталитикалық процестердің теориялық негіздері.

Пререквизиттері: Органикалық химия; жалпы химиялық технология; физикалық химия

Постреквизиттері: Органикалық заттардың химиялық технологиясы; органикалық, мұнайхимиялық өндіріс технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, В)Кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; С)Математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д)Адамдардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, мүмкін болатын апаттар, төтенше жағдайлар, табиғи төтенше жағдайлар кезінде оларды қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдана білу қабілеттілігі; Е)Өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу.

Модуль 10.2 - Бейорганикалық және органикалық заттар технологиясының физика-химиялық негіздері

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Бейорганикалық заттар технологиясының физика-химиялық негіздері

Бағдарлама авторы: х.ғ.к. Тастанова Л. К.

Курсты оқытудың мақсаты: пәннің мақсаты болып студенттердің технологиялық процестерін теориясын білулері мен жеке заттар мен жалпы химиялық жүйелердің физикалық-химиялық және термодинамикалық параметрлерін, химиялық әрекеттесулердің жүру дәрежелері мен жылдамдықтарын, өнімнің теориялық және нақты шығымдарын, химиялық процестердің термодинамикалық параметрлерін есептеу қабілеттерін дамыту; болашақ мамандарды термодинамикалық талдау әдістерінің теориясын меңгеріп, оны өндірістік процестерді технологиялық тәсілдерін жасау, жетілдіру, жобалау және пайдалану барысында іс жүзінде қолдануға машықтандыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: термодинамикалық процестердің негізгі заңдылықтары, химиялық-технологиялық процестердің негізгі заңдылықтары, физикалық химия, химиялық термодинамика және химиялық кинетиканың негізгі түсініктері мен әдістері.

Пререквизиттері: Бейорганикалық химия, жоғары математика, физика, физикалық химия

Постреквизиттері: Бейорганикалық заттардың химиясы және технологиясы, саздыжер және силикатты материалдардың химиялық технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; В) математика, жаратылыстану, С) гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д) өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу; қондырғының технологиясы мен аппараттарын, өлшеу-бақылау аспаптарын және автоматикасын ажырата білу; Е) қауіпсіздік техникасы мен өртке қауіпсіздігі техникасының нормалары мен ережелері талаптарын; цехта және қондырғыда өткізілетін азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларын.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е).

Пәннің атауы: Отын және көмірсутектік материалдар химиялық технологиясының теориялық негіздері

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Сұлтамұратова З.Б., аға оқытушы Махамбетова Ж.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге отын және көмірсутектік материалдар химиялық технологиясының теориялық негіздерін оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Отын және көмірсутектік материалдар мен олардың өндеу өнімдерін даярлау мен бөлудің физикалық әдістерінің теориялық негіздері. Отын және көмірсутектік материалдар химиялық технологиясы процестерінің және тауарлы өнім алудың физика-химиялық процестерінің ғылыми негіздері. Отын

және көмірсутектік материалдарды өңдеу өнімдерінің термодеструкциялық өзгерістері, термо-тотығу процестері, каталикалық процестер.

Пререквизиттері: Жалпы химиялық технология, Инженерлік экология

Постреквизиттері: Өндірістік жобалау және химиялық өндірістер кәсіпорындарын жабдықтау; мұнай шикізаттарының құрылымын өзгертіп өңдейтін процестердің химиялық технологиясы;

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, В)кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; С)математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; Д)адамдардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, мүмкін болатын апаттар, төтенше жағдайлар, табиғи төтенше жағдайлар кезінде оларды қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдана білу қабілеттілігі; Е)өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу.

Модуль 11.1 - Еңбекті қорғау және химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е).

Пәннің атауы: Химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары-1

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Тастанова Л.К.

Курсты курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге арнайы пәндері әрі қарай оқытуға және өндіріс жағдайларында, ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында техниктехнолог ретінде кәсіптік қызметін жалғастыруға қажетті білім беру.

Курстық негізгі міндеттері химиялық технологияның негізгі процестерінің, осы процестерді жүргізуге қолданылатын химиялық өнеркәсіп аппараттарын есептеу әдістері мен орнату принциптерінің теориялық негіздерін зерттеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің бірінші бөлімінде теориялық және қолданбалы есептерді шешу тәсілдерінің методологиялық негіздері, негізгі процестердің механизмдерін талдау, олардың химиялық аппараттарда өтуінің жалпы заңдылықтары қарастырылады және процестер мен аппараттарды есептеу мен модельдеудің жалпылама әдістері айқындалады. Пәннің екінші бөлімі химиялық технологияның процестерінің теориялық негіздерінің инженерлік және қолданбалы мәселелерін қарастыратын үш негізгі тарауды қамтиды: гидромеханикалық процестер мен аппаратура, жылу процестері мен аппараттары, массаалмасу процестері мен аппараттары.

Пререквизиттері: Физикалық химия; мамандыққа кіріспе; жалпы химиялық технология.

Постреквизиттері: Инженерлік экология, Жобалау негіздері және кәсіпорын жабдықтары

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; В) математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; С) өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу; қондырғының технологиясы мен аппараттарын, өлшеу-бақылау аспаптарын және автоматикасын ажырата білу; Д) қауіпсіздік техникасы мен өртке қауіпсіздігі техникасының нормалары мен ережелері талаптарын; Е) цехта және қондырғыда өткізілетін азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларын; қондырғыда жұмыс істеудің қазіргі заманғы тәжірибелерін білу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е).

Пәннің атауы: Химия өндірістерінің негізгі процестері мен аппараттары-2

Бағдарлама авторы: доцент, х.ғ.к. Тастанова Л.К.

Курсты курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге арнайы пәндері әрі қарай оқытуға және өндіріс жағдайларында, ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында техниктехнолог ретінде кәсіптік қызметін жалғастыруға қажетті білім беру.

Курстық негізгі міндеттері химиялық технологияның негізгі процестерінің, осы процестерді жүргізуге қолданылатын химиялық өнеркәсіп аппараттарын есептеу әдістері мен орнату принциптерінің теориялық негіздерін зерттеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің бірінші бөлімінде теориялық және қолданбалы есептерді шешу тәсілдерінің методологиялық негіздері, негізгі процестердің механизмдерін талдау, олардың химиялық аппараттарда өтуінің жалпы заңдылықтары қарастырылады және процестер мен аппараттарды есептеу мен модельдеудің жалпылама әдістері айқындалады. Пәннің екінші бөлімі химиялық технологияның процестерінің теориялық негіздерінің инженерлік және қолданбалы мәселелерін қарастыратын үш негізгі тарауды қамтиды: гидромеханикалық процестер мен аппаратура, жылу процестері мен аппараттары, массаалмасу процестері мен аппараттары.

Пререквизиттері: Физикалық химия; мамандыққа кіріспе; жалпы химиялық технология.

Постреквизиттері: Инженерлік экология, Жобалау негіздері және кәсіпорын жабдықтары

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметпен айналасуға жоғары мотивациясы бар болуы тиіс; В) математика, жаратылыстану, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар заңдары мен тәсілдерін кәсіби мәселелерді шешу кезінде білу қабілеттілігі; С) өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білу; қондырғының технологиясы мен аппараттарын, өлшеу-бақылау аспаптарын және автоматикасын ажырата білу; Д) қауіпсіздік техникасы мен өртке қауіпсіздігі

техникасының нормалары мен ережелері талаптарын; Е) цехта және қондырғыда өткізілетін азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларын; қондырғыда жұмыс істеудің қазіргі заманғы тәжірибелерін білу.

Модуль 11.2 - Химия өндірістерінің процестері және еңбекті қорғау

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Химия өндірістерінің гидравликалық және механикалық процестері мен аппараттары

Бағдарлама авторы - х.ғ.к. доцент Тастанова Л. К., аға оқытушы Бекетова Г. К.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерге гидромеханикалық аппараттар және процестер негіздерін оқыту, гидромеханикалық аппараттарды таңдай және есептей білуге үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Химиялық аппараттардағы қолданбалы гидравликаның жалпы мәселелері. Гидростатиканың негізгі теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Гаген-Пуазейль теңдеуі. Құбырлар мен аппараттардың гидравликалық кедергісі. Газдар мен сұйықтардың мөлшерін анықтау. Сұйықтың қозғалыссыз түйіршікті қабаттар және кеуекті кедергілер арқылы қозғалысы. Жалған сұйылу қабатының гидродинамикасы. Пневмотранспорт. Сұйық орталарда араластыру. Араластырудың түрлері. Араластырудың қарқындылығы және тиімділігі. Механикалық араластыру. Сұйықтың араластырғышы бар аппараттарда қозғалысы. Араластыруға жұмсалған энергия шығыны. Араластырғыштардың конструкциялары, олардың сипаттамасы және таңдау. Пневматикалық араластыру. Газ шығынын және қысымын анықтау. Циркуляциялық араластыру. Сұйықтарды тасымалдау. Насостардың классификациясы (көлемдік және динамикалық). Насостардың негізгі параметрлері: өнімділік, тегеуірін, энергия шығыны, п.э.к.

Пререквизиттері: Физикалық химия; Аналитикалық химия

Постреквизиттері: Хром қосылыстарының химиялық технологиясы, Өндірістік құрылыс негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттердің меңгеруге тиісті негізгі түсініктері, білімдері, біліктіліктері және дағдылары: химия өнеркәсібіндегі гидромеханикалық процестердің теориялық негіздері туралы; В) гидромеханикалық процестердің негізгі машиналары мен механизмдері туралы-гидромеханикалық процестердің жалпы заңдылықтары туралы; С) араластырудың өнеркәсіптік тәсілдерін, Д) фильтрлеу аппараттарының, машиналары мен механизмдерінің конструкцияларын және олардың жұмыс істеу принципін. химия өнеркәсібінің негізгі машиналар мен механизмдерді жобалауды; Е) процестерге техника–экономикалық негіздей білуге

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Химия өнеркәсібіндегі жылу- және масса алмасу процестері мен аппараттары

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Бекетова Г.К.

Курсты оқытудың мақсаты: - студенттерге арнайы пәндерді әрі қарай оқытуға және өндіріс жағдайларында, ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында техник-технолог ретінде кәсіптік қызметін жалғастыруға қажетті білім беру

Пәннің қысқаша мазмұны: Масса алмасу процестері туралы жалпы мәліметтер. Химиялық технологиядағы масса алмасу процестерінің маңызы. Масса алмасу процестерінің түрлері және жалпы сипаттамасы. Бұл процестердің экологиялық проблемаларды шешудегі маңызы. Фазалар арасындағы еркін шекаралар (газ, бусұйық, сұйық-сұйық) жүйелердегі масса алмасудың негіздері. Химиялық аппараттардан жылу алып кетудің өндірістік тәсілдері. Абсорбция. Сұйықтарды айдау. Сұйықтық экстракция.

Пререквизиттері: Гидромеханикалық процестер; Химиялық реакторлар

Постреквизиттері: Химиялық-технологиялық процестерді басқару жүйелері; Бейорганикалық заттар өндірісін жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттердің меңгеруге тиісті негізгі түсініктері, білімдері, біліктіліктері және дағдылары: В) химия өнеркәсібіндегі жылуалмасу және массаалмасу процестерінің теориялық негіздері туралы;-жылуалмасу және массаалмасу процестерінің негізгі машиналары мен механизмдері туралы-жылуалмасу және массаалмасу процестерінің жалпы заңдылықтары туралы; С) жылу берудің және алып кетудің өнеркәсіптік тәсілдерін,-жылуалмасу және массаалмасу аппараттарының, Д) машиналары мен механизмдерінің конструкцияларын және олардың жұмыс істеу принципін. Е) химия өнеркәсібінің негізгі машиналар мен механизмдерді жобалауды; процестерге техника–экономикалық негіздей білуге

Модуль 13.1 - Өндірістік құрылыс және өндірісті ұйымдастыру

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Кәсіпорын экономикасы және өндірісті ұйымдастыру

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, PhD Абилова Г.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Шикізат және энергетикалық ресурстарды берілген өндіріс үшін тиімді таңдай және пайдалана білуді, кәсіпорын эконмикасының құрылымын және басқа элементтермен байланысын, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру әдістерін және басқару түрлерін оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: ҚР экономикасының дамуына сипаттама Кәсіпкерлік түсінігі. Кәсіпкерлік іс-әрекет мәні. Кәсіпкерлер мен кәсіпорын мақсаттары. Кәсіпорынның мүлкі және капиталы. Негізгі капитал түсінігі. Өнеркәсіптік негізгі қорлардың құрамы мен құрылымы. Негізгі өндірістік қорларды есепке алу және бағалау. Негізгі өндірістік қорлардың физикалық және моральды тозуы. Амортизация және оны орнату әдістері, нормалар. Кәсіпорында өндірістік процесті ұйымдастыру. Процестерді ұйымдастыру тәсілдері. Шикізат және материал ресурстары. Өнеркәсіптік кәсіпорынның айналмалы капиталы. Еңбек ресурстары. Кадрлар. Еңбек өнімділігі және кәсіпорындағы жұмысшылар санын жоспарлау. Еңбек ақы.

Кәсіпорын жұмысының тиімділігін бағалау.

Пререквизиттері: Бейорганикалық заттар химиясы және технологиясы; еңбекті қорғау

Постреквизиттері: магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Шикізат және энергетикалық ресурстар; шикізат пен өнім сапасы, бәсекелестік қабілетіне қойылатын талаптар; В) Кәсіпорын экономикасының құрылымы; кәсіпорын экономикасының басты элементтерімен байланысы; С) Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру әдістерін және басқару түрлерін; қазіргі қорларын амортизациялық аударымдарын анықтау; техника-экономикалық көрсеткіштерді есептеу және жақсарту жолдарын; Д) Объекттердің сапалық және сандық сипаттамаларын салыстыру; сипаттамаларымен салыстыру үшін математикалық өрнектеулерді; Е) Таңдалаған өндірістік тәсілді, экономикалық негіздерді студент міндетті

Модуль 13.2 - Химия өнеркәсібінде жоспарлау және құрылыс

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Химия өнеркәсібіндегі жоспарлау

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Бекетова Г.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Техника-экономикалық көрсеткіштерді есептеу және жақсарту жолдарын, кәсіпорын экономикасының құрылымын және басқа элементтермен байланысын үйрету

